ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

«Біріңді, қазақ, бірің дос,
Көрмесең, істің бәрі бос!»

12+

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

№44 (4043), 6 қараша, 2026 жыл

www.qazaqadebieti.kz



Көрнекті әдебиет зерттеушісі, публицист, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Сауытбек АБДРАХМАНОВ

75 жаста

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ПЕН ӨНЕР САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚТЫ БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Вице-президент Ерлан Қариннің төрағалығымен 2026 жылғы Қазақстан Республикасының Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның қорытынды отырысы өтті.



Зиялы қауымның беделді өкілдерінен құралған комиссия мүшелері әдебиет, театр, музыка және бейнелеу өнері салалары бойынша Мемлекеттік сыйлықты беру жөніндегі конкурстың екінші кезеңіне өткен 7 жұмысты қарады.

Мәдениет және ақпарат министрі Арман Қырықбаев ұсынылған еңбектердің қоғамдағы талқылану барысы туралы баяндама жасады.

Комиссия дауыс беру қорытындысы бойынша 2026 жылғы Қазақстан Республикасының Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлығына ұсынылған туындыларға қатысты ортақ келісімге келе алмады. Сондай-ақ отырыс барысында Комиссия қызметін жетілдіру, атап айтқанда, жұмыстарды бағалау шарттарын қайта қарау, сараптамалық сүйемелдеу тетіктерін жетілдіру және конкурстық іріктеу рәсімдерін жүйелеу ұсынылды.

Осылайша, биыл Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық берілмейтін болды.

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ» СҮЙЕНЕРІ – ОҚЫРМАН. ОҚЫРМАННЫҢ СҮЙІП ОҚИТЫН ГАЗЕТІ – «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ»

Газеттің индексі: жеке жазылушылар үшін – **65353;** мекемелер мен ұйымдар үшін – **15353**

Баспасөз-2027

«Қазпошта» АҚ бойынша

Жеке жазылушыларға: Қалаларда:	Аудандар мен ауылдарда:	Кәсіпорындар мен ұйымдарға: Қалаларда:	Аудандар мен ауылдарда:
1 айға – 1313, 51 т.	**1 айға** – 1291,82 т.	**1 айға** – 2756,22 т.	**1 айға** – 2482,82т.
3 айға – 3940,53 т.	**3 айға** – 3875,46 т.	**3 айға** – 8268,66 т.	**3 айға** – 7448,46 т.
6 айға – 7881, 06 т.	**6 айға** – 7750, 92 т.	**6 айға** – 16 537,32 т.	**6 айға** – 14 896,92 т.
12 айға – 15 762,12 т.	**12 айға** – 15 501,84 т.	**12 айға** – 33 074,64 т.	**12 айға** – 24 793,84 т.



ТҰҢҒЫШ ТЯНЬ-ШАНЬ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫ

21–23 қазанда Бейжіңде «Қытай – Орталық Азия әдебиетінің I Тянь-Шань» форумы өтті. Халықаралық жиынға Қытай мен Орталық Азияның бес елінен белгілі ғалымдар мен әдебиеттанушылар қатысты.

Халықаралық форум Қытай қоғамдық ғылымдар академиясының мәжіліс залында өтті.Алғашқы пленарлық мәжілісті Қытай қоғамдық ғылымдар академиясының Этникалық әдебиеттер институтының директоры Андэ Мин ашып,оның орынбасары Лю Дасянь бастап жүргізді.

Ұлттар әдебиеті теориясы бөлімінің меңгерушісі И На жүргізген пленарлық мәжілісте Қырғыз мәдениет және өнер ұлттық университетінің профессоры Үміт Құлтаева «Рухани резонанс:Конфуций және Қырғызстан жазушылары», Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының Бас директоры, ф.ғ.д., профессор Дүкен Мәсімханұлы «Мұхтар Әуезов пен Лу Шүн шығармашылығындағы сыни дәстүр мен әдеби жаңашылдық», Қытай қоғамдық ғылымдар академиясы Этникалық әдебиеттер институтының ғылыми қызметкері Адыл Жұматұрды «Тао Ян және қытай манастануындағы дереккөздік негіздердің көрінісі», Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы Өзбек тілі, әдебиеті және фольклоры институтының директоры Жаббор Ешанқұлов «Бақсы орындаушылық өнері өзбек халық дәстүрлері контексінде» деген тақырыптарда баяндамалар жасады.Түстен кейінгі мәжілісте Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінің проректоры Садық Алахан «Манас» эпосының прозалық аудармаларының ерекшеліктері»,Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі Бауыржан Жақып «Мұхтар Әуезовтің «Манас» эпосы туралы зерттеулері», Қарақалпақстан мемлекеттік университетінің профессоры Құбаныч-бай Оразмамбет «Орталық Азиядағы түркі халықтарының әдебиеті», Қарақалпақ мемлекеттік университеті қарақалпақ филологиясы мен журналистикасы факультетінің деканы Қонақбай Тұрдыбаев «Ибрайм Юсупов поэзиясындағы қырғыз-қарақалпақ достығы»,Қытай қоғамдық ғылымдар академиясы Ұлттар әдебиеті институтының кіші ғылыми қызметкері Тұрсынай Тулак «Ұйғыр дастандарының қазіргі трансформациясы және дамуы», Қырғыз ұлттық университетінің профессоры Венера Ахматова «Әдеби антропология:Шыңғыс Айтматов шығармашылығындағы экзистенциализм» атты тақырыптарда мазмұнды баяндамалар жасады.

Жалпы саны 47 ғалым қатысқан форумда профессор Дүкен Мәсімханұлының қытай тілінде жасаған «Мұхтар Әуезов және Лу Шүн: ұлттық дәстүрге сыни көзқарас және әдебиеттегі жаңашылдық» атты баяндамасы жоғары бағаланды.

Конференцияның жабылу рәсімінде ғылыми қорытынды жасаған Қытай қоғамдық ғылымдар академиясы Этникалық әдебиеттер институты директорының орынбасары, профессор Лю Дасянь қазақстандық ғалым Д.Мәсімханұлының баяндамасын арнайы атап өтті. «Бұл жолғы конференциядағы елеулі жаңалықтардың бірі – қытай жазушысы Лу Шүн мен Қазақ елінің ұлы қаламгері Мұхтар Әуезовтің шығармашылығын салыстырған баяндама болды.Бұл салыстырудың маңызы – екі жазушының шығармашылығындағы ұқсастықтарды анықтаумен ғана шектелмей, әр халықтың әдеби жаңғыру тәжірибесін өз тарихи-мәдени болмысымен сабақтастыра қарастыруында. Ұлттық мұраны жаңаша бағамдау, қоғамның рухани ізденістерін көркем әдебиет арқылы таныту, дәстүр мен жаңашылдықтың арақатынасын зерделеу сияқты мәселелер қазақ және қытай әдебиеттерін өзара байланыстыра зерттеудің кең мүмкіндігін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, Мұхтар Әуезов пен Лу Шүн шығармашылығын салыстыру екі елдің әдеби мұрасын тереңірек тануға әрі әдебиеттанудағы ғылыми сұхбатты дамытуға негіз болады», – деді ол. Бұл пікір Дүкен Мәсімханұлы ұсынған салыстырмалы зерттеудің ғылыми маңызын айғақтап, қазақ-қытай әдеби байланыстарын жаңа қырынан зерделеуге деген қызығушылықты арттыра түсті.

ҚР ҰҒА академигі Б.Жақыптың «Мұхтар Әуезовтің қырғыз эпосы «Манас» туралы зерттеулері» деген тақырыптағы баяндамасы да қатысушылардың назарын айырықша аударды. Әсіресе қазақтың ұлы жазушысының қырғыз халқының «Манас» эпосын 1928 жылдан бастап 1952 жылға дейін зерттеген еңбектерінің мән-маңызының зор екеніне ғылыми қауым дән разы болды.

Форумда профессор Андэ Мин, Ли Вэйцзянь, Адыл Жұматұрды, Жаббор Эшонқұлов, Үміт Құлтаева, Сунь Лэй, Долокен, Мамметайша Маметтурхан, Бахдолет Муназил,Ми Яньцин, т.б. ғалымдар әдеби мұра, эпостану және мәдени байланыстар мәселелерін талқылады. Сондай-ақ Тао Янның ғылыми еңбегі мен Конфуцийдің рухани мұрасы қарастырылды.

Үш ғылыми секцияда әдебиеттердің өзара ықпалдастығы, эпикалық дәстүр және мәдени мұраны цифрландыру мәселелері талқыланды.

Бұл халықаралық басқосу қазақ әдебиеттануы мен шығыстану ғылымының беделін арттырып, Қазақстан мен Қытай арасындағы ғылыми-мәдени ынтымақтастықты нығайтуға жол ашты.

Тянь-Шань форумы жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп тұратындығы хабарланды.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қазақстан Республикасының Вице-президенті Ерлан Қарин Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының Төрағасы Мереке Құлкеновпен кездесті.



Кездесу барысында Қазақстан Жазушылар одағының алдағы кезеңге арналған жоба-жоспарлары, отандық әдебиеттің бүгінгі ахуалы мен даму перспективалары талқыланды. Сондай-ақ қазақ әдебиетін қолдау, ұлттық әдебиеттің халықаралық деңгейде насихатталуы, жас қаламгерлердің шығармашылығына қолайлы жағдай жасау және әдеби үдерісті дамыту бағытындағы өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Кездесуде ұлттық әдебиеттің рухани-мәдени өмірдегі орны, жазушылардың қоғам алдындағы жауапкершілігі мен алдағы міндеттері сөз болды.

Қазақстан Жазушылар одағының баспасөз қызметі

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ РУХЫМЫЗҒА СЕРПІН БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында халықаралық валюта қорының болжамынша, біздің елдің биылғы жалпы ішкі өнімі 400 миллиард долларды құрайтынын айтты. Бұл әлемдегі 200-дей мемлекеттің ішінде 47-орында тұрғанымызды көрсетеді.



Президент 2027 жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялауды ұсынды. «Қазақстан ауқымды құрылыс алаңына айналуы керек», – деді. Ол дегеніңіз – көп салалы еңбек. Ал еңбек ету – бақыт. Зауыт-фабрикалар, емханалар, мектептер, тұрғын үйлер, жолдар, көпірлер, қолайлы инфрақұрылыммен қоса, оның ішінде балаларды оңалту орталықтары, шығармашылық орталықтары, спорт алаңдары, кітапханалар, гуманитарлық бағыттағы жобалар, осының бәрі Президент Жолдауында жеке-жеке қамтылған.

Ауқымды ішкі өнім, бұл біздің елдің мықты қарқынмен қимылдауына мүмкіндік береді.

Президент біз тәуелсіздігіміз бен дербестігімізді, еркіндігімізді қорғауға жеткілікті дайындықта емес екенімізді де тілге тиек етті. Жүрегіміз шым еткенімен, бұл — ащы шындық. Бұндай жағдайда әр қазақта талап пен тәртіп, отаншыл сана мықты болуы бәрінен маңызды.

Мемлекет басшысы ауқымды Жолдаудың бір тұсында жаңа азаматтық кодекс қабылдап, адамдардың меншік құқығын, еңбек ету құқығын барынша қорғауды тапсырды. Бұл тұстағы кедергілер мен жемқорлықты жою керегін ескертті. Қолымыздағы телефон уақытымызды жоғалтатын ойыншық емес, мүмкіндігіміз бен қуатты құралымыз болуы керегін де қадап айтты. Біздің буын болашаққа ауқымды жобаларды емес, жоспарлардың орындалған нәтижесін қалдыруымыз керегін, ұрпаққа экономикасы мықты, геосаяси жағынан әлеуетті мемлекет аманаттауға тиіс екенімізді, кез келген отаншыл, халықшыл, мемлекетшіл азамат барлық күш-қуатын елді, ұлтты дамытуға салғанын қалайтынын жеткізді.

Жолдау және Жолдаудағы жомарт жобалар тындап отырған бізді ерекше сергітті әрі күш-қуат берді, рухымызға серпін берді.

Алмас АХМЕТБЕКҰЛЫ

«ПОЭЗИЯ ТӨРІНДЕГІ ПАРАСАТ»



Қызылордада А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде Қазақстан Жазушылар одағы мен Журналистер одағының, сондай-ақ Түркі әлемі Жазушылар одағының мүшесі, ақын Оңталап Базаралының «Поэзия төріндегі парасат» атты шығармашылық кеші өтті.

Ақынның құрметті зейнетке шығуына орай ұйымдастырылған шараға зиялы қауым өкілдері, белгілі қаламгерлер, өнер қайраткерлері, ардагерлер мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Салтанатты жиында облыс әкімінің кеңесшісі Руслан Рүстемұлы аймақ басшысының арнайы құттықтауын жеткізіп, ақынның шығармашылық еңбегіне құрмет білдірді.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма Төрағасының орынбасары, ақын Қасымхан Бегманов О.Базаралының шығармашылығы жайында кеңінен ой қозғап, Одақ Төрағасының құттықтауын жеткізді. Кештің құрметті қонақтары қатарында «Абырой» авторлық қоғамы республикалық бірлестігінің төрағасы, композитор Марс Сүленов, облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы, Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы Қуат Шарабидинов, Арал аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Алмасбек Молжігітов, белгілі жырау Демеу Жолымбетов, ақын, сазгер, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі Талғат Тілеулесов, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, эколог-жазушы Сайлаубай Жұбатырұлы, ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі Толыбай Абылаев, сатирик, «Арал әлемі» газетінің бас редакторы Ерғали Абдулла болды. Шара аясында ақынның жаңа жыр жинағы – «101 өлең» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Сонымен қатар Қазақстанның мәдениет қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Үміт Медеуова, айтыскер ақын, «Күміс домбыра» иегері Бексұлтан Орынбасар, Мәдениет саласының үздігі Рауза Ысқақова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Залипа Төлепова және Мәдениет саласының үздігі Сырым Әбдіразақов, жас талант Ердос Есқали, «Тұран» триосы және «Ai-Aru» заманауи би ансамблі өнер көрсетіп, көрерменге ерекше әсер сыйлады.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ҮЗДІК КІТАПХАНА» БАЙҚАУЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

Жалпы ереже

1.1. Республикалық «Үздік кітапхана» байқауы *(бұдан әрі - Байқау)* Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» 2026 жылғы 16 мамырдағы Жарлығын іске асыру аясында:

- оқырмандарға арналған заманауи инфрақұрылымды дамыту, цифрлық құралдарды кеңінен қолдана отырып, жаңа форматтағы кітапханалар, қоғамдық кеңістіктер құру;

- туындылары жас ұрпақты Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі қағидаттары мен ережелерін құрметтеу рухында тәрбиелеуге ықпал етіп жүрген отандық қаламгерлерді қолдау;

- ел аумағында ұлттық әдеби мұраны насихаттау;

- кітапханалардың жұмыс сапасын арттыру, озық тәжірибелерді анықтау;

- кітапханалардың заманауи дамуын қолдау, оқу мәдениетін қалыптастырудағы рөлін арттыру;

- республика кітапханаларындағы жұмыс түрлері мен әдістерін жетілдіру;

- оқырмандарға кітапханалық және ақпараттық қызмет көрсетудің озық түрлерінің нәтижелерімен бөлісу;

- кітап оқуды насихаттау, білімге ұмтылысты арттыру және осы саладағы республика кітапханаларының беделін көтеру мақсатында өткізіледі.

1.2. Байқауды ұйымдастырушылар:

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі;

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;

Қазақстан Жазушылар одағы.

1.3. Байқау Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі.

1.4. Республикалық «Үздік кітапхана» байқауының Ережесі *(бұдан әрі – Ереже)* Байқаудың мақсаттары мен міндеттерін, қатысу шарттарын, оны ұйымдастыру және өткізу тәртібін, байқау жұмыстарының бағалау критерилерін, сондай-ақ ұйымдастырушылардың, қазылар алқасы мүшелерінің және қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

Байқаудың мақсаты мен міндеті

2.1. Мақсаты:

кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру;

маңызды әлеуметтік мәдени институт ретінде кітапханалардың мәртебесін арттыруға жағдай жасау;

кітап оқырмандарының ақпараттық, рухани сұраныстарына сай келетін заманауи кітапхана үлгісін қалыптастыру;

оқырмандар санын арттыру, цифрлық қызметтерді дамыту.

2.2. Міндеті:

кітапхана ұжымдарының шығармашылық ізденістерін анықтау;

оқырмандардың республикаға танымал қаламгерлер және жергілікті ақын-жазушылармен арадағы байланыстарын жетілдіру;

қазылар алқасының шешімімен жеңімпаздарды анықтау және марапаттау.

Байқауға қатысу шарттары

3.1. Байқауға Қазақстан Республикасындағы меншік нысанына қарамастан барлық білім беру ұйымдарының кітапханалары қатыса алады.

3.2. Байқауға қатысу тегін және ерікті түрде жүзеге асырылады.

3.3. Байқаудың III кезеңіне облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың іріктеу кезеңінен I орын алған жеңімпаздар қатыса алады.

3.4. Жергілікті және өңірлік байқаулардың жеңімпаздарына *(екі санат бойынша жекелей)* қатысты анықтамалар мен қазылар алқасы шешімдерінің хаттамалары қоса тапсырылады.

Байқауды өткізудің тәртібі мен кезеңдері

4.1. Байқау үш кезең арқылы өтеді.

I кезең *(аудандық/қалалық):* жергілікті деңгейде құжаттар мен өтінімдер қабылданады, үздіктер анықталады;

II кезең *(облыстық/қалалық):* өңірлік деңгейде үздік танылған кітапханалар іріктеліп, республикалық кезеңге ұсынылады;

III кезең *(республикалық қорытынды):* облыс жеңімпаздарының материалдары Республикалық әділқазылар алқасымен бағаланып, Бас жүлде, жүлдегерлер және номинация иегерлері анықталады.

4.2. Байқау екі санатта өткізіледі.

I санат – мектеп кітапханалары арасында;

II санат – облыстық/қалалық көпшілік кітапханалар арасында.

4.3. Байқау өткізудің тәртібі мен шарттары екі санатқа да бірдей дәрежеде жүзеге асырылады.

4.4. Номинацияларды анықтау мен жүлдегерлерді марапаттау деңгейі екі санатқа да бірдей дәрежеде белгіленеді.

Қатысушыларға қойылатын талаптар

5.1. Республикалық байқауға қатысу үшін белгіленген мерзімде өтінім мен қажетті материалдар *(портфолио, статистика)* өткізілуі тиіс. Үміткерлер келесі материалдарды электронды түрде *(jazushylar_odagu@mail.ru)* жолдауы тиіс:

ресми өтінім және облыстық/қалалық кезеңнен өткендігін растайтын жолдама хат;

кітапхана портфолиосы: 3 жылдағы статистикалық көрсеткіштер (кітап қорының динамикасы, оқырмандар мен келушілер саны *(елдімекендегі халық санына шаққандағы пайыз тұрғысынан), цифрландыру деңгейі);*

«Заманауи кітапхана тынысы» бейнеролигі; кітапхананың ішкі кеңістігін, жабдықталуын және ерекше жобаларын көрсететін визитка-ролик (3 мин.);

авторлық жоба немесе инновациялық бағдарлама: кітапхананың кітап оқытуды дамытуға бағытталған өзіндік бірегей жобасының сипаттамасы мен нәтижелері;

оқырмандардың танымал қаламгерлер және жергілікті ақын-жазушылармен байланыстарын жетілдіруге қатысты жұмыс нәтижесі;

кітапқа байланысты оқырмандар конференциясын өткізу жиілігі *(буктрейлер – жекелеген кітап туралы еркін немесе көркем формада баяндайтын авторлық бейнеролик, 3 мин);*

белгілі бір тақырыпқа немесе мерейтойлық датаға арналған креативті кітап көрме-жәрмеңкесін өткізу тәжірибесі;

әдеби клубтардың, кітап көрмелері, оқырман конференциялары, ақын-жазушылармен кездесулердің, түрлі акциялардың тұрақты әрі креативті өтуі және олардың БАҚ-та жариялануы.

Бағалау критерилері

6.1. Әділқазылар алқасы жұмыстарды 10 балдық жүйемен келесі бағыттар бойынша бағалайды:

жұмыстағы жаңашылдық пен креативтік;

ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ), электронды платформаларды қолдану деңгейі;

өз өңіріндегі кітапхана ісін дамытуға қосқан үлесі;

кітап қорының заманауи деңгейде жаңаруы мен сақталуы;

оқырмандар санының өсу серпіні және олармен жұмыс *(үйірмелер, әдеби клубтар, коворкинг орталықтары);*

кітапхананың ішкі безендірілуі мен заманауи жабдықталуы;

креативті авторлық жоба немесе инновациялық бағдарлама;

оқырмандардың республикаға танымал қаламгерлер және жергілікті ақын-жазушылармен арадағы байланыстарын жетілдіру тәжірибесі;

онлайн кездесулердің ұйымдастырылуы ;

оқырмандармен жұмыс: келушілер белсенділігі, өткізілген кітап көрмелері, акциялар, кездесулер, әдеби кештер және олардың БАҚ-та жариялануы.

6.2. Жұмыстарға рецензия жасалмайды және қайтарылмайды.

6.3. Жұмыстарды бағалауды әдеби қауымдастық өкілдері, танымал қаламгерлер, балалар ақын-жазушылары, педагогтер және мәдениет саласының мамандарынан тұратын қазылар алқасы жүзеге асырады.

6.4. Қазылар алқасының құрамы жергілікті деңгейде 5-7, өңірлік деңгейде 7-9, республикалық деңгейде 15 адамнан болуы ұсынылады.

6.5. Қазылар алқасының құрамын:

I кезең *(аудан/қала)* – жергілікті деңгейдегі білім беру және мәдениет басқармалары;

II кезең *(облыс/қала)* – өңірлік деңгейдегі ҚЖО РҚБ филиалдары мен білім беру және мәдениет басқармалары;

III кезең – республикалық деңгейде салалық уәкілетті органдардың келісімімен «Қазақстан Жазушылар одағы» РҚБ Басқарма басшылығы бекітеді.

6.7. Рейтинг нәтижесі жалпы ұпайды есептеу арқылы анықталады. Бірдей ұпай жинақталған жағдайда комиссия мүшелері дауыс береді.

6.8. Қазылар алқасының шешімі қайта қаралмайды, соңғы шешім болып табылады.

Байқауды ұйымдастыру мерзімдері

7.1. Байқау үш кезеңде өткізіледі

I кезең *(аудан/қала)* – жергілікті деңгей:

2026 жылғы 30 қараша - 5 желтоқсан – жұмыстарды қабылдау.

7-19 желтоқсан – қазылар алқасының отырысы, қорытындылау.

25-26 желтоқсан – жергілікті деңгей жеңімпаздарын жариялау.

II кезең (облыс/қала) – өңірлік деңгей:

2027 жылғы 5-23 қаңтар – жұмыстарды қабылдау.

25 қаңтар - 20 ақпан – қазылар алқасының отырысы, қорытындылау.

5-6 наурыз – өңірлік деңгей жеңімпаздарын жариялау.

III кезең – республикалық деңгей

2027 жылғы 9-27 наурыз – жұмыстарды қабылдау.

29 наурыз - 12 сәуір – қазылар алқасының отырысы, қорытындылау.

23 сәуір – «Ұлттық кітап күні және кітапханашылар күні» мерекесіне орай республикалық «Үздік кітапхана» байқауының жеңімпаздарын жариялау және салтанатты түрде марапаттау.

ЕСКЕРТУ: Байқаудың барлық кезеңі бойынша көрсетілген мерзімнен кешіктіріліп берілген жұмыстар қабылданбайды.

Республикалық байқаудың екі санат бойынша жүлдегерлерін марапаттау рәсіміне қатысу үшін Алматы қаласына сапары *(жол шығындары мен тұру шығындарын қоса алғанда)* жергілікті ұйымдастырушының есебінен жүзеге асырылады.

Республикалық «Үздік кітапхана» байқауы жеңімпаздарын марапаттау

8.1. Жүлделі орындар мен номинациялар

Бас жүлде (Гран-при) – 1 000 000 теңге; республикалық «Үздік кітапхана» байқауының жеңімпазы кубогі, арнайы диплом;

I орын – 500 000 теңге, арнайы диплом;

II орын – 300 000 теңге, арнайы диплом;

III орын – 200 000 теңге, арнайы диплом;

Екі ынталандыру сыйлығы – әрқайсысы 150 000 теңгеден.

Сонымен қатар:

«Үздік заманауи кітапхана»;

«Балалар таңдаған үздік кітапхана»;

«Отбасылық оқу мәдениетін дамытудағы үздік кітапхана»;

«Үздік ауыл кітапханасы»;

«Үздік буктрейлер»;

«Үздік медиа кітапхана»;

«Үздік кітап көрмесі»;

«Жылдың үздік кітапханашысы»;

«Үздік кітапханалық акция»;

«Жылдың үздік әдеби алаңы»;

«Баспасөзді дәріптеген үздік кітапхана»,

«Өнір әдебиетін насихаттаған үздік кітапхана»;

«Үздік креативтік жоба»;

«Инновациялық қызмет бойынша үздік кітапхана» арнайы номинацияларының дипломдары мен бағалы сыйлықтар тапсырылады.

№44 жұма 6 қараша, 2026 жыл

ТАҢҒАЖАЙЫП ТАЛАНТ



Жанғара ДӘДЕБАЙҰЛЫ

Шынайы шығармашылық еңбек, шынайы шығармашылық ойлау жайында көп айтамыз, көп естиміз, тіпті көп білетін сияқтымыз. Менің білуімше, шынайы шығармашылық еңбек – ұдайы шығармашылық ізденіс үстіндегі еңбек. Шығармашылық ойлау – ұдайы шығармашылық ізденіс үстіндегі ойлау. Нағыз шығармашылық тұлғаның еңбегі де, ойлауы да дәуірдің көркемдік-эстетикалық құндылықтарының байтақ кеңістігінде өтеді, нәтижесінде болмыста баламасы болмаған жаңа шығармашылық үлгі ұсынады. Мен Сауытбек Абдрахманұлының өзін ұдайы шығармашылық ізденіс, шынайы шығармашылық ойлау үстіндегі тұлға деп білемін, ал әдебиеттану саласындағы іргелі еңбектерін баламасы жоқ асыл үлгі қатарында бағалаймын.

Әдебиеттану мен журналистика – қоғамдық сананың дара-дара салалары. Олардың әрқайсысының құс асып ұша алмайтын шыңдары бар. Адамзат үшін қос қанатты құс асып ұша алмайтын осы екі шыңның екеуі емес, біреуінің биігінен асудың өзі оңай емес. Одан қанатты талант қана асады. Журналистикада желден жүйрік, әдебиеттануда топтан суырылып шыққан сүйрік дерлік талант ілуде біреу ғана. Сауытбек Абдрахманұлы – журналистика мен әдебиеттанудың, көркем аударма мен аударматанудың көк зеңгірінде биіктен биікке, шыңнан шыңға еркін шырқаған таңдаулы талант. Ол ұлттық руханият кеңістігінде осы талантымен мемлекет, қоғам қайраткері, азамат ретінде сұңқардай самғап келеді.

Жастық өтеді, әр таяды, қуат қайтады, құштарлық басылады. Шынайы шығармашылық тұлғаның ойындағы жарық сөнбейді, ойлау қуаты қайтпайды, құштарлық оты басылмайды. Ойындағы жарығы өмір бойы сөнбейтін, ойлау қуаты өмір бойы қайтпайтын шығармашылық тұлға – бақытты тұлға. Сауытбек Абдрахманұлы – ойындағы жарығы жайнап жанып тұрған, ойлау қуаты қайнап тасып тұрған шынайы шығармашылық тұлға, танымдық маңызы зор, тағылымдық мәні терең зерттеулер мен көрікті көсемсөздердің авторы, саяси публицистиканың теңдесі жоқ терең зергері, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. ҚР «Парасат», I дәрежелі «Барыс» орденделерімен, Қырғыз Республикасының «Достық» орденімен марапатталған. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы ҰҒА құрметті мүшесі. Осы аталған айтулы атақ-дәрежелердің қатарына көрікті де көрнекті, сәулетті де мәртебелі бір атақты қосып айтқаным дұрыс болар деп ойлаймын. Ол мынадай: Сауытбек Абдрахманұлы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегі. Тұлғаның балалығы мен ағалығының, шеберлігі мен зергерлігінің, тереңдігі мен ерендігінің, даралығы мен саралығының мөлдір бастауы осында.

Журналистика жампозы, жайсаң азамат, ғибратты ғалымның шығармашылық жолындағы алғашқы жетістігі ұлттық университеттің бірінші курс студенті кезінен белгілі бола бастады. Студент бола жүріп, ұлттық руханияттың ұлық тұлғаларының үлгісін көрді, Камал Смайылов, Қалтай Мұхамеджанов, Әбіш Кекілбаев сынды абыздардың өнегесінен ғибрат алды. Олардың бір-біріне деген шынайы құрметі мен ізетінен таралған шуақтан өзіне өмір бойы азық болатын құтты білік тапты. Осы ағаларының ортасында Шыңғыс Айтматовпен кездесіп, сұхбаттас болғанда да ол Ұлттық университеттің журналистика факультетінің студенті емес, әдебиет пен мәдениеттің қалыптасқан қайраткер тұлғасындай еді. Содан бергі жарты ғасырдан астам уақытта Сауытбек қазақ, орыс және басқа тілдерде есебіне сан жетпестей публицистикалық шығармалар, кітаптар, монографиялық зерттеулер жазып, мамандардың, білім алушы жастардың, көпшіліктің пайдалануына ұсынды. Кейінгі бес жыл көлемінде таңдамалы публицистикалық шығармалары бес том болып жарияланды. Сұхбаттары «Егемен Қазақстан кітапханасы» сериясымен «Сұхбаттар сыры» деген атпен жарық көрді. «Абыз Әбіш» зерттеуі әлем халықтарының тілдерінде жариялануда.

«Алып Абай. Конгениальность. Congeniality: Зерттеу. Исследование. Research» зерттеу еңбегі Абайдың ақындық даналығын жаңа кеңістікте ашқан аса зор жетістік болды. Өнер өлкесі, әдебиет әлемі, көсемсөз көкжиегі немесе публицистика парақтары, әлемге әйгілі тұлғалар тағылымы, т.б. салалар бойынша топтастырылған шығармалары 2023 жылы «Mereke» баспасынан он том болып басылып шықты. Он томның әрқайсысының көлемі отыз баспа табақ. Жарты ғасыр бойы маңдайдан аққан еңбек тері осы томдардың беттерінде маржандай тізілген. Он томның әрқайсысында автордың талант табиғаты, азаматтық биік тұрғысы, әдебиеттану мен өнертанудағы даралығы мен журналистикадағы саралығы толған айдай толықсып тамаша көрініс тапқан. Автор осы еңбектерімен әдебиеттану мен журналистиканың дамуына аса үлкен жеке үлес қосты. Бұл еңбектер қоғамдық сананың жаңғыруына айрықша игі ықпалын тигізуде, елдің интеллектуалдық әлеуетін арттыруға қызмет етуде.

Он томдықтың «Өнер өлкесі» деп аталған бірінші томында өнер туралы зерттеулер, мақалалар мен сұхбаттар топтастырылған. Кино өнері, театр өнері, саз өнері, сурет өнері, мүсін өнері, т.б салаларда қоғамның рухани қазынасын байытқан өнегелі өнер туындыларының жасалу тарихы, танымдық маңызы мен тағылымдық мәні, көркемдік әрі мен эстетикалық нәрі пайымдалған. Автор қазақ халқының өнері қарыштап дамып, әлем халықтарының мәдениеті кеңістігінде өз жарығымен жарқырап тұрғанын көрсетті. Өнер қайраткерлерінің шығармашылық тұлғасын сырлы да нұрлы ойдың сазына бөлеп сомдады.

Сауытбек Абдрахманұлының шығармашылық қазынасында әдебиеттің іргелі мәселелері туралы монографиялық зерттеулер де, монографиялық очерктер де, мақалалар мен эссе, сұхбаттар да мол. Солардың бәрінде автордың ғылыми танымының байлығы мен тереңдігі, шығармашылық ойлау қуаты, стиль сәулеті бір жүйеде тоғысып, автор шығармашылығының әлеуметтік мәні мен маңызын теңіздей толқытады.

Сауытбек Абдрахманұлының «Абыз Әбіш» зерттеуіне Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылы мынадай жоғары баға берді: «Мұнда аса қомақты фактологиялық материалдың негізінде Ә.Кекілбаевтың мәдениеттанушылық, өнертанушылық, әдебиеттанушылық, тарихшылық, саясаткерлік қырлары, нағыз энциклопедиялық білімі, терең танымы, академиялық универсализмі жан-жақты ашылған» *(Абдрахманов С. Шығармалары, X том, 6-бет)*. Қазақстан Республикасы Президентінің «Абыз Әбіш» туралы бағасы – тарихи мәні терең баға.

«Абыз Әбіштің» ғылыми, көркемдік-эстетикалық, әлеуметтік мәні мен маңызына ерекше қасиет дарытып тұрған бір қуат көзі бар. Ол – автордың зерттеу нысанын айрықша құрметпен, аса бір ізгі ізетпен зерделеуінде. Зерттеуші Абыз Әбіш туралы жүректен тербеп, асқан құрметпен, сүйіспеншілікпен толғайды. Әбіш ағасының армандай аманаты туралы автордың тебіренісін жүрегім елжіреп сүйініп, аздап мұңайып қабылдадым. Бұлайша сыр толғау, оқырмандарының жанын тербеп, жүрегін елжірету зерттеушінің емес, суреткер зерттеушінің ғана қолынан келеді. Бұл ретте Сауытбек Абдрахманұлы – ойлауы қисынды, сөйлеуі бедерлі суреткер зерттеуші.



ЖАЗУШЫ Ш.АЙТМАТОВПЕН

Зерттеу нысаны болып отырған шығармашылық әлемге, шығармашылық тұлғаның әлеміне айрықша құрметпен, ізгі ізетпен қарау – ғұлама ғалымға және таңғажайып талантқа ғана тән қасиет. Бұл реттен келгенде, Сауытбек Абдрахманұлы – ғұлама ғалым әрі таңғажайып талант.

Ғалымның Абай мен А.С.Пушкиннің ақындық даралығы мен даналығы туралы «Төлтума мен телтума» және «Алып Абай» монографиялық зерттеулерінің теориялық мәні мен практикалық маңызы өлшеусіз зор. Абай мен Пушкин арасындағы поэтикалық байланыстар мен қатынастардың даралық қырлары мен даналық сырларын зерттеу, зерделеу барысында ашылған ғылыми жаңалықтар мен қол жеткен жаңа нәтижелер әдебиеттану ғылымының теориялық қорын айтарлықтай байытты. Автордың осындай ізденістерінің бірі «Алып Абай» кітабында «Қорқытпа мені дауылдан» деп аталатын тарауда берілген. «Қорқытпа мені дауылдан» – Абайдың аудармаларының бірі. Ақынның шығармаларының екі томдық толық жинағының екінші томында (1977) «И.А. Буниннен» деген атаумен берілген. Ақын өлеңдерінің ілгерідегі басылымдарында А.С.Пушкиннен немесе М.Ю.Лермонтовтан деп көрсетілген. Автор өзінің қалыптасқан зерттеу талаптарының жүйесіне сәйкес, Бунин туралы қажетті деректерді, Абайдың «Қорқытпа мені дауылдан» аударма өлеңіне негіз болған түпнұсқаны іздеп, қыруар деректерді қарастырады. Сондай-ақ Абайдың осы аудармасы туралы, ол жайында пікір айтқан ғалымдардың пікірлерін саралайды. Сөйтіп, Абай осы өлеңді Буниннен аударғанын, Бунин өлеңінің қай басылымынан аударғанын анықтау жолында ізденеді. Семей кітапханасына келетін газеттер мен журналдардың тізімін алып, журналдар мен газеттердің беттерін парақтайды. Көптеген ізденістер, зерттеулер нәтижесінде ғалым Буниннің бұл өлеңі 1888 жылы «Неделя» апталығының «Книжки недели» атты қосымшасында жарияланғанын анықтайды және Абай Буниннің өлеңін осы басылымынан аударғанына көз жеткізеді. Сөйтіп, «Абай Бунин өлеңін Бунин өлеңі ретінде аударған» (340-бет) деп тұжырым жасайды. Абайдың аудармаларының біреуіне ғана қатысты осындай көп салалы қыруар ізденіс жұмыстарын жүргізу, айтар ойын, қорытынды пікірін нақты дерек көздеріне сүйеніп, ғылыми тұрғыда барынша негіздеп, дәлелді тұжырымдау зерттеушінің ғұлама ғалым ретіндегі келбетін көрікті көрсетеді.

Сауытбек Абдрахманұлының зерттеулері нақты дерек көздеріне негізделеді, пікірлерін, тұжырымдарын теориялық қисындарға сай жеткілікті негіздеп ұсынады, белгілі бір ғылым саласының жетістіктеріне ғана емес, пәнаралық зерттеу ұстанымдарын басшылыққа алады, философия, саясаттану, әлеуметтану, логика қисындарын оңтайлы қолданады. Сонымен қатар зерттеу нысаны болып отырған құбылыстарды терең пайымдаудың көркемдік-эстетикалық, эмоциялық амалдарына да сүйенеді. Зерттеуші зерттеу нысандарын тану мен бағалауда ғылыми ойлау мен көркемдік пайымдау амалдарын өлшемді де мөлшерлі және жарасымды ұштастырады.

Қаламгердің шығармашылығын барлау барысында менің көзім студент Сауытбекке Мемлекеттік кино комитетінің бас редакторы Қалтай Мұхамеджановтың Әбіш Кекілбаев туралы айтқан «Межконтинентальный» деген анықтама сөзіне түсті. Сауытбек осы сәтті өзінің «Абыз Әбішінде» зор құрметпен еске алады. Осы жайларды пайымдай отырып, әдебиет пен әдебиеттану, журналистика әлеміндегі ендігі «Межконтинентальный» тұлға Сауытбектің өзі екен-ау деген ойға келдім. Менің бұл ойымда асығыстық та, асылық та жоқ. Өйткені континентаралық құбылысты тану үшін континентаралық таным керек. Сауытбек Абдрахманұлы континентаралық құбылысты таныды және танытты.

Қазақ аса қадірлеп, қастерлейтін адамына бірер сөзбен-ақ мінездеме беріп шегелеп тастайды. Азамат. Сұңғыла. Қазақтағы осындай сирек тұлғалардың бірі – Сауытбек Абдрахманов.

Қазақ халқының асыл перзенттерінің бірі Нұртас Оңдасыновтың 90 жылдығы Түркістан қаласында өтетін болып, арнайы вагонда Өзбекәлі аға Жәнібековпен сапарлас болғаным бар. Ол кісінің денсаулығы болмай жүрген кез. Зиялы азаматтар туралы әңгіме айтылды. Баяғыда Орталық Комсомол комитетінің бірінші хатшысы кезінде Шерхан ағаның «Лениншіл жасқа» тілші болсын деген мен туралы ұсынысын қоштап, кейін «Қазақстан пионері» газетіне редакторлыққа қол қойған да Өзаға болатын. Ол кісі қол жуға шығып кеткенде жеңгей:

– Айналайын, ағаң ешкіммен емен-жарқын сөйлеспей жүр еді, жақсы болды ғой сенің бірге келе жатқаның, – деп сыбырлады.

– Азамат жігіттер бар, шүкіршілік. Солардың ішінде ой мен парасаты бірдей бір жас бар Сауытбек Абдрахманов деген. Танитын шығарсың? – деп мақтауды жаны сүймейтін Өзбекәлі ағам бір жөткірініп қойды. Сосын қызын саясаттың жалынына шарпылып тұрып ұлтымыздың бір жазушы азаматын Сауытбектің арашалағанын айтып беріп еді…

Фариза Оңғарсынова



Айгүл ІСІМАҚОВА

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУЫНДАҒЫ ЖАҢАША ЗЕРТТЕУ

Тәуелсіз кездегі қазақ әдебиеттануында әлемдік деңгейдегі кәсіби зерттеулер іске асқанын аңғарамыз. Сауытбек Абдрахмановтың «Коран и Пушкин» атты зерттеуінде әдебиеттер байланысы, аударма мәселелері теориялық, аналитикалық тұрғыда қарастырылған. «Наш Пушкин» аталатын тарауда ұлы ақын шығармаларының қазақша аудармалары талданған. «...Поехал я в Уральск» тарауында ақынның қазақ жеріне сапарының әр кезі нақты қарастырылған. «Вер бана ат» атты еңбегінде Пушкиннің шығармаларында кездесетін түркизмдерге арнайы кәсіби талдау жасаған.

Зерттеушінің «Пушкин жырларындағы Құран сарындары» еңбегі жоғары деңгейдегі кәсібилігімен ерекшеленеді. Осы ретте біздің С.Абдрахманов зерттеуінен ұзынды-қысқалы сілтемелерге жүгінуіміз жұмыстың кәсібилік деңгейін анықтау үшін қажет болғандай.

Зерттеуші Пушкин «Подражания Корану» атты өлең циклінде Құран мәтінін қалай пайдаланғанын айқындап алған: *«Клянусь четой и нечетой, Клянусь мечом и правой битвой, Клянусь утренней звездой, Клянусь вечернею молитвой»*. Қуандық Шаңғытбаев аудармасы: *«Ант етем тақ сан, жұп санмен, Ант етем Шолпан, қылышпен, Ант етем кешкі құптанмен, Ант етем жиһад ұрыспен»*.

С.Абдрахманов Құран және Пушкин деген мәселеге былайша тереңнен үңіледі: «Пушкин Құранның эстетикалық құндылығын ерекше бағалаған болатын. Ең әуелі Михайловскіде, қиналып жүрген шағында оқып, *«В пещере тайной, в день гоненья, Читал я сладостный Коран»*, – деп жазғаны көп жайды аңғартады. «Балшырын» деген сияқты сөзді Пушкин оңай жерге қимаған және ол мұны барынша сезініп, барынша түйсініп барып айтқан. Пушкиннің Құранды соншалықты жетік білгені қайран қалдырады. Мамандардың айтуынша, Пушкиннің осы тақырыптағы жырларында қасиетті кітаптағы 114 сүренің, кем дегенде, 33-інің сарыны қамтылған екен! «Не істеймін десе де бір Алланың құдіреті жетеді» *(Бақара сүресі, 20 аят)*, «Ол барлық нәрсені түгел білетін құдірет» *(Бақара сүресі, 29 аят)*, «Оның қаһары қатты» *(Бақара сүресі, 196 аят)*, «Кімнің не істегенін көріп тұрады» *(Ғимран сүресі, 156 аят)*, «... Көк пен жерді алты күнде жаратты. Одан соң ғарышқа *(тақҚа)* отырып, әмір жүргізді. Күндізді кешпен жапты, кешті күндізбен алмастырды. Өзінің бұйрығына бой ұсындырып, күн, ай, жұлдыздарды жаратты *(Ағраф сүресі, 54 аят)*, «Ол мәңгі тірі, бар нәрсені басқарып тұр. Ол қалғымайды да ұйықтамайды. Оның басқаруына көктегі, жердегінің барлығы кіреді» *(Бақара сүресі, 255 аят)*. Осы сарындардың қай-қайсысы да «Құранға еліктеуде» бар».

Пушкиннің қолында Құранның қай аудармасы болған? Бұл мәселеге қатысты зерттеуші келесі деректі келтірген: «Белгілі әдебиетші С.Фомичев 1824 жылдың қазан айына қарай Пушкиннің қолында Құранның французша нұсқасы да *(М.Савари аудармасы)* болған деп санайды. Сол басылымға алғы сөз ретінде Мұхаммед пайғамбардың ғұмырбаяны егжей-тегжейлі берілген көрінеді. «Құранға еліктеуді» мұқият оқыған, оның үстіне, пайғамбарымыздың өмірімен аз-кем таныс адам бұған күмән келтірмейді. Расында да, Пушкин жырында Мұхаммед пайғамбардың ғұмырындағы белесті кезеңдердің бәрі дерлік қамтылған. Қараңызшы: бірінші жыр *(«Ант етем тақ сан, жұп санмен»)* Мұхаммедтің Меккеден Мединеге қоныс аударуын *(Григорий күнтізбесімен алғанда 622 жыл – Хиджра, мұсылман күнтізбесінің бірінші жылы)*, екінші жыр *(«Нәбидің ару жарлары»)* пайғамбардың Зейнепке үйленген тұсын *(627 жыл)*, үшінші жыр *(«Тіксінді кенет пайғамбар»)* Меккеден қуылған кезін *(622 жылға дейін)*, алтыншы жыр *(«Түсімнен кеттім оянып»)* Меккеге қайта оралған тұсын *(630 жыл)*, жетінші жыр *(«Қорқағым, бойды жи»)* таудағы үңгірде алғаш рет Құдай аян берген кезді *(609 жылдан кейін)* өлеңмен өрнектейді. Тағы бір мысал. Зерттеуші К.С.Каштелева Пушкин Құранды М.И.Веревкиннің прозалық аудармасынан оқыған кезін де дәлелдеген. Ақын Құранның сол мәтініндегі: «Создал горы, удерживая землю от движения... покрыл их небом, поддерживая оное, да не падет на них...» – деп келетін жолдарды жыр тіліне былайша түсірген:

«Қозғалтпай аспан, дүздерді,
Көтеріп тұрсың, Тәңірім.
Қалмайды ол басып біздерді,
Мықты ғой сенің әмірің.

Жандырдың күнді, о, Алла,
Аспан мен жерді жарық қып...
Түсірдің сәуле ғаламға,
Жұпарға жұртты қарық қып»

Міне, ұлы ақын Жаратқан Иенің құдіретін осылай жырға қосқан».

Осы ретте әдебиетші тарихи мәтінді ғана талдамай, ондағы дерекке қатысты тарихи, архив құжаттарына негізделген мағлұматтарды да дәлел ретінде келтірген. Сондықтан бұл талдаулардың теориялық деңгейі де кәсіби екені анық.

Қасиетті Құран аяттары сөздерінің Пушкин өлеңінде орын алуы теориялық талдау арқылы анықталған. Құран сүрелерін әдеби мәтінде интертекст ретінде талдау арқылы әдебиетші нақтылық пен дәлдікті ұстанған. Сүрелердің мазмұны мен түсінігінің де сәйкестігіне ерекше назар аударылған.

Зерттеуші Құранның мазмұнын талдауы арқылы оның ерекше ырғақты қасиетті мәтін екенін дәлелдеп береді: «Құранның түпнұсқа мәтіні бастан аяқ, түп-тұтас ішкі ырғаққа құрылғаны мәлім. Түптеп келгенде оның ақ өлеңмен жаралған поэзия туындысы екені ешқандай талас тудырмайды. Мақамына келтіріп оқығанды тыңдаған сайын қай-қайсымыздың да құлағымыздың құрышы қанып, бір ауыз мағынасын ұқпасақ та, сөздің сиқыр сазына елтіп, әлдекайдан құйылып келіп жатқан үндік үйлесіміне ұйып қалатынымыз да сондықтан. Мұсылман әлеміндегі дін ғұламаларының қай заманда да Құранның тек арабша нұсқасының ғана дауыстап оқылуын қатты құнттайтынында, тіпті қадағалайтынында үлкен мән бар: түпнұсқаның бір құдіреті оның эмоциялық-интуитивтік бастауы басым болып келетінінде: киелі кітаптың адамның жанын баурап алатын керемет қасиеті ғажайып сөз сазында жатыр. Мұхаммед пайғамбардың көзі тірісінде Құран сүрелерінің негізінен жатқа айтылып таралғаны оның мәтінінің әуезділігін, үндестілігін барынша ұштай түскен деп шамалауға болады. Пушкин мұны білген, білмесе – сезген. Мұхаммед пайғамбардың жаңа дінді дүниеге әкелуі қандай азапқа түскенін анық түсінген. Оның үстіне, Пушкин осы жырды жазған тұста өзі де құғын-сүргін көріп, жақын жандарының тарапынан да түсіністік таппай, торығып жүрген. 1824 жылы П.А.Вяземскийге жазған хатында: *«Между тем принужден был бежать из Мекки в Медину, мой Коран пошел по рукам – и доныне правоверные ожидают его»*, – деп әзілдейтіні бар. Ұлы ақын «Құранға еліктеуінің» соңғы шумағында қасиетті кітаптың құдіретін шарықтатып әкеткен:

«Мықты ғой Алла Тағала:
Мұхаммед алса Құранды...
Бізге де түсер самала,
Сыпырып көзден тұманды», –

деп бір мезет қасиетті кітаптан медет күткендей де сыңай танытады».

Әдебиеттанушы өлеңдегі Құран сүресін айғақтап алып, мәтіндік дәрежеде талдайды: «Пушкиннің «Бізге де түсер самала» деп отырғаны Құрандағы: «Кәпірлер кейде неге мұсылман болмадық екенбіз деп армандайды. Ей, Мұхаммед! Оларды еркіне жібер. Жеп-ішіп, ойнап-күліп жүре берсін. Өздерінің армандарын қусын. Жағдайларын кейін біледі» *(Һижір сүресінің 2, 3 аяттары)* деген сөздерді еске салады. Кешегі кеңес әдебиетшілерінің, бүгінгі орыс пушкинистерінің ақын мұрасындағы Құран сарындарын онша ауызға ала бермеуінің, кейде көпе-көрінеу көзге ұрып тұрған дүниенің өзіне бет бақтырмай қоятынының бір себебі осында ма деп те ойлайсың...»

«Пушкин өлеңіндегі көркем бейне мен тарихи тұлғаның сәйкестігі қандай?» деген сауалға да зерттеуші нақты жауап берген: «Енді негізгі түйінді тұсқа келейік. Шынында да, В.Соловьев айтқандай, Пушкин өлеңіндегі пайғамбар мен Мұхаммед пайғамбардың арасында «ешқандай ұқсастық жоқ» па екен?

Бар! Бар болғанда қандай. *«Духовной жаждою томим, В пустыне мрачной я влачился»*, – деп басталады «Пайғамбар» жыры *(Бұл өлеңді Қалижан Бекхожин аударған – А.І)*. Мұның орысшасын алып отырғанымыз, аудармада осы екі жол: *«Жан аңсары сусағанда, Талықтым мен меңіреу дегі сюжеттік мотивті салыстыру арқылы келесі тұжырымға келген: «Тәуратта *(Библияда)* бұл сарын жоқ. Онда мұның алдындағы сарын *(«Қарысқан сол қу жағыма, Дана жылан тілін салды»)* ғана бар. «Тогда прилетел ко мне один из серафимов, и в руке у него горящий уголь, который он взял клещами с жертвенника и коснулся уст моих, и сказал: вот, это коснулось уст твоих, и беззаконие твое удалено от тебя, и грех твой очищен», – делінген Исайя пайғамбар кітабындағы алтыншы тарауда. Ал мына сарын жоқ. Оны нық сеніммен айта аламыз. Болса, пушкинистер баяғыда табар еді. Енді Құранды оқиық. Шарх сүресі былай басталады: *«(Ей, Мұхаммед!)* Сенің кеудеңді ашпадық па?» *(1 аят)*. Алла Тағала дәл осылай деген. Оның ар жағында күнәдан арылу сарыны былай жалғасады: «Сенің арқаңдағы ауыр жүкті де алып тастадық. Сенің даңқыңды асырдық» *(Шарх сүресі, 2, 3, 4 аяттар)*. Мұхаммедтің пайғамбарлық жолы әуелде осылай басталған деп түсіндіреді қасиетті кітап».

Сауытбек Абдрахманов қазақ әдебиеттануында тұңғыш рет Құран мен Хадис арқылы Пушкин өлеңіндегі әр дерекке терең талдау жасап, ақынның бұл сарынды хадистерден алғанын осылай дәлелдеп шыққан. Күні бүгінге дейін даулы болып келе жатқан бұл әдеби-теориялық мәселеге қазақ пушкинтанушысы осындай анықтама берген.

Осыншама заманауи аналитикалық талдау жасау үшін тек әдеби мәтінді ғана емес, діни әдебиетті де қажетті деңгейде меңгеру қажет екені анық. Құран мен Хадис сюжеттерінің интертекст ретінде әдеби мәтінде өмір сүруі тура осындай кәсібилікті қажет ететіні де түсінікті.

Әдебиетші Құран мен Хадистің әдеби мәтінде орын алуын теориялық талдаулар арқылы Пушкиннің өлеңінің бастау көзі «Библияда» емес, «Құранда» екенін алға тартады. Пушкинтануда бұрын-соңды кездеспеген бұл батыл пікір тек Тәуелсіздігіміздің алғаннан бергі уақытта ғана айтылуы мүмкін екені де түсінікті.

Қазақ зерттеушісі Сауытбек Абдрахмановтың Пушкинді таныта түсуге қосқан осы тектес нақты үлесі қазіргі қазақстандық гуманитарлық ғылымның жаңа деңгейінің көрсеткіші екені де анық.

«...Менің таңғалғаным, газеттің сан сапалақ жұмысында жүріп, сонша білім жию деген сұмдық қой. Әсіресе Пушкин туралы, кешіріңіз, Сауытбектей сөз айтқандар жоқтың қасы».

Мұзафар ӘЛІМБАЙ

«...Журналистердің ішінде Сауытбекті аяймын. Соншалықты терең, көп біледі. Әсіресе әдебиетті. Осы жігітті газет жеп қоя ма деп қорқамын».

Қадыр МЫРЗА-ӘЛІ

«...Ақселеу туралы әзірге Әбіштен асырып айтқан ешкім жоқ. Шіркін жазушысы табылса, мәселен Сауытбектің «Абыз Әбішіндей» бір кітап жазылса деп армандаймын. Ғаламат еңбек қой».

Асанәлі ӘШІМҰЛЫ

№44 жұма 6 қараша, 2026 жыл

Ұлтымыздың ардақты ұлы, дарынды қаламгер, жан-жақты білімғылым иесі Сауытбек Абдрахманов 75 жасқа толды. Аса көрнекті қаламгер иесінің саналы өмірі сапырмай емес, елі мен халқына мәртебелі де мархабатты, өнегелі де өміршең, өзінің сан қырлы талантымен еңбек етіп, ерлікке тән өрнекті бет-бейнесін көрсетіп келеді. Тәуелсіздігіміздің отыз бес жылында да ол бір күн шегіншектеп, қалқыған жоқ. Биік-биік лауазымды қызметтердің жұмсақ орынтағында отырғанымен, ұлы ақын Абайдың «Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым, ойлап қой» деген толғаныста бес асыл ісіне нақты жауап беретіндей жанкешті қызмет істегенін көпшілік көріп, біліп, ризашылығын айтуда... Енді сәл-пәл шегініс жасайын.

САМҒАУ



Марат МӘЖИТОВ

Елуінші жылдың көктемі, я сәуір, я зауза *(мамыр)* айының орта шені ғой деймін, інір мезгілінде үйелмендей кісі «Ассалаумағалейкүм» деп кіріп келді. Ауыз бөлмеге жайылған шай дастарқанының шетінде отырған әкем: «Ойпырым-ай, Сауытбекпісің, иншалла, иншалла, – деп ұшып тұрып, әлгі кісіні құшақтай алды. – хабар-ошарсыз жүресің, әй, балуаным-ай, әй, дырауым-ай, әй, ақыным-ай». Ал дырау кісі: «Әй, Кәрім, әй, Балзиба, шын сағындым, өздеріңді. Сонан соң Айпара мен балдарыма әбден ежіктей түсіндіріп, екі аяққа мініп тартып кеттім», деп жатыр. «Екі аяғың не айтып тұрған, жаяумысың? – деп әкем шалқалай бетіне тесіле қарады. – Сонда сонау Тұзтөбеден жаяу келдің бе?» «Енді ше, сағыныш отының өзі көліктің орнына жүрмей ме, бар болғаны екі жүз елу шақырымдай қашықтықты өттім де шықтым», – дей берген оны әкем тағы да шалқалай құшақтап, көзіне жас алған сияқты. Содан қонақты шешіндіріп, бәйек болған әкем төргі бөлмеге жайылған шай дастарқанына жетектей жөнелді де, «Ой, сенің тәуекеліңдей тәуекел әй, тым сирек-ау, тым сирек. Қой, қан шығарайын, екеуің шайды баппен іше беріңдер, «Қойдың еті – қояннның еті», – деп дауыстады да қонақтың «Қоя тұр, ертең де бар ғой» дегеніне құлақ аспай шыға жөнелді. Содан қонақ ауылына қайтқанша үйден кісі арылған жоқ. Ферма бастығы Салық Ізтелеу баласы үш күн Құрбан айтқа шақырып, құйрығын жерге тигізбепті. Содан Байтілеу сыйлы қонақтың 1933 жылы шығарған өленін терме ретінде домбырамен сүйемелдеп әндеткенін көзіммен көріп, құлағыммен естідім. Бірақ жадымда қалғаны бір шумақ:

...Сұрасаң, атым Сауыт және бекпін,
Көктемде қоңырлыққа бидай ектім.
Жегетін өгіз де жоқ, түйе де жоқ,
Соқаға Сауытбектің өзін жектім...

Омбыда Қажымұқанмен кездесіп қалып, иық тірестіріпті, сонда Қажекен: «Апырай, тіресуге күшті екенсің, белдесуге белің шыдаса» деп шаптан көтеріп, «әуелетіпті» деген де бір бөлек әңгіме бар.

Мұны жазып отырғаным, Сауытбек – өте сирек есім. Біздің Сауытбек Абдрахманұлы сол сирек есімнің бірі емес, бірегейінің қатарынан орын алатыны сөзсіз.

...Көзі нұрлы, маңдайы ашық екен,
Өресі ойлы, түйсігі басым екен.
Сарғаймаған санасы, көмейі аппақ,
Па, шіркін, туып кеткен асыл екен, –

депті Жолбарыс батырға бозбала кезінде кездескен Орман би шешен. Сол бойда ол Жолбарыстың бет алдына үш мәрте үрлепті дейді ескі көздер. Осы шумақтағы төрт жолдың, меніңше, Сауытбекке де тікелей қатысы бар екені айдан анық. Бұған телегей-теңіз білім мен адами болмысы, жүріс-тұрысы, танымы куә. Оның тәуелсіздік жылдарындағы зақ журналистикасының қалыптасып, дамуына сіңірген еңбегі орасан. Министр кезінде де, он алты жыл «Егемен Қазақстан» газетінің басшысы болған мезгілінде де, одан Мәжіліске қайта-қайта депутат болған кезінде де мемлекет және көрнекті қоғам қайраткерімін деп шіреніп, шалқайған емес, бетегеден биік, жусаннан аласа боп, Құдай берген қалпын бұзбай, азаматтық-адамгершілік тұрғысынан танылы білді. Біреу-міреуге қыр көрсетіп, тісін батырғанын немесе қайрағанын көрген де, естіген де емеспін! Тағы да Жағалбайлы Орман бидің бір шумағы:

...Мінезі ашық, еңсесі биік екен,
Досына адал, жауына тұйық екен.
Елі үшін, халқы үшін еңбек етер,
Бір Алла бере салған ұлық екен! –

деп толғап-толғануы әрлі-берлі ой көкжиегіне көкірегімді тоссам, Жолбарыстың болашағын шырайын шығара – бүгіні бүгін, ертеңгісін де қолмен қондырғандай суреттеген екен ғой, жарықтық! Осы бір шумақтан да Сауытбектің бейнесін көргендеймін.

Алдын ала айтайын, заманымыздың заңғар суреткері әрі кемел ойшылы Әбіш Кекілбаевтың Сауытбек турасындағы бір сөзінде:«Талантты қаламгер, білікті ғалым, шырақтық барын кім-кім де жоққа шығара қоймас. Сергек ой мен серпінді әрекет бүгіндері іргелі қаламгер, ілгері қайраткер бауырымыздың етене мінезіне айналған. Бұл оған табиғатпен қоса, тағдыр да сыйлаған өрелі қасиеттер деп ойлаймын.

Сауытбек – аз сөйлеп, аз көрінгенмен, көп ізденіп, көп еңбектенетін қаламгер. Әдебиетке де, ғылымға да қиын кезеңдердің қилы-қилы сындарын бастан кешіп, әбден пісіп-жетіліп келді. Оның көкірегінде қордаланған талай сыр бар. Айтары да, жазары да әбден жеткілікті. Құдай ғұмыр берсе, оқырманы мен қауымын талай қуантып, талай сүйсінтері сөзсіз.

Елудің белесінен енді асып отырған талантты қаламгер, білікті ғалым, қарымды қайраткер азаматымызға қандай сенім артып, қанша үміт күтсек те көптік етпейді.

Әбіш Кекілбаев



ЖАЗУШЫ Ә.КЕКІЛБАЕВПЕН

қарымды қайраткер азаматымызға қандай сенім артып, қанша үміт күтсек те көптік етпейді» дегені көпшіліктің ойымен парапар келіп тұрған жоқ па!

«Өнер алды – қызыл тіл» дегендей, менің әртүрлі жиындарда, кездесулерде, әркімдердің сөзін тыңдап, іштей сараптап отыратын әдетімді несіне жасырып мәймөңкелейін! Сондай жиынның бірі «Егемен Қазақстанның» редакциясында өткен болатын. Тақырып – тарих және әдебиет. Отырысты акционерлік қоғамның президенті Сауытбек жүргізді. Әлқиссада да төгілді, әр адамға сөз берерде де, әр адамның сөзіне түсінік жасай кеткенде де, жиынды қорытқанда да өте өрелілік танытты. Соңынан демалыс бөлмесінде «дөңгелек үстел» әңгімесіне қатысқандарға шай дастарқанын жайды. Сол жерде көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Исатай мен Махамбет» атты бір томдық зерттеу кітаптың авторы ағамыз Әнес Сарай жұртты елең еткізген бір сөз айтты. «Түптің түбінде сен лидер боларсың-ау» деді Сауытбекке. Жұрт жым-жырт бола қалды. Қайдан білейін, сол «түптің түбі» келгендей де көрініп кетеді маған! Келмесе – келеді!

Ауыз толтырып айтатын тағы бір әңгіме Сауытбектің баспасөздің құлашын кеңге жайдырып, әлемнің көрнекті де көсем, талантты да дарынды адамдарын «Егемен Қазақстан» бетінде сөйлетуі жөнінде. Сол кезде газеттің таралымы тез өсіп, оқырман «Егеменді» күтіп жүретін дәреже орын алды. Екі жүз мыңнан асқанын анық білемін. Бұл бәрінен бұрын газет басшысының көрегендігі еді деуге мүмкіндік бар. Әріректі қозғамай-ақ, 2000 жылдан бергі сұхбаттардың тым сәтті өтіп, жаппай ризашылық тудырғаны рас. Атап айтсақ, Тәжікстан Республикасының президенті Эмомали Рахмонов, Грузияның бұрынғы президенті Эдуард Шеварнадзе, Египет Араб Республикасының президенті Мұхаммад Хосни Мубарак, американдық белгілі тарихшы, саясаттанушы Марта Брилл Олкотт, Кеңес Одағының Батыры, Ингушетия елінің тұңғыш президенті Руслан Аушев, Шыңғыс Айтматов, Сергей Михалков, Наталья Арынбасарова, Михаил Ульянов, Андрей Кончаловский, Сергей Соловьев, Бибігүл Төлегенова, Гүлфайруз Ысмайылова, Асанәлі Әшімов, Сәбит Оразбаев, тағы да басқалары... Осы сұхбаттардың ішінде мені көбірек толқытып, толғандырып, қайта-қайта оқығаным белгілі кинорежисер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, КСРО кинематографиясының үздігі Дариға Тналинамен жүргізілген «Дариға – дәурен» сұхбаты *(2008 жыл, 30 сәуір)*.

Сауытбектің «Жұлдыз» журналындағы мақаласы оқуға түспей тұрғанында *(1970, №5)* шыққан десем, сенесіз бе, сенбейсіз бе? Ол Шыңғыс Айтматовпен алғаш рет сонау университет бітіретін 1975 жылы *(«Лениншіл жас», 26 қараша)* сұхбаттасқан. Ғабит Мүсірепов, Людмила Зыкина, Нұрмұқан Жантөрин, Махмұд Эсамбаевпен де ертеден-ақ жүздескен, сөйлескен. Маған Сауытбек бұл істі тым ертерек ойластырған екен ғой деген ой келеді.

Сауытбектің «Әдебиет әлемі» *(2017)* мен «Өнер өлкесі» *(2019)* атты қостомдығы – назар салып оқыған оқырманға алтын қазына іспеттес дүние. Мұндағы дүниелер рухани өрісіңді кеңейтіп, ой-түйсігіңді молайтып, сезіміңді сергітіп, көңіліңді көркейтетініне еш күдіксіз уәдемді бере аламын. Тек бет аудармай әрі түйсініп, әрі сүйсініп оқу керегіне көзімді жеткіздім десем, артық айтқандық емес. Кітаптағы мақала, сұхбаттардың өресі тым биік, тартымды. Тіпті көркем шығарма оқып отырғандай әсерге бөленесің! Мұндағы айтылған фактілер ертең, бүрсігүні емес, нақты болатын, я болып жатқан жарқын істер ғой. «Дүниедегі не асыл байлықтың бәрі адам баласына жасалады және соны жасаушының өзі – адам» дегендей! Сөзіміз дәлелді болу үшін Олжас Сүлейменовпен сұхбатты, Ақселеу турасындағы толғаныс жазбасын оқуды ұсынамын. Сонда адами бет-бейне, оның парасаттылығы мен өркениеттілігін толықтай түсіне аласың дегім келеді, кітаптың бетін жаңа ашатын оқырманға! Менің көкейімде кептеліп тұрған бірауыз сөз – оқырман жастарға осы екі том кітапты тауып оқыңыздар, бес мың таралыммен жарық көрген бұл қос кітап, тіпті ауылдық, аудандық кітапханаларда бар екеніне кепілдік беремін деген сөз.

1988 жылдың ортасы еді. Ленин атындағы Сарайдың алдындағы Абай ескерткіші жанында Сағат Әшімбаевпен кездесіп қалып, біраз әңгімелестік. Сонда ол Сауытбек туралы ала-бөтен, ерекше екпінмен жақсы-жақсы сөздер айтты да: «Мәке, осы Сауытбек менің бажайлауымша бізден басып озады да, қазақ журналистикасының биік шыңына шығады-ау, шіркін» – деді де үнсіз қалды. Мен не дерімді білмей қалдым. Өзімізбен қатар жүрген жігітті Сағаттай сыншының сонша таусыла айтқанына қатты таңданғанымды жасырмай-ақ қояйын. Ол кез Сауытбектің онша танылда қоймаған кезі. Орталық Комитетте жұмыс істейтін еді. Айтқандай, сонда жүргенінде желтоқсаннан кейін басына бұлт үйірілген Сағат ағасын осы Сауытбек жанын сала қорғаған екен. Оны Сағат маған айтқан жоқ. Сондай кез еді ғой. Оны кейін Сауытбектің «Аға» деген мақаласынан оқыдым.

Кейін Сағаттың жаңағы сөзінің шындығына көзіміз жетті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сауытбектің екі кітабына алғы сөз жазған. 2010 жылы шыққан «Қашаған құрықтаған Қазақстан» кітабының алғы сөзі былай басталады: «Қазақ журналистикасының танымал тарланы, белгілі ғалым және көркем әдебиеттің зерттеушісі Сауытбек Абдрахмановтың қаламынан шыққан әрбір туынды – бұл, ақиқатын айтқанда, біздің еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі оқиғалық құбылыс». Ал 2019 жылы жарық көрген «Абыз Әбіштің» алғы сөзінде «Сауытбек Абдрахмановтың кітабы – Әбіш Кекілбаевтың ұлан-ғайыр ойшылдығын кешенді түрде талдаған күрделі еңбек, яғни кекілбаевтануды кеңейтетін кітап. Мұнда аса қомақты фактологиялық материалдың негізінде Ә.Кекілбаевтың мәдениеттанушылық, өнертанушылық, әдебиеттанушылық, тарихшылық, саясаткерлік қырлары, нағыз энциклопедиялық білімі, терең танымы, академиялық универсиализмі жан-жақты ашылған. Белгілі қаламгердің жаңа кітабы әбіштануды жоғары деңгейге көтеретін, Кекілбаев кемеңгерлігінің көкжиегін көрсететін еңбек деп бағалауға лайықты» деген баға берген.

Сауытбектің қанша кітап шығарғанын білмеймін. Өзін насихаттағаннан тартынғаны ма қайдам, біреуін береді, біреуін бермейді. Әйтеуір, он томдығы жарық көрді. Әрқайсының көлемі 40 баспа табақ! Ол қаншама аударма жасады, қаншама мақала, эссе, сұхбат, көркем очерк жазды, оны басыбайлы санамаса, анау-мынаудың әлі келмес. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алып берген «Абыз Әбіш» кітабының өзі 560 бет, 35 баспа табақ, бастан-аяқ оқып шықтым, ал бірдеңе деуге жүрегім дауаламайды, автордың жанкешті еңбегіне сүйсінесің де, тек жақсылық тілейсің! «Абыз Әбіштің» жуырда әзербайжан тілінде, оның алдында Мәскеуде орыс тілінде жарық көргені бәрімізге ортақ қуаныш. Енді Кеңес Одағының Батыры, генерал Сабыр Рахимов туралы көлемді шығарманы жазып бітіріпті. Үзінділері былтырдан бері «Ана тілі» газетіне шығып келеді. Не деген еңбек, не деген құлшыныс, не деген тәуекел, не деген білім, ізденіс, не деген қажыр-қайрат екеніне таңданып, таңдайымды тақылдата қағамын да:

Жасағандай уақытпенен келісім,
Ұзақ сонар болғандай-ау, өрісің!
Қуатты екен қолыңдағы қаламың,
Баға жетпес еңбек етті-ау сен үшін, –

деп толғанамын!

Жасың құтты болсын, ғұмырлы да өмірлі бол, құрметтім!

Өнер адамдарының өмір жолы әр түрлі болғанымен, тағдырларында ұқсастық бар. Өз дәуірінің жақсылығына сүйініп, жамандығына күйініп жүріп олар ұлтқа ортақ құндылықтарды дүниеге әкеліп, елдік мінезді қалыптастырады. Бірте-бірте бұл мінез болмысымызға һәм өміріміздің ажырамас бөлшегіне айналып, біз оны қалыпты құбылыстай бойымызда бұрыннан бар ананың ақ сүтімен дарыған қасиеттей қабылдайтынымыз жасырын емес.

ҚАЛАМГЕР ҚҰПИЯСЫ



Амангелді КЕҢШІЛІКҰЛЫ

Пендені өмір тәрбиелегенімен, жүрегін адамгершілік сәулесінің шапағатымен арайландырып, тұлға болып қалыптасуына жетелейтін құдіреттің кіндік шешесі – өнер. Тіпті жүз жыл бұрын «Құдай өлдіні» тәпсірлеген пәлсапашылардың содан бергі замандарда «Өнер өлдіні» айта алмағанына қарағанда, адамзат үшін өнерден ұлы тағылым, өнерден биік мұрат қалмаған сияқты.

Осы тұрғыдан бағаласақ, қазақтың ұлы өнерін асқар шыңға көтерген біртуар тұлғаларымен етене араласып, табақтас болып, тағылымын бойына сіңіріп, тұлғаға айналып, жетпіс беске толып отырған публицист әрі әдебиеттанушы Сауытбек Абдрахманов – бақытты қаламгер. Таяуда оның «Mereke» баспасынан жарық көрген он томдық шығармалар жинағын шолып шығып, осы шындыққа көзім жеткендей болды.

Шығармашылық адамының өмірлік мұраты алғашқы қадамынан-ақ менмұндалап тұрады емес пе. Кейіпкеріміздің студент шағындағы көлемі шағын дүниелерінен-ақ келешекте үлкен кітапқа, іргелі зерттеуге айналатын ізденістің ізін көріп, түбіт мұрты тебіндей бастаған бозбаланың зеректігіне тәнті бола түсесің. Көңілі тоят таппаған студенттің жазбаларынан «Артымда ұлтымның кәдесіне жарайтын қандай дүние қалдыра аламын?» деген сынайдағы жас жүрегінен жалындаған сезім ұшқынын аңғарып, талабына сүйсінесің. Тап осы ой сексенге жақындап қалған Сауытбекті әлі де толғандырып, студенттік жылдардағы мазасыздықтың дауылы бір басылмай, әлі күнге дейін жанына тыныштық бермей келе жатқандай ма, қалай? Соңғы бір жылдың ішінде ғана оның республикалық басылымдарда айтар ойы бөлек, мағынасы терең эсселері мен мақалалары жарияланып, бірнеше кітабы жарық көрді. Қазақ өнерінің корифейлерін орыс оқырмандарына кеңінен таныстыру жолында да тынымсыз еңбек етіп келе жатқан зияткердің әбжілдігіне, санасының сергектігіне таңғалмасқа амал кем. Жас кезінде жаны мазасыздықтың дауылына ұрынып, елу жыл өтсе де содан тыным таппай келе жатқан қаламгердің, шаршап-шалдығудың орнына керісінше, одан рахат ала түсетінінің құпиясы қандай? Табиғат та кейде өнім беруден шаршайды ғой. Ал Саукеңнің жасына қарамай, жақсылардың өнерін қазымырлана зерттеп, содан ләззат ала беретінінің себебі неде?

Әлем әдебиетінің жарқыраған күні – ұлы Толстой да сексеннің сеңгіріне таяғанында әлі ештеңе тындыра алмағанын айтып қапаланыпты. Мазасынданып, жаны тыныштық таппай күйзеліпті. Соған қарағанда, ұзақ жасаған сайын жазушыға алынбаған асқарының көзді алдаған сағымдай әлі де алда болып елестеуі өнердің мүмкін, тіпті өмірдің бір жазылмаған заңдылығындай болып көрінеді маған. Дегенмен қанша өмір сүрсең де шығармашылық ғұмырыңның мән-мағынасын құрайтын бір кітабың болмаса, дүниеге құр қиял қуып босқа келіп, түк таба алмай босқа шаршап қайтқаның. Өнердің екі үлкен – саяси публицистика мен әдебиеттану саласында толайым табыстарға жетіп, тәуелсіз Қазақстан тарихында өз орны бар Сауытбек Абдрахмановты осы тұрғыдан алғанда, жұлдызы жанған қаламгер демеске қақымыз жоқ.

Оның біз оқып шыққан «Қашаған құрықтаған Қазақстан», «Төлтума мен телтума», «Пушкинтану парақтары», тағы да басқа толып жатқан іргелі еңбектерінің өз оқырманын бейжай қалдырған кезі болған емес. «Жігітке жеті өнердің өзі де аз» деген тәмсіл осындайда еріксіз ойыңа оралады. Бәзбіреулер бір саланың өзінде мандытып маңызды ештеңе тындыра алмай жүргенде Сауытбек Абдрахмановтың отандық журналистикада да бәйгенің алдын бермей, әдебиеттануда да аузын айға білеген академиктер мен профессорлардың аузын ашқызып, көзін қолынан турашыл да адал шежіреші болу миссиясы келгенін толық жауапкершілікпен айта аламын».

Сауытбек Абдрахмановтың «Пушкинтану парақтары» еңбегін оқып шыққанымызда әңгіземіздің бірінші бөлімінде сөз қылған қаламгердің публицистикалық шеберлігінің құпиясын оның әдебиетті терең білетін парасатымен байланыстырмасқа әддіміз қалмады. Уақытында әдебиетіміздің ақсақалы Мұзафар Әлімбаевтың ғалым інісінің әдебиеттанудағы жанкештілігіне жұмғызатын салиқалы еңбектерді жазып оза шабатын қаламгерлік қуатының құпиясы неде? Жүйрік аттай құйындатқан дәуірмен жарыса жүріп уақыттың шаңына көміліп қалмай ол Пушкиндей ұлы ақындардың шығармашылығы туралы парасатты дүниені туғыза алатын шалқар шабытты қайдан табады? Бұл қиын сауалдың өз ісіне бар жан-тәнімен берілген адалдықтан басқа да жұмбағы болса керек. Тәуекел етіп, шамамыз жеткенше сол жұмбақтың түйінін тарқатуға тырысып көрейік.

Гетенің «Фаустында» жер рухының «Сен өзің танымақшы рухқа теңсің» деп айтататыны есіңізде шығар. Қазақтың Асқар Сүлейменов, Әбіш Кекілбай, Ақселеу Сейдімбек секілді ойы терең, парасаты биік қабырғалы қаламгерлерінің замандасы һәм рухтасы болған Сауытбек Абдрахмановтың әр жазған дүниесінен байқалатын парасат пен пайым, мейлі ол публицистикалық мақала, эссе немесе көркем очерк болсын сол суреткерлердің бойынан жұққан асыл қасиетке көбірек ұқсайды. Міне, сондықтан да оның қаламынан туған кез келген дүниесі көркем шығармадай оқылады. Жалықтырмайды. Оқырманын сүйсіндіріп, келесі еңбегінде алған тақырыбының жілігін қалай шағып берер екен дегізіп, ынтызарлығын арттыра түседі. Айтқаныма көз жеткізгіңіз келсе, «Қашаған құрықтаған Қазақстан» деп аталатын біздің мемлекеттің сыртқы саяси қызметіндегі ірі оқиғаларға арналған мақалалары мен сұхбаттарынан тұратын кітабын оқып көріңізші. Заманның тынысын сезінгендей әсер аласың. Қазақстан мемлекетінің әр түрлі тарапта жүргізіп жатқан салиқалы саясатының тереңіне бойлап, тәуелсіздігіміздің қадір-қасиетін түсініп, осы жиырма жыл ішіндегі толайым табыстарымызды таразылап, тәубеңе келесің. Қарымды қаламгердің бұл ерекшелігі туралы кітапқа алғысөз жазған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақсы айтыпты: «Кітап авторы шынайылықпен және бейнелі суреттеген көптеген оқиғалар маған таныс, өйткені мен оларға тікелей қатыстым. Сондықтан да С.Абдрахмановтың қазір қаншама талпынып, талмай-танбай тырбанса да, соңдан соқпақ салып, тыңнан түрен түсіріп кете қоюы неғайбыл». Оның үстіне ақын жайында жазылған кітаптардың, мақалалардың көптігінен басың айналып, көзің тұнатын болса, бұл тақырыпты індетудің қажеті қанша? Мысал үшін «Библиография произведений А.С.Пушкина и литературы о нем. 1937–1948» деген бір ғана жинақта ұзын саны 7012 кітаптың, зерттеудің, рецензиялық мақаланың аты тіркелген екен. Жарияланған басылымы көрсетілген 747 беттік бұл кітап небәрі он жылды, оның өзінде елде баспа да көбейе қоймаған, газет-журнал да аз шығатын отызыншы, қырқыншы жылдардағы он жылды қамтығанын, оған облыстық, аудандық газеттердегі жарияланымдар енбегенін, ең бастысы, шет тілдердегі, Кеңес Одағының ұлт тілдеріндегі дүниелердің атымен сырт қалғанын ескерсек, пушкинтанудың алапат ауқымын өзіңіз де аңғара аласыз. Солай бола тұрса да қазақ оқырманы үшін бұл кітап – үлкен олжа. Өйткені біз Пушкиннің көл-көсір мұрасына қазақтың жанарымен қараған және оның асыл қазынасына қазақтың көзімен баға берген іргелі еңбекпен тұңғыш кездесіп отырмыз. Осы уақытқа дейінгі аралықта отандық әдебиеттануымызда Пушкин туралы жекелеген мақалалар ғана болмаса, ұлы ақынның ұлттық мәдениетіміздегі алатын орнын белгілеп беруге талпыныс жасаған, монографиялық еңбекке татитын, тұтас бір кітап жазған кесек туындыны оқыған емеспіз. Өз дәуірінде австриялық жазушы Стефан Цвейгтің француздың ұлы жазушысы Бальзак, Францияның әйгілі қаламгері Ромен Ролланның орыстың ұлы жазушысы Толстой, ал орыстың әдебиеттанушысы Алексей Виноградовтың Стендаль мен Байрон туралы кітап жазғандарын әдебиет тарихынан жақсы біледі. Ендеше, тәуелсіздік алғаннан кейін өзге елдің мәдениетін еміп туған ұлы ақындардың шығармашылығы туралы іргелі еңбектердің қазақ топырағында да дүниеге келе бастауын қуанышпен қабылдауымыз керек. Әсіресе өркениетті елдердің бәрі де маза таппай, әлемді табыстыратын жалпыадамзаттық құндылықтарды іздеп жатқан өліарада, егемендігін кеше ғана алып, ұлтының тәуелсіз санасын қалыптастырғысы келетін Қазақстан үшін Пушкин сияқты ұлы ақындардың еңбегіне үңілудің маңыздылығы бұрынғыдан бетер арта түседі. «Шайнап берген ас болмас» десек те, өкінішке қарай, біз әлі күнге дейін әлемнің ұлы ақын-жазушылары туралы Ресей сыншыларының танымына сүйенуден әріге аса алмай келеміз. Етіміз үйреніп кеткені соншама, бізге ылғи да олардың шығармашылығына басқаша көзбен қарау мүмкін еместей болып көрінеді. Сауытбек Абдрахмановтың еңбегі орыстың ұлы ақынының даналығы мен даралығына басқаша көзбен қарауға жетелейді. Ұлы Абайдың неліктен орыстың ең алғашқы ұлттық ақынының шығармашылығына сонша-лықты терең үңілгенінің астарлы себебін түсіндіреді. Әрине, көзінің майын тауысып, жүздеген кітаптар мен мақалаларды қайта-қайта оқудың арқасында дүниеге келген іргелі еңбектің құндылығын түсіндіріп беру үшін бір мақаланың аздық ететіні өздігінен түсінікті. Ондай мақсатты алдымызға қойған да жоқпыз. Біз бұл мақаламызда қолымыздан келгенше қарымды қаламгердің журналистикада да, әдебиеттануда да оза шабатын шығармашылық шеберлігінің құпиясын табуға тырыстық. Күрделі болып көрінгенмен, ол сауалдың жауабы біздің ойымызша қарапайым ғана. Жазушы Асқар Сүлейменовтің сөзімен айтсақ, ол – өнердегі мінез. Ол – уақыт толқынымен ағып кетпей, бәрін де сабырмен, бойына жинаған білімімен жеңуге тырысатын төзімділік. Ол – тәуелсіз Қазақстанның тарихында болып жатқан өзгеріс пен оқиғалардың бәріне де мемлекет мүддесі тұрғысынан қарап, мемлекетшіл азамат ретінде сөйлейтін парасаттылық. Ол – бір үлкен анықты дәлелдеу үшін кітапханалардың шаңын жұтып, жүздеген еңбектерді оқып шығудан ерінбей, алған тақырыбының түбін түсіріп зерттейтін жанкештілік. Ол – сендей сіресіп қатып қалған қағидаларды бұзуға тәуекел етуден қорықпайтын өжеттілік. Ол...

САУЫТБЕКТІҢ САУЫТЫ

Қырандай қыр басынан қия шалған,
Зерлі ойды зердесіне құя салған.
«Ұядағы» ұядай шаңырақта,
Бір тылсым кеудесіне ұя салған.

Қаламның қасиетті назы құттай,
Қалмайсың көңілінің сазын ұқпай.
....Келестен кербез ескен керімсалдай,
Басында кеме қалған Қазығұрттай.

Тоғысқан бір өзіне бейне ғалам,
Жаны оның жырға да алаң, күйге де алаң.
Сауыты Сауытбектің – берен сауыт,
Өзі де есіміндей сирек адам.

Ғаламға ғаламатын таныта алған,
Қашанда шын таланттың шабыты ардан.
...Пушкиннің «Пайғамбарын» сен жырладың
Құранның сүресінен бағыт алған.

Бос сөздің қумаған жан бос елесін,
Ер Сәукем,
ертеңдесің,
кешедесің.
Тұрғансың Тәуелсіздік мінберінде
Көгерткіш көсемсөздің көсегесін.

Ағасы, осы қазақ
аңыз жұрт па?
Айналса тағдырың ғой тамыз құтқа.

«Абыз Әбіш» жайында толғай-толғай,
Ат байладың өзің де абыздыққа.

Е, көгергір көңілім,
жазға шыда!
Қамқа тонның кім кепіл тозбасына?
...Ақселеудей арыстар қайтқан сайын,
Ерік беріп тұрғанбыз көз жасына.

Дерегі мен дәйегін алыс күннің,
Кино жайлы ойында жарыстырдың.
...Француздың Гюгосын қазақшалап,
«Бейбарыс Сұлтанмен» де таныстырдың.

Құмасаң да біреудің қашқан бағын,
Берік болды туғалы баспалдағың.
... «Егеменнің» бетінде жарқыраған,
Сен қол қойған дариға-ай, дастандарым.

Жолдайтынмын өзіңнен бақ құйса деп,
Қайран жырым ойыңа шақ сыйса деп.
Жаяу Мұса жайында поэмаға,
Өз қолыңмен ат қойдың «Ақ сиса» деп!

Керуенімнің болса екен бағыты аман,
Көшкен сайын жақсылар қауіп алам.
....Жалғыз ғана Батырбек ағасы емес,
Сауыт болған бізге де Сауыт ағам.

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ

№44 жұма 6 қараша, 2026 жыл

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚӘЗІРГІ

Ұлы державаның пірезійденті В.В. Путин мырза: «Қазақ халқы – орыстілді халық», – деді. Сіз оған қалай қарайсыз: жала ма, әділ баға ма? Қазағыстанда тұратын 20 млн халықтың бәрі де орыс тілін біледі, түсінеді. Ал қазақ тілін өзгелер түгіл қазақтардың өзі де түгел білмейді, қазақша сөйлемейді. Менің бұл пікіріммен келісесіз бе, келіспейсіз бе? Мен ашық сұрап отырған соң, сіз де ашық жауап беріңіз!

Оның үстіне, қазақша біледі дегендердің бәрі қазақша дұрыс сөйлемейді, дұрыс жазбайды, көбі жалғамалы тілге жататын қазақ сөздерін бұзып, табыйғатын сақтамай, өзге тілдің мәнерімен, кейде қазақ тілінің негізгі заңы – үндестік заңын сақтамай сөйлейді. Оған сіз басқарып отырған А.Байтұрсынұлы атындағы ҚР Тіл білімі иністійтұты тікелей кінәлі. Менің бұл бағамды сіз жала деп қабылдайсыз ба, жанашыр сын деп қабылдайсыз ба? Әлде...

Мен өзім мұны шындық санаймын. Себебі сіз 1940 жылы 23-мамырда қазақтарды орыстандыру мақсатымен жасалған, 1957 жылы, одан кейін де жетілдірілген, шын мақсаты қазақ тілінің табыйғатын, йағный айтылуы мен жазылуының бірдейлігін бұзу болған емлені әлі күнге дейін өзгертпей, қазақ тілінің табыйғатына сай емлені жасамай және оны жасауға талпынбай да отырсыз. Сіз, әрійне, олай ойламайтын боларсыз? Неге? Сіздің ойыңызша, бұған кім кінәлі: басшылар ма, халық па? Әлде ешкім кінәлі емес пе?

Сіз ғалымсыз, мемлекеттік тілдің дамуына да, тоқырауына да тікелей жауап беретін басшысыз. Ұлттың өзін, сөзін, тілін сақтау сіздің қызметіңізге бастан-айақ байланысты. Сондықтан сіздің өзгелерге ұқсап жайбарақат, мамыражай күн кешіп, тілдің барлық мәселесін шешіп тастаған адамша жүріп жатқаныңыз менің жаныма қатты батады. Өйткені сіз ұлттың тілін сақтауға, дамытуға міндеттісіз әрі ғылымый негізде ғана жұмыс істеуге тійіс мекемені басқарып отырсыз.

Қазағыстанның тәуелсіз мемлекет болғанына, құдай бұйыртса, отыз бес жыл болады. Еліміздің тұңғыш конституцтұтсыйасына «Қазағыстан республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп жаздыра алғаны үшін Нұрсұлтан Назарбаевқа бәріміз шексіз рыйза болдық. Көзімізге жас алып тұрып құуандық. Әр обылыстың, әр ауданның әкімдігінде Тіл кәмійтеті құрылды. Қәзір оның кейбіреуі ақырын-ақырын жабылып жатыр.

Ата заңымызда «Қазақстан республыйкасының әрбір азаматы мемлекеттік тілді біліуге міндетті» деген жазыу жоқ. Мемлекеттік тілдің мемлекеттік қызметкерге, мемлекеттің өзіне қандай қатысы бар екені де белгісіз. Жарайды, оның ары жақ-бері жағын қазбаламай-ақ қойайық, бәрі болмаса да, *мемлекеттік тілдің мемлекеттік емлесі болыуы керек емес пе?* Оны жасайтын сіз басқарып отырған мекеме емес пе? Отыз бес жыл бойы мемлекеттік тілдің төл емлесін жасай алмай отырған мекеме қандай мекеме?

«Күн көсем» деп көкке көтерген Істәліннің сөзімен айтсақ, «орыс тілін інтегірацыйалауға кедергі келтіретін қазақ тілін» шал-кемпірдің тілі етіу керек деген жоспарын жүзеге асырыу үшін жасалған кеңес заманының емлесін осыншама уақыт бойы өзгертпей, аса табандылық жасап отырыуыңызға қандай себеп бар?

«Ұлтымыздың ұлы ұстазы» деген атаққа ійе болып отырған Ахмет Байтұрсынұлының негізгі қағыйдаларын емле еткізбей қасарысып отырыуыңызға қандай себеп бар?

Қәзіргі емледе қазақ тілінің жалғамалы тілге жататыны айтылмайды, ол айтылса, тіліміздің ұлттық ерекшелігі бар, өзіндік жүйесі бар ежелгі тілдің бірі екені білініп қалады. Ол Істәліннің қазақ тілін құртыу жоспарына қайшы келеді. Сонда сіз Істәліннің жоспарын жақтайсыз ба?

Хәлел Досмұхамедұлы ағамыз қазақ тілінің негізгі заңы – үндестік заңы, йағный сійнгармонизм екенін айтыуындай айтып, дәлелдеудей дәлелдеп-ақ кеткен ғой. Бірақ қәзіргі емлемізде «Қазақ тілінің негізгі заңы – үндестік заңы» деген де сөйлем жоқ. Олай жазылса, сөздердің бірде-бірі қазақ тілінің табыйғатына бағынбастан тілімізге ене алмас еді, емлеміздің он сегізінші парагрфындағы бұйрық заң да болмас еді.

Ауыз бен мұрын секілді адамға тұуа бітетін мүше емес, тіл – қондырғы. Ал қондырғыны қалай қондырсаң, сол қондырғының бойынша қордалана береді. Сондықтан емле-қондырғыны тек ата-бабаң қондырып келген жерге ғана қондырыу керек.

Олардың айтқан емлесі қазақ тілінің табыйғатына жат па? Әлде ескірді ме? Неге олардың емлесін жүзеге асырмай отырсыз?

Сіз менің «Істәлін» деп жазғанымды қатты, өте қатты жақтырмайтын шығарсыз. «Әлем «Сталин» деп жазады ғой», – дерсіз. Мүмкін, әлем солай жазса, жазатын шығар. Ал қазақ тілінің табыйғатына олай жазыу – мүлдем қайшы. Қазақтың бірде-бір сөзі қатар келген екі дауыссыз дыбыстан басталмайды. Өтірік десеңіз, бір сөз тауып беріңізші!

Қазақ ешқашан «Смайыл» деп сөйлемейді, не Ысмайыл, не Сымайыл дейді. Сол сыйақты, орыстар да «Тәңірбердіні» «Танирберди» деп, «Уәлійханов» дегенді «Валиханов» деп жазады. Бұл – ол тілдің артықшылығы да, кемшілігі де емес, ерекшелігі, табыйғаты. Оны бұзыу – қыйанат. Қазақтың атын әлемге таратқан Жәкеңнің өзі:

Мен өзім тоқсан беске быйыл келдім,
Өмірдің алыуан-алыуан сыйын көрдім.
Сәулетті Істәліннің заманында,
Келеді әлі талай жасай бергім, – демеп пе еді?!

Кезінде «Стамбұл» деп жаздырды, қәзір «Ыстамбұл» деп жазып жүрміз.

Істәліннің қазақ халқын да, қазақ тілін де қалай құртыуды қалай жоспарлағанын білгелі бері емлеге енжар қарайтындарға мен де басқаша қарай бастадым.

«Сталин» дегенді «Істәлін» дегені болмаса, Істәліннің алдында қазақ халқының ешқандай кінәсі жоқ. Алайда ол қазақ халқын қалай бұудандастырып та, қырып-жойып та жоқ қылыуды Ленінің тірі кезінде-ақ жоспарлапты. Бұрын мен де дүдәмәл едім, быйыл оған көзім біржола жетті.

Мемлекет басшыларынан басқа ешкім оқый алмайтын, «Аса құпыйа» деген үрейлі ескертпесі бар Істәліннің жеке мұрағаты бар екен. Оның адам шошырлық айар қылықтарына көзіміз жетпей, алдамшы сайасаттарына сеніп, алданып келген екенбіз.

Азамат соғысының асқынып тұрған кезінде, 1920 жылдың 23-маусымында ол В.И.Ленінге Түркістан аймағы мен қырғыздар жайында мәлімет жазып, қазақтар жөнінде бес түрлі ұсыныс жасапты.

1. Далалықтарды жазалайтын әтіретерді күшейтіу. Кез келген қарсылықты қатаң жазалау.

2. Ауқатты қазақтардың малын кәмпескелеп, економыйкасының қайнар көзін толық қыйратыу.

3. Тым жауыққан тайпаларды күштеп жер аударыу. Ұрыулық құрылымдарын қыйратыу.

4. Көшпенділерді отырған орнынан көшіріп, зорлап ұжымдастырыу (колхоздастырыу). Көшпелі өмір кеңестік құрылыспен еш сәйкеспейді.

5. Балаларын отбасынан бөліп алып, орыс тілді інтернатқа беріу. Балаларды тамырынан ажыратып, Мәскеуге пейілді етіп тәрбійелеу (РФ мемлекеттік мұрағаты: Сайасый-әлеуметтік тарыйх. 2-қор, 1-жазба, 24/312-іс).

Бұл жазба «Аса құпыйа» деген айдармен И.В.Істәліннің жеке мұрағатында сақталған екен: 558-қор, 11-жазба.

Қолмен жазылған бұл қағазға Ленін: «Согласен в главном, но без излишных жестокостей» деп бұрыштама жазыпты. Істәлін қызыл қарындашпен «согласен в главном» деген сөздің астын екі мәрте сызып қойған екен. Мұны інтернетте жарыйалап отырған – «Цари СССР» арнасы.

Бұл – тарыйхый құжат, дәлел, куә, біреуден естіген өсек те емес, жапқан жала да емес, шындық. 1932, 1933 жылдардың ашаршылығы да; 1928–1929 жылдардың ұлы кәмпескесі де; балаларды ұлттық түбірінен ажыратып, басқа ұлтқа айналдырып бұудандастырыудың да – бәрінің түп қазығы осы құжатта ап-айқын көрініс беріп тұр. Істәліннің жеке мұрағатында тек бұл хат емес, қазақты жоспарлы түрде қалай құртыудың сырын ашатын талай құжаттар да сақталыпты.



1932–1933 жылдардың ашыршылығын біз «Басшылықтың қәтесі», «ұлттың ерекшелігін ескермеудің кесірі» деген сыйақты сыйпақтатыулармен сыйпаттап келсек, шындығында, оның бәрі жоспарлы түрде жасалған, йағный нағыз генөсійт (геноцид) екен. Оны әлем мойындауы қәжет емес, қазақтың өзі солай бағалағаны жөн.

Қырылатыны қырылып, қашатыны жан-жаққа қашып, өз жерінде өте аз ғана қалған халықтың жағдайын білген Істәлін 1934 жылы: «Это – возмездие за сопротивление», – депті. Бұл – қәтелік жасаған адамның емес, жазалаған адамның сөзі.

Кезінде В.Михайловтың «Великий джут» кітәбін оқығанда («Жалын», 1996), неге Істәлін осыншама адамның қазақтардың аштан қырылып жатқанын хабарлаған хатына көңіл аудармаған деп ойласам, енді оның сыры әбден түсінікті болды.

Істәлін 1934 жылы сайасый бұйроға жазба ұсыныс түсіріп, Қазақ зыйалылары Байтұрсыновты, Дұулатовты, Бөкейхановты қамауға алыуды, демографыйалық тепе-теңдікті өзгертіу үшін орыс және ұқырайын шарыуаларының Қазағыстанға қоныс аударыуын күшейтіуді, сөйтіп қазақтарды өз жерінде азшылық етіуді, дәстүрлі ауылдық қатынасты қыйратып, қазақтарды економыйкалық дербестігінен айырыуды талап етіпті.

Істәліннің бұл жеке мұрағатын Н.С.Хрущевтің оқып, соны жүзеге асырғаны анық. Егер оны 1964 жылы Л.И.Брежнев орнынан тайдырмағанда, енді төрт-бес жылдан соң қазақтар солтүстіктегі бес обылыстан біржола айрылғандай екен.

Орыс тарыйхшысы Татьяна Каптюкова қазақ тілін бірте-бірте жойыу жөнінде Істәліннің ОК ұйымдастырыу бұйросына жазған құпыйа ұсыныстарын жарыйалапты (РФ мемлеткеттік мұрағаты, 17- қор, 120-жазба, 41-іс).

Орыс тілінің таралыуына (інтеграцыйасына) қазақ тілі айтарлықтай кедергі келтіріп отырғанын айта келіп, мынандай ұсыныстар жасапты:

1.Барлық мектепті он жылдық мерзімді орыс тіліне көшіріу. Қазақ әдебійетін басып шығарыуды тоқтатыу, маркістік әдебійеттерді ғана аударып басыу.

2.Іс жүргізіуді қазақ тілінен орыс тіліне көшіріу.

3.Қазақ жазыуын реформалау: алдымен латынға, сонан соң кійрілге көшіріу. Отыз, қырық жылдан кейін қазақ тілі карттар мен ауылдағылардың тілі болып қалыуы керек те, *ал жастар орыс тілінде сөйлейтін болыуы тійіс.*

Мұны басшылыққа алған партыйа ұйымдарының қалай қызмет атқарғанын айтып жатыудың өзі артық. Алайда осы сайасаттың әлі де мысықтабандап жүзеге асып жатқанына сіз өзіңізді кінәлі санамайсыз ба? Ал мен өзімді кінәлі санаймын, сондықтан әлім келгенше арпалысып келем.

Істәліннің 1952 жылы қарашада жазған құпыйа жазбалары да бар екен. Төрт айдан соң қайтыс болды.

Арада Ұлы Отан соғысы өтті. Қазағыстанда құрылған 316-атқыштар дійвізійасының Мәскеуді қорғауда айрықша ерлік көрсеткені әлемге айан. Бірақ Істәлін сонда да қазақтарға жауыздықпен қарауын қоймапты. Сол соғыста кеңес халқы 27 млн адамынан айрылыпты. Тарыйхшылардың талдауына қарағанда, солардың аз дегенде, 17 мілійөні Істәліннің тікелей кінәсінен қырылған сыйақты. Жеңістің аты жеңіс. Бірақ 17 мілійөн деген дырдай бір мемлекеттің адамы емес пе?

1952 жылы қарашада Істәлін Қазағыстандағы қазақ халқының үлесі отыз пайызға төмендеп, өзге ұлт өкілдерінің үлесі жетпіс пайызға жеткенін өте жоғары бағалапты. Қазақты құртыу жоспарым жүзеге асты деп құуанған ғой. Бірақ қазақ, құдайға шүкір, әзер-әзер аман қалды, 1991 жылы тәуелсіз мемлекет болды. Тек, әттең, тілдің түйткілі әлі алауызданып

ЕМЛЕСІ – БҰҒАУ:
ҚАҒЫЙДА ЕМЕС, ҚАҚПАЙЛАУ

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚР Тіл білімі іністійтұтының деректірі
Анар Фазылжановаға Ашық хат

келеді. Соған негізгі кінәлі сіз басқарып отырған Тіл іністійтұты екеніне күдігіңіз бар ма? Әлде бәрі дұрыс, бәрі орнында, тек менің тағып отырған кінәм теріс пе? Онда талдап көрелік.

Әрбір тіл қағыйдасы сол тілдің табыйғатынан шығуы керек, бір қағыйда шығарып алып, тілді соған бағындыруға болмайды дейді Ахаң. Әлде мен өтірік айтып отырмын ба? Оны сіз де оқыған боларсыз, Анар?

Ал тілдің табыйғаты деген не?

Мен, мысалы, бала кезімнен *«қыйын»* деген сөзді естіп келе жатқан адаммын. Оны 1957 жылдың маусым айына дейін *«қы+йын»* деп бұуынға бөліп келдік. Мен тоғызыншы кыласта оқыйтын едім; қазір, содан бері «қиын» деп жазамыз, «қи+ын» деп бұуынға бөлеміз.«Қ» –дан кейін «ы» естіліп тұрса да, оны жазбаймыз. Тіліміздің табыйғаты осы ма?

Қазақ тілі жалғамалы тілге жатады дейді Ахаң, сондықтан сөздердің *басқы бұуыны* немесе түбірі жұуан болса, оған жалғанатын бұуындар да, қосымшалар да жұуан болып жалғанады деп үйретеді. Немесе керісінше, сөздің басқы бұуыны мен түбірі жіңішке болса, оған жалғанатын бұуын да, қосымша да жіңішке болмақ. *Тілдің табыйғаты деген – осы:* естіліп, айтылып тұрған әрбір дыбыс жеке әріппен таңбаланыуы тійіс, ал естілмей тұрған дыбысты таңбалауға болмайды. Ал енді бірінші сыныптың оқыушысы «қи» деген бұуынды «қый» деп оқый ма әлде «қій» деп оқый ма? Әлде басқы бұуынға емес, соңғы бұуынға қарап керісінше оқый ма?

Сонда Ахаң айтқан қағыйданы теріс айналдырып, *сөздің соңғы бұуыны жұуан* болса, *оның басқы бұуындары да* жұуан болады деп үйретіуіміз керек пе балаға? Сонда, қазіргі емле бойынша, қазақ сөзінің табыйғаты оның түбірі мен басқы бұуынынан емес, қосымшасы мен соңғы бұуындарынан белгілі бола ма? Әлде қазақ сөздерінде бас та, соң да болмай ма?

«Жый» деген де сөз бар, оны «жи» деп жазып жүрміз. Бала оны қалай оқыйды: «жый» деп пе, «жій» деп пе? Емлеге осындай сөзжұмбақ жараса ма?

«Киім» деп жазамыз, «ки+ім» деп бұуынға бөлеміз. Ал қазақ тілінің табыйғатында бұл сөз «Кійім» деп айтылады. Олай болса, неге «кі+йім» деп бұуынға бөліп, естіліп тұрған «і» дыбысын «к» –ден кейін жазбаймыз?

Ахаң қазақ тілінде дауыс екпіні немесе бұуын екпіні сөздің не соңғы, не соған жақын бұуынға түсетінін айтады. Олай болса, «кійім» дегенде, екпін «–ім» деген соңғы бұуынға түсіп, ол «кі+йі+ім» болып алдыңғы бұуынға қарағанда созымды әрі екпінді айтылуы тійіс қой. Ал «ки+ім» деп жазсақ, «ім» дегенді созып айта алмаймыз. Өйткені дауыс екпіні оған емес, алдыңғы бұуынға түседі де, Хәлел ағамыз айта беретін үндестік, йағный кедергісіз сөйлеу заңы бұзылады. «Ки» деп дік еткізгеннен кейін «ім» дегенді созыуға деміміз жетпейді.

Өстіп бұуынға бөліу қалайша дұрыс емле бола алады?

Саралап қараңызшы, «қыйын», «жыйын», «кійім», «тійіс», «быйыл» секілді сөздерде естіліп тұрған «ы», «і» дыбыстарын жазбаудың салдарынан қазақ тіліндегі бұуын үндестігін бұзып, тіліміздің табыйғатын зорлап, оларды «*қи*-ын», «*ки*-ім», «*ти*-ім-ді» тәрізді бұуынға бөліуге неге мәжбүр болып жүрміз.

«Қыйған», «жыйған», «тійімді» тәрізді сөздерді де зорлап неге «*қи*+ған», «*жи*+ған», «*ти*+ген» деп жазып жүрміз? Бұуын дұрыс жазылмаса, оны қалайша дұрыс оқыуға, дұрыс айтыуға болады?

Мұндай зорлыққа ұшырап жүрген сөздер тілімізде толып жатыр: а+қый-+қат, са+қый+на, кій+гіш, ій+гіш, тій+ме, шый+май, қы+йа+нат, ты+й-а+нақ, кі+йім, ші+йе, т.с.с. Осындай сөздердің бәрін «қи+ын», «жи+ын», «ки+ім» секілді жұлқып, сілкіп сөйлейтін бұуынға айналдырдық. Сөйтіп тіліміздің сөйлеу табыйғатын бұздық. Не үшін? Кім үшін? Сөзімізді осыншама бұзатын емле бізге не үшін соншама қәжет болды?

Оның жауабы біреу ғана: орыс тіліндегі «и» әрібін қазақ тіліне енгізіу үшін! Сол арқылы қазақ тілінің сөйлеу, айтыу табыйғатын бұзып, орыс тілінің сөйлеу, айтыу табыйғатына жақындатыу үшін. Жоқ әлде сіз білетін басқа себебі бар ма?

Емлемізде *1940 жылға дейін болмаған «и» әрібін* емлемізден алып тастау керегі осы мысалдардан-ақ сізге көрініп тұрған жоқ па? Бұл әріп тілімізді бұзып тұр ма, түзеп тұр ма?

Екі дыбысты бір әріппен белгілесек, екі бұуынға бөлінетін дыбыс бір бұуынға тығылып, айтыу мәнері, йағный қазақ тілінің Хәлел ағамыз айтқан үндестік заңы бұзылады да, сөздің Ахаң айтқан әуезділігі де бұзылатынын сіз менен артық біліуге тійіссіз ғой? Сіз ғалымсыз, мен қазақ тілі мен әдебійетін оқытыушы ғанамын. Мәселен, «*Қыйадағы* түлкіге құсым жетпес» деп әндетеміз, бірақ «*қия-да*» деп жазамыз. Сазгерлердің бұл сөзді нотаға қалай түсіріп жүргенін мен тіпті түсінбеймін. «Қиядағы» сөзін тарқатып жазсақ, «қийадағы» болады. Оны бұуынға бөлсек, «қи+йа+да+ғы» болады, «қ»-дан соң естіліп тұрған «ы» дыбысы мүлдем белгіленбейді. Бұл қалай?

«Былтыр құлын – *быйыл* тай», «*Дійірменнің* тасындай шыр айналған *дүнійе-ай*» дейміз, бірақ «биыл», «диірмен», «дүние» деп жазамыз. Ал сазгерлердің бұл сөздерді қалай дұрыс нотолап жүргенін білмеймін. Қазақта «мый» деген сөз бар, сазгерлерде «ми» деген нота бар, «мій» деп оқылады, біз екеуін де «ми» деп жазып жүрміз. Сіздің ше, бұл қағыйда тілдің табыйғатынан шығып отыр ма әлде тіл ғалымдарының зорлығымен жасалып отыр ма?

«Ы» мен «и» екеуі де дауысты дыбыс. Дауысты дыбыстарды Ахаң сөздің жаны, дауыссыз дыбыстарды тәні дейді. Сонда тіліміздің, сөзіміздің жанын қыйнау сіздің жаныңызды қыйнамай ма? «Ылашынға ылайық қарғам едің», – дейді Ақан сері. Ал біз «Лашынға лайық» дейміз. Мұны әнмен созбақ тұрмақ, сөзбен айтыудың өзі қыйын емес пе?

«Лақ» деп жазамыз, өйтіп айтсақ, сөз аузымыздан лақ ете қалғандай болады, еліктеуіш сөз секілді. Ал «ылақ» десек, сөз созымды ырғақпен, әуезбен айтылады. «Рас», «лас» десек те сөз аузымыздан тас түскендей тарс ете қалады, ал «ырас», «ылас» десек, үніміз әуенді шығады.

«Ы» мен «і»-ден айырылып, тіліміздегі ыңыранып жатқан қырыуар сөзіміздің жарасын сіз сыйақты ғалымдар жазбаса, енді кім жазады?

«Қазақ тілінің негізгі емле ережелерін» қараңыз. Оны жасаған – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі іністійтұты. Онда жазылған дауысты және дауыссыз дыбыстар емлесінің жартысынан көбі орыс тілінің дыбыстары жайында: «у» дыбысы дауысты дыбыс іретінде, «и» әрібі қазақ тілінің әрібі іретінде қаралған, «ц», «щ», «ю», «я», «ё», «э», «ф» дыбыстарының айтылыу, жазылыу жағдайлары талданған.

Қазақ тілінің төл дыбыстарын «жалаң дауыстылар» деп, ал орыс тілінен енген екі дыбысты бір әріппен белгілейтін мына әріптерді «қосарлы дауыстылар» таңбасы деп, «ғылымый жаңалық» енгізілген: ё (ио), и, у, ю,я. Бұлардың бәрі екі, одан да көп дыбыстарды белгілейтін әріптер: ио, ый, ій, ұу, үу, йыу, йіу, оған ц әрібін де қосыу керек еді, т.с.с.

Тілдің табыйғаты, ұлттық ерекшелігі, айтылыуы мен жазылыуының үндестігі, үйлесімі деген ұғымдар бұл емледе мүлдем жоқ, тек «былай жазылады» деген бұйрық бар. Мысалы: «И» әрібі мынандай орындарда жазылады: а) орыс тілінен енген түбір сөзде де, тұуынды сөзде де, «жіңішке естілетін жалаң *и* дыбысының және *қазақ тілінде қосарлы ый, ій* дыбыстарының таңбасы ретінде *и* әрпі жазылады».

И деген әріптің бұрын қазақ тілінде болмағанын да, неге екі-үш дыбыстың орнына бір ғана әріптің жазылыу себебін де (заңдылығын да) емле түсіндірмейді. «Иін», «иіс» сөздерін мысалға келтіреді, бірақ оны бұуынға бөлгенде, бұуын *и+іс, и+ін* болса, оқыушы бірінші бұуынды *ій* деп пе, *ый* деп пе, қалай оқыуы мүмкін екенін ескермейді, түсіндірмейді. Сондай-ақ «сирек», «сирақ» сөздерін мысалға келтіреді, ал бастауыш сыныптың оқыушысы оның бірінші «си» бұуынын «сій» деп пе, «сый» деп пе, қалай оқырын ойластырмайды. Ескермеу мен ойластырмаудан құралатын емле қандай емле болады?

Баланың оқып үйреніуі бұуындап оқыудан басталатынын бұл емле мүлдем ескермеген. Мәселен, «байиды», «кеииді» деп жазылады дейді. Ал бала оны қалай бұуынға бөледі? «Ба+йи+ды» деп пе, «бай+и+ды» деп пе? Егер тілдің ұлтық ережесін сақтаған емле болса, бұл сөз *«ба+йый+ды», ке+йій+ді»* болып, ешқандай ың-жыңсыз-ақ бөлінер еді ғой. Ұлттың тілін өзге ұлттың тіліне тәуелді етіп, сайасый да емес, мәденій де емес қылыққа барыудың не қәжеттігі бар еді? Жарайды, Істәлін заманында жан сақтау керек болды, енді тәуелсіз заманда бұл қазақ тіліне опасыздық саналмай ма?

«Қазақ» деген сөзді қаз-қалпында айтыу үшін, емлелеріңе «қ» әрібін енгізіңдер» деп орыс ғалымдарына айтып көріңізші, не дер екен? Арты соғысқа айналып кетіуі мүмкін.

«У» әрібінің жазылыуы да осындай күйде: орыс емлесіне тәуелді болып жасалған, «ю», «я» әріптерін қазақ емлесіне қатыстырыу мүмкіндігі жан-жақты қарастырылған. Мысалы, *іййу* сөзін *ию, кійіу* сөзін *кию* «қию» деп жазыу қарастырылған.

Осындай емлемен тіл табыйғатын қалай сақтауға болады? «Аю» дегенді оқыушы қалай бұуынға бөледі? Бөле алмайды. Тілдің табыйғаты, йағный ата-бабамыздың сөйлеу дәстүрі бойынша, оны біз «айыу» деп айтамыз, «а+йыу» деп бұуынға бөлеміз, «а+йу» деген де қәте болады. «Ою», «қою», «сою» тектес сөздердің бәрі де осы кепті кійген. *Естіліп тұрған дыбыстарды естілмей тұрғандай (емін) жазбай қойыу қандай ғылым?* Сондай жалған ғылыммен қалайша шынайы емле жасалады? Осыны ойластырыуға отыз бес жылдық тәуелсіздік аз болды ма?

Ал *ащы, тұщы, кеще* секілді сөздерді бұуынға бөле алатын бала да, ғалым да әлі тұуа қойған да жоқ шығар?

Қәзір біздің жастар бұуын екпінін бірінші немесе екінші бұуынға түсіріп, орыс тілінің ырғағымен сөйлейді, себебі емле сол мақсатпен жасалған. Нанбасаңыз, талдап көріңізші, «Аба – ай айалдамасы» демейді, «А – а – бай» дейді, «Байғоңы – ы–р» демейді, «Ба – а – йқоңыр» дейді, «най+ма – ан», «о+ты – ыз» демейді, «на – ай + ман», «о – о + тыз» дейді, т.с.с.

«Кі+йім», «қы+йақ», «сы+йыр», «жы+йын», «ті+йім+ді» деудің орнына, «*ки*+ім», «*қи*+як», «*си*+ыр», «*жи*+ын», «*ти*+ім+ді» деп, бірінші бұуын зірк-зірк етіп тұрса, әрійне, бүкіл сөз өз ырғағынан айрылады. Оған емле кінәлі.

Анар, сіз, жалпы, Ахаңды халықтың «Ұлтымыздың ұлы ұстазы» дегеніне қосыласыз ба әлде қарсысыз ба? Оның өз мақаласында «*Сый*ыр *сый*пағанды білмес», «*Тій* десем, *тій*мейді, *тій*ме десем, *тій*еді» деп жазып, мысалға келтіретінін оқыдыңыз ба? Ұлтының ұлы ұстазын тыңдамаған ғалымдардың жаны халыққа ашый ма?

Өзіңіз емледен көріп отырсыз, орыс әліпбійінде «и» әрібі қазақ тіліндегі «і» мен «й» – дің қосарын білдіреді: бери-берій, иди – ійдій. Олар бірақ, қәзіргі біздің емлеміздегідей, «ы» мен «й» – дің орнына да «и» әрібін жазбайды: бел*ый*, трудн*ый*.

Үндестік заңы біздің тіліміздің негізгі заңы болса, оларда ол – қосалқы ғана заң, бір сөзде жұан бұуын мен жіңішке бұуын аралас келе береді: бе+лый (бе – жіңішке бұуын, – лый – жұуан), дедушка (де – жіңішке, душ+ка – жұуан).

Бір тілдің қағыйдасын басқа тілге қолданыу – әрі зорлық, әрі ғылымға жат қылық.

«У» деген дыбыс қазақ тілінде тек дауыссыз дыбыс болыуы тійіс, сондықтан ол не дауысты дыбыстың алдында, не дауысты дыбыстың соңында ғана айтылады әрі солай жазылыуы тійіс: таб*ыу, уа*қыт, *тәуелсіз, тауар, кеуек, палау,* бол*ыу*, кел*іу*, уәде, т.с.с.

Қолданыстағы емледе ол да орыс тіліндегі «у»-ға ұқсап, біресе жұуан, біресе жіңішке дыбыс орнына жазылып жүр: сөз – қазақтікі, емле – орыстікі.

Әр тілдің табыйғаты әр бөлек болғандықтан, олардың емлесі де әр бөлек болыуға тійіс. Сіз неге бұған келіспейсіз?

Қазақта «бұуаз» деген сөз бар. Біз қәзір оны «буаз» деп жазып жүрміз. Осы сөзді бұуынға орыс тілінің емлесімен «бу+аз» деп бөліуге мәжбүрміз, «у» қазақ тілінде тек дауыссыз дыбыс болғандықтан, ол жеке бұуын жасай алмайды; олай болса, бірінші бұуын «бұ», екінші бұуын «–уаз» болыуы тійіс еді. Бірақ, өкінішке қарай, сөз қазақтікі болғанмен, емле орыс тілінікі болып тұр. Себебі, *біріншіден,* «у» – қазақ тілінде тек дауыссыз дыбыс; *екіншіден,* қазақ тілінде дауыссыз дыбыс жеке бұуын құра алмайды; *үшіншіден,* «у» орыс тіліндегідей дауысты дыбыс орнына жүріп тұр; *төртіншіден,* қазақ тілінде ешқандай сөзде екі дауысты дыбыс қатарлас келмейді: «буаз» деп жазғанда, «у» да, «а» да екі дауысты қатар келіп тұр, ал егер мұнда «у» дауыссыз дыбыс орнында қолданылып тұрса, сөз басында екі дауыссыз қатар келіп тұр, онда да қазақ емлесін, йағный қазақ тілінің табыйғатын бұзып тұр. Дұрысы «бұ+аз», «бу+аз» деп емес, «бұуаз» болыуы керек. Егер мұның бәрі ескерілмесе, онда, жалпы, емле жасаудың не қәжеті бар?

Көрдіңіз бе, бір ғана сөзде төрт қайшылық орын алып тұр. Және бұл жалғыз сөз емес, тілімізде толып жатқан осы тектес сөздердің бірі ғана: жұ+уас, құ+уық, ұ+уыс, жұ+уық, тұ+уыс, құ+уыс, ұ+уық, сұ+уат, құ+уат, гү+уіл, шұ+уаш, ү+уіл, т.с.с.

Бәрін айт та, бірін айт, тіл ғылымы осының бәрін қалай талдап, қалай түсіндіреді? Жалған емле жалған ғылымды тұудырмай ма? Мәселен, қәзіргі тіл ғылымы тұйық ырайдың жұрнағы «у» деп түсіндірді. Мысалы, қара+у, сөйле+у, т.с.с. Ал бар+*ыу*, кел+*іу*, сыз+*ыу*, көр+*іу* ше? Тұйық ырайдың қәзіргі емлесінде ондай қағыйда жоқ. Жалған ғылымға бұл жата ма, жатпай ма?

Осының бәрін Істәліннің қазақ халқын да, тілін де құртыу жоспарына қосқан үлес деп бағаламайсыз ба? Әлде осы дұрыс па?

Екі-үш дыбысты бір әріппен белгілеу жалғамалы тілдің табыйғатына мүлдем жат екенін сіз ғалым ретінде мойындайтын шығарсыз?

(Жалғасы 19-бет)

№44 жұма 6 қараша, 2026 жыл

Күләш АХМЕТОВА: КҮН мен МҰҢ



Уәлихан ҚАЛИЖАН

Қазақтың арда ұлы Әбіш Кекілбаев Күләш Ахметованың авторлық кешінде сөйлеген сөзінде:

– Е, дәурен-ай деген...

...Бүгін, міне кемел тойына келіп отырмыз.

...Күләштің жыры, жүрегіңе сондай жылы, сондай жақын...

...Күннің нұрындай, гүлдің әріндей, нанның дәміндей, сүттің өңіндей, бөбектің иісіндей емірентпей, тебірентпей қоймас, кінә тақсақ, кие ататындай жыр.

...Пейіш төріндей гүлдей құлпыра бер, періште көңіл, перизат өлең!

Е, өмір-ай деймін мен.

Ақын Күләш Ахметованың нұры пейіште шалқып жатқанына күмәнім жоқ. Көне шаһар, Тараздың төрінде, Жер-Ананың бауырында көсіліп жатқанына да бір жыл толыпты-ау!

Өмір қысқа ма, ғұмыр қысқа ма?! Кім білсін?! Әрине, мұндайда ұлы Абайға, хакім Абайға жүгінесің...

...Өмір берген Құдайым,
Ажалын да беріпті.

... Күләш Ахметовамен, Қайырбек Асановпен студенттік шақтан таныс, аралас-құралас жандар едік. 2006 жылы Күләш Ахметованың «Құт» деген өлеңдер кітабы жарық көрді. Келесі жылы ол кітап Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Сыйлықты саралайтын комиссияның мүшесі едім. Шын ниетіммен, ақ көңіліммен Күләштің парасат поэзиясының, сыршыл, өршіл, көркем өлеңдерінің құнын бағалап, қолдап дауыс беріп едім.

Сол кітапқа Күлекең мынандай қолтаңба жазған-ды.

«Уәлихан!

Тәуелсіздіктің алғашқы сағаттарында жазған поэмамды «Лениншіл жастың» бетіне тұңғыш жариялаған сен едің! Сол толғау, дербес елдің жырлары осы кітапта!

Әрдайым қолың жеңіл болсын! Басыңнан бақ, босағаңнан құт кетпесін!

Ізгі ниетпен, Күләш Ахметова. 2006 ж. желтоқсан».

Күләш Ахметова ақынмен сол жастық шақтан бастау алған көңіл жарастығы ешқашан үзілген емес.

...Қазақстан комсомол Орталық комитетінде қызмет істеп жүрген кезімде, ақын Күләш Ахметова «Қазақстан Ленин комсомолы» сыйлығының иегері атанды. Бұл сол кезде өзінің құрметімен, салмағы жағынан Мемлекеттік сыйлықпен парапар еді.

Бізді жақындастыратын тағы бір орта болды. Ол – менің ақыреттік, түркістандық досым, сыныптасым Нұрмахан Әбуов пен Шәргүл достарымның төр дастарқаны еді. Қайырбекпен, Күләшпен осы шаңырақта жиі бас қосатынбыз. Нұрмаханның қызы Жанар мен Қайырбектің қызы Жазира да біз оқыған Алматыдағы атақты №12 қазақ орта мектебінде бір сыныпта оқыды.

Балалардың достығы отбасылық достыққа ұласты.

Осымен сырлас-сыйлас күндерді тамамадап, ақын жырларын қайта оқып, Күләш ақынның күні мен мұңы туралы ойға шомылдым.

Күләш ақынның бір басына жетерлік атақ-даңқы бар. Жамбыл облысының Құрметті азаматы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көптеген ордендердің иегері, бірақ өлеңдерін қайта оқып, ой елегінен өткізген кезде, оның өлеңдерінен жұмсақ лиризммен бірге, ақындық назды түйсінгенім рас.

Ең алдымен, Күләш Ахметова – өз елінің, өз жерінің кермарал жыршысы. Туған жерге деген махаббаты, тау-тасына, өзен-көліне, сұлу табиғатына ғашық жүрекпен жазылған жырлары оның асқақ рухымен кеңістіктегі биіктігін көрсетеді.

Сұлу сөз көркем оймен бірігіп, кестенің жүзіндей, өрмектің түсіндей, жүрегіңді баурап, сиқырлы сөздің әлеміне жетелей жөнеледі.

Ол – поэзия! Ұлы ақындардың бәрінің егізі. Абай, Жамбыл, Ілияс, Сәкен, Қадыр, Тұманбай, Сырбай, Саға, Фариза, Ақұштап, Марфуға, Мұқағали, Темірхан, Шөмішбай, Есенғали, Ұлықбек, Серік Ақсұңқар, Ғалым Жайлыбай, осылай ой иіріміне қазақтың көркем өлеңінің биік тұлғалары көз алдыңа келіп, қаздай тізіліп кете береді.

Туған жер толғауы Күләш Ахметованың шығармашылығында ерекше орын алады. Өйткені Күләш – екі заманның куәгері. Кеңестік заман мен Егемен Қазақстанның сан тарам жолдары бар. Қиындығы мен қуанышы бар. Қасіреті мен бақыты бар. Соның әрқайсысы ақын жырында көрнекі орын алған.

Қазақы жүректі, ұлтжанды деген ұғым бар. Осы тұрғыдан алғанда, Күләш ақынның өзіндік жолы мен ақындық мектебі ерекше көзге түседі.

Күләш үшін Қазақстан – «Пан дала», «Ән дала», «Жан дала», «Кең дала».

Міне, осындай теңеудің арғы жағында ұлы қазақ бейнесі тұр. Сол қазақ кім?

«Киіз үйі Жер сияқты, жұп-жұмыр,
Шаңырағы Күн сияқты дөңгелек»
«Сен – қазақсың!
Ұлы дала тұғыры
Күмбір-күмбір күрескерлік ғұмыры,
Тіреске ннің діріл деткен тізесін,
Тұлпарының тұяғының дүбірі!»

Иә, «Жер бетінен Жеруйықты іздеген» қазақтың жүрегі не іздейді?

Ақын ойынша, «қазақ болу – ғаламатқа ғашықтық».

Жұбан аға айтқан, «Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген» ұғымының арғы жағындағы ойды ақын қарындасы іліп алып, оған жаңа үн, жаңа бояу, жаңа өрнек қосады.

Сен – қазақсың!
Қазақ едің туғанда!
Онда дүние тағылымнан үлгі ал да,



Ата-жұрттан, ана тілден
айрылма.
Төбеңде Күн, төменде Жер
тұрғанда!

Иә, әр адам бақытты болғысы келеді. Күләш ақын күнге ғашық. Күн жылуы – жан жылуы поэзиямен ұштасып, ақын жанын әлдилейді, тербетеді, халық махаббатына бөлейді.

Ақын өз Отанының «бұлақтарын», «айдындарын», «құмын», «шыңын», «шыңырауын», «шөбін», «шөлін», «бұлттарын», «гүлдерін»,«жұлдыздарын» сүйеді.

Күләш үшін өзен сыңғыры – өлең, еркін самал лебі – өлең. Ақын ұғымында жаратылыс, таңғажайып әлем, түрлі-түсті өмір, бәрі-бәрі – «поэзия» секілді.

Ақын бақыт іздейді. «Ұқсамайтын бақытына басқаның»...

«Халық даусы қашанда айбынды,
асқақ,
Қай кезде де қаһарлы халық күші».

Жалпы, халық деген жадағай ұғым емес. Ол «халқымның ақыны боп», соны Алладан мінәжат етіп тілейді.

«Халқым аман болсын деп
көзімді іліп,
Халқым аман болсын деп оянамын!»

Күләш ақынның поэтикалық қарымы биік. Ол ақын жүрегімен бүкіл қазақ топырағына бас иеді, сүйеді, мақтанады. «Бабалардан қалған Жер – асыл мұра» деп оларды «рухымды көтеріп тұрғандарым!» – деп жырлайды.

Ол Талас бойындағы Үшарал өңірінде өсті. Көне Таластың тылсым тарихын таныды. Таластағы таңбалы тастармен сырласты. Осындағы «Бозтамшы», «Арна», «Ақкесене», «Көккесене», «Суықжал», «Әулие», «Еспе», «Тәңірқазған», «Бөріқазған» сияқты жер-су атауларынан қуат алады.

Күләш ақын Талас тарихын тану арқылы өзін де танытқысы келеді. Бұл – ежелден қалыптасқан ақындық дәстүр.

«Бүкіл елге сенің бүкіл бейнеңді,
Таныстыру менің үлкен міндетім!»

– деп толғанады ол. Ақын Үшаралын Мәжнүнге, өзін Ләйліге теңейді.

«Ертістің бойы», «Сарықарқа», «Бурабай», «Баянауыл», «Жасыбай көлі», «Көгілдір кештерінде Көкшетаудың», «Ақжайықтан қайтарда», «Шағанның жағалауында» сияқты өлеңдері қазақ жеріне, қазақ рухына деген махаббат сезіміндей көрінеді. Ол *«мінін емес, мықтылығын қазақтың, адамзатқа ұғындырыу ұлы арман»*, – деп тебіренеді.

Әрине, Күләш поэзиясының лирикалық толқындары бір бөлек. Ол өз махаббатын жырға қоса отырып, әйел жанының нәзіктігі мен парасаттылығын, төзімділігін, адалдығын, сенімін биікке көтереді.

...Бір үйде екі ақын. Күләштің жұбайы Қайырбек Асанов та – ақын, журналист, белгілі көсемсөзші.

Қазақтың сал-серілерінің бейнесін көз алдыңа әкеледі. Бұйра шашты, ашаң жүзді, өткір көзді, күлкісі сұлу, жігіттің төресі.

Қос жұбай жарасымды ғұмыр кешті. Соның куәсі болдық. Күләш махаббат, сезім, сенім мен төзім секілді әйел жанының нәзіктігін жарына арнаған өлеңдерімен көмкеріп отырды.

«Менікі еді бұйра шашың,
ақ маңдайың, қолдарың,
Менікі еді көздерің де құшып
сүйіп тұратын».

...«Біз екеуміз екі жерде ерегісіп
отырмыз,
Намыстанып, бір жылы сөз бірінші
боп айтуға».

Бірнеше циклдан тұратын махаббат жырларында, Күләш ақынның жан сыры бар.

«Қарай алсаң, сен маған қара мәңгі,
Алғаш рет кездескен күндегідей».

... «Кешіре біл, ашу от өшіре біл,
Келісе алмай өтпесін есіл өмір».

Күләш өзінің көңіл күйін, жүрек толқындарын, күю мен сүю аманатын өлеңімен парасат биігіне шығарады.

«Қолы жетпей қалған сұлу көп
қыздың,
Сеніменен көп жылдарды өткіздім.
Екеуара ренжістер болғанымен,
Еш адамға еш өкпеміз жоқ біздің.

Ақ гүл едім үлбіреген қолыңда,
Бәрі жақсы болар-ау деп соңында.
Тағдыр бізге салмақ артса,
Алдымен,
Ауыр жағын мен көтердім оның да».

Күләш ақын махаббат жырларында адами құндылықтарды көрсетеді. Жан таразысын, жан тебіренісін, жан толқынын поэзия арқылы көтереді, биіктеді.

Бірде Қайырбек дос қоярда-қоймай, аяқ астынан дастарқанына шақырды. Қылшылдаған жас кезіміз, Күлекең тездетіп қуырдақ қуырып жіберді. Тентек су да алдымызға қойылды.

Қайырбек екеуміздің қан жақындығымыз бар. Сөз реті келгенде «Қайрекең – мықты ақын. Журналистикада көп жүріп қалмағанда кім біледі, өзіңмен қатар тұрар ақын болар ма еді», – деп қалдым.

Сонда Күләш:

– Қайырбекті сұлу қыздан да қызғанбаймын, бірақ өлеңнен ғана қызғанамын, – деп еді. Сонан кейін «Түйме» деген өлеңін оқыды.

«Бұрынғыдай сағынбайсың
сүйгеніңді,
Бұрынғыдай асықпайсың үйге енді.
Әр нәрсені ойлап кеттім лезде,
Қадап тұрып, үзілген бір түймеңді».

...«Әр нәрсені ойлап тұрдым
ішімнен,
Сен де мені сияқтысың түсінген.
Жып-жылы боп қолың тиді бетіме,
Еңкейіп ем жіпті үзуге тісіммен».

Сол сәт көз алдымда әлі тұр.

Қайырбектің үйіне тосыннан шақырғанының да сырын енді ұққандаймын. Ол Күләшті ренжітіп алған сияқты. Ал Күлекең мені жақсы сыйлайтынын біледі. Сірә, мен бір реніштің түйінін шешуге дәнекер болғанмын-ау, сірә!

Қайырбек те қарап қалмады. Жөткірініп алды да, жұбайы Күләшқа қарап, бір өлең оқыды.

«Тоқмейілсіп көңілің жайлана ма,
Сүйіктіңді үнсіз ғана ұғудан.
Мейіріммен қараймын айналаға,
Саған ғашық болудан.

...Сыйлығы бар, үлесі бар әркуннің,
Естен кетпес жарқылы.
Биіктерге, белестерге талпындым,
Сені сүю арқылы...»

Ақындардың жүрегі-ай! Жас ғашықтардай екеуі құшақтасып, жүздері бал-бұл жанды.

– Қазан көтеремін, ет асамын. Дастарқанға қайта отырыңдар, – деп Күләкең жайылып түсті.

Шын сүйіп қосылған екі ақынның үйіндегі осы бір өшпес сәт санамда қалып қойды.

Е, дүние-ай!

Поэзия, өлең, Күләш ақынға бақыт болып кірді, дерт болып та жабысты. Ол қызмет, мансап қуған жоқ. Ол өлтірмейтін өлең қуды.

Ол өлеңге өлердей ғашық болды.

Ол сөз құдіретін сезінді.

Ол өлеңді асқақтатты. Өлең оны асқақтатты.

«Несіне осы өлеңді жазамын мен,
Тарттым ғой, жетерліктей азабын мен.

Білмеймін қалай еріп кеткенімді,
Муза кеп сыбырласа ғажап үнмен.

Ынтық боп нем бар еді осы өлеңге,
Қалмайды дегбір өлең десе менде.
Қалайша күймей қалғам,
Жап-жалаңаш,
Қолыммен қызыл шоғын көсегенде?!

Кім мені жадылады, дуалады,
Қолым да, жүрегім де сұранады.
Неліктен жаным содан жұбанады?
Сол ғана шаң-тозаңды жуа алады.
Жай сөздер... Кенет өлең құралады».

Иә, Күләш ақын өзі айтқандай өлеңі – сыбағасы, майданы, ұлы алаңы, ананың күлкісі мен көз-жасы, қуанышы мен махаббаты, қызығы, үміті, қымбат тілі, күресі, бір сөзбен айтқанда, өлеңге ғашық ғұмыры!

«Өмір деген болу екен әр түсті,
Ақ пен қара әлімсақтан тартысты.
Қара шашқа оралып ақ талдар,
Қаратаудың басына аппақ
қар түсті.

...Байқаңызшы, ойлағанда
түнде ояу,
Бір бояуды кемітеді, бір бояу.
Зер салыңыз, батар кезде
Күн баяу,
Бір бояуды күшейтеді, бір бояу...»

Өмірге ғашық болу – тағдырға ғашық болу. Күләш күннің көзінен нәр алады. Жер-Ананың құдіретін сезінеді. Өмірге ғашық көзбен қарайды.

«...Жүрекке мейірім мен жылу –
көмек,
Бұрылмауға бола ма сұлуға ерек?
Ойлай берсең ой да көп, уайым көп,
Шыққан Күнге қуана білу керек!»

Күләш ақын өмірімен, өлеңімен бақытты! Ақын Күләштің таза лирикалық өлеңдері ғана емес, кең ауқымды поэмалары да ақын тұлғасын биіктетіп тұр.

«Ұлы Дала», «Болашақ үшін», «Сарыөзек сағыныш», «Ғасыр қасіреті», «Ана дауысы немесе нейтрон бомбасына қарсылық», «Бозторғай» сынды поэмалары қазақ поэзиясының алтын қорына қосылды.

Бұл поэмаларда ұлт мұңы бар. Ақынның жан дүниесін тебіренткен, рухани күйзеліске ұшыраған халықтың мұң-зары бар.

Қазақтың атақты ақыны Қадыр Мырза-Әлі кезінде Күләш Ахметова поэзиясы туралы «Мың бір мұң» атты мақала жариялап еді. *«О, бастан өз халқының ұлы болып, өз халқының қызы болып дүниеге келген перзент, әсіресе ақын перзент ешқандай қарабастың қамымен, мұңымен шектелмейді. Ол жерім деп жылап, елім деп еңірейді. Ең бастысы, адам деп аласұрады.*

Адам дегенді бүкіл адамзат деп ұқпай-ақ, өз төңірегің, өз айналаң, өз ағайының деп түсінген күннің өзінде, мұның өзі кішігірім мұң емес. Ал бүкіл адамзат деп ұғар болсаң – сұмдық».

Қадыр ағаның бұл сөздерін пәлсафалық, адамзаттық құндылықтар безбеніне салып өлшесек, мұны ақынның ақынға деген құрметі ғана емес, сол қасіретті ұлттық мұңды бірге көтерісетін ұлы рухты көреміз.

Күләш ұлтын сүйеді, халқын сүйеді, қазағын сүйеді.

«Қазақты жамандама, қазақ бала,
Халық қой қазақ деген аз-ақ қана!
Мәңгілік, Ай астында, Жер үстінде,
Қазақтың жанашыры қазақ қана!»
Күләш ақынның күні мен мұңы –
ұлтқа арналады.

Беу, дүние!
«Құлай сүйген туған елін, құндағың,
Жан түбінде жарығы бар тұлғамын.
Зерде көзін салсаңдар, зер сөзге,
Шешу үшін жүрегімнің жұмбағын»,

– деп халқына өлеңін аманаттағандай көрінеді.

Өзі сүйген, өзін сүйген халқы, ақын поэзиясының жұмбағын танып жатыр, тани береді.

Рухы шат болсын!

БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ



Алматыда балалар әдебиетіне арналған республикалық «Біз бақытты баламыз» байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Биылғы әдеби бәйге қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілі, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қастек Баянбайдың туғанына 90 жыл толуына арналды. «Қазақ газеттері» серіктестігіне қарасты «Балдырған» журналы ұйымдастырған бұл байқауға «Корпорация «BIKCENKER» ЖШС-нің бас директоры Керімжан Бижанов демеушілік жасады.

«Қазақ газеттері» серіктестігінің Алматы филиалында өткен салтанатты шараны ашқан «Балдырған» журналының бас редакторы Ерғали Бақаш байқаудың балалар әдебиетін дамытудағы маңызына тоқталып, шығармашылық бәйгеге қатысқан қаламгерлерге алғыс білдірді.

Байқаудың демеушісі Керімжан Кісенбайұлы Қастек Баянбайдың есімін ұлықтауға арналған шараға қолдау көрсеткеніне қуанышты екенін айтып, «Балдырған» журналының ұжымына ерекше лебізін жеткізді.

Әдеби бәйгеге 154 шығарма келіп түскен. Оның 56-сы – өлең, 45-і – әңгіме, 53-і – ертегі. Шығармаларды Қазақстан Жазушылар одағының Балалар мен жасөспірімдер әдебиеті жанрлық кеңесінің төрағасы Қанат Қайым бастаған қазылар алқасы бағалады. Байқау қорытындысы бойынша, «Балаларға арналған өлеңдер» номинациясында Болат Үсенбаев бірінші, Серік Қалиев екінші, Сайлау Байбосын үшінші орынға ие болды. Қуат Адис ынталандыру сыйлығымен марапатталды. «Балаларға арналған әңгімелер» номинациясында Толымбек Әбдірайымның «Қаздар ұшып барады» шығармасы бірінші орынға лайық деп танылды. Көсемәлі Сәттібайұлының «Тер» әңгімесі екінші, Нұрбек Нұржанұлының «Блогер Іңкәрім» туындысы үшінші орын алды. Әйгерім Иебекова «Ақылдың күші қанша?» әңгімесі үшін ынталандыру сыйлығына ие болды. Ал «Ертегілер» номинациясында Сәбит Дүйсенбиевтің «Күз неге ашуланды?» шығармасы бірінші орынды жеңіп алды. Есенәлі Ералының «Сәнқой түлкінің киімі неге былғанды?» ертегісі екінші, Жансая Мейрамбекқызының «Интернетке жоғалған күн» туындысы үшінші орынды еншіледі. Әйгерім Оспанның «Күн сәулесін іздеген көбелек» ертегісіне ынталандыру сыйлығы табысталды.

Марапаттау рәсімінің құрметті қонағы, Қастек Баянбайдың жары Күлшат апа ұйымдастырушыларға алғысын айтып, ақ батасын берді. Өз кезегінде «Қазақ газеттері» ұжымы ақынның жарына құрмет көрсетіп, иығына шапан жауып, гүл шоғын табыстады.

№44 жұма 6 қараша, 2026 жыл

«ҚАРАКӨЗ-АЙЫМ»: АРМАН ӘЛДИЛЕГЕН ӘН КЕШІ

Шархан ҚАЗЫҒҰЛ

Жуырда Республика сарайында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қаракөз Сүлейменованың «Қаракөз-айым» атты жеке концерті зор табыспен өтті. Бұл кеш өнерпаздың жүрегінде жылдар бойы сақталған асыл арманының ақиқатқа айналған сәті болумен қатар ән мен адам жанының, өнер мен өмірдің өзара үндестігін танытқан рухани мерекеге айналғанын айту парыз. Өйткені жүрек қалауы өнермен табысқанда жеке адамның қуанышы көпшіліктің ортақ сезіміне ұласып, оның мәні онан әрі тереңдей түседі. Қаракөз Асқарқызы жиырмаға жуық шығарма орындап, көрерменін қазақ ән өнерінің сан алуан сырлы әлеміне жетеледі. Кештің қадірін орындалған әндердің санымен немесе сахнаның салтанатымен ғана өлшеу аздық етер еді. Оның шынайы бағасын өнерге деген адалдықтан, жүрекке жақын әндерді халықпен бөліскен қуаныштан, жылдар бойы аялап келген арманға жетудің шаттығынан іздеген абзал.

Бағдарламаға енген шығармалардың әрқайсысының өзіндік тарихы, көркемдік болмысы мен музыкалық өрнегі бар. Бірі туған өлкенің кеңдігін елестетсе, екіншісі жүрекке сағыныш ұялатты. Енді бірі өмірдің өткінші сәттеріне ой жүгіртсе, тағы бірі ұлттық өнердің терең тамырын сезіндірді. Әртүрлі кезең мен көркемдік сипаттағы әндердің бір концерт аясында тоғысуы кештің мазмұнын байытып, көрерменді сезім мен ойдың сан алуан кеңістігіне жетеледі.

Концерттің көркемдік мазмұнын байытқан шығармалардың қатарында Сегіз серінің «Алқоңыр» және Ақан серінің «Маңмаңгер» әндері болды. Бұл туындылар – қазақтың дәстүрлі ән өнеріндегі көркемдік талғамның, сыршыл сезім мен орындаушылық мәдениеттің биік үлгілері. Олардың бойында тұтас бір дәуірдің үні, халықтың өмірге көзқарасы мен сұлулық туралы түсінігі сақталған. «Алқоңыр» мен «Маңмаңгердің» сахнада қайта жаңғыруы өткен мен бүгінді жалғаған рухани сабақтастықтың айқын көрінісі болды десек, қателеспейміз. Осындай шығармалар ұлттық музыкалық мұраның өміршеңдігін тағы бір мәрте танытты.


Қазақ ән өнерінде Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылығына соқпай кету мүмкін емес. Қаракөз Сүлейменованың орындауындағы «Мойынқұмда», «Тамды аруы» әндері концертке ерекше көркемдік реңк берді. «Мойынқұмда» кең даланың табиғи көркемдігін сезіндірсе, «Тамды аруы» сұлулыққа деген іңкәрлікті, адам мен туған өлке арасындағы нәзік байланысты аңғартты. Шәмші әндерінің өміршеңдігі де осында: олар белгілі бір кезеңнің шеңберінде қалып қоймай, әр тыңдаушының жеке естелігімен, сағынышымен, өмірлік тәжірибесімен астасып жатады. Осылайша әуенмен бірге алыста қалған күндер оралып, көңілде көмескі тартқан сезімдер қайта жаңғырды.

«Көктемді сағындым ғой» әні де осындай сыршыл әсерге бөледі. Көктем – табиғаттың жаңарып, тіршіліктің қайта түлейтін шағы. Ал адам жүрегіндегі көктем – үміттің оянуы, көңілдің жаңғыруы, өмірге деген құштарлықтың қайта күшеюі. Сондықтан көктемді сағыну – жүректегі жарықты, жан дүниедегі жасампаздықты қайта сезінуге деген ұмтылыс. Әннің нәзік лирикалық болмысы осы ойды тереңдете түсті.

Сыдық Мұхаметжановтың «Тербеледі тың дала» әні концерттің кең ауқымды туындыларының бірі ретінде есте қалды. Тың игеру дәуірінің музыкалық символына айналған бұл шығармада табиғат тылсымы мен адамның еңбекке деген жігері астасып жатыр. Дала – қазақ үшін оның болмысы мен рухының, еркіндікке деген құштарлығының көрінісі. Сондықтан ән шырқалғанда тыңдаушы ұлттық мінезді де сезінді.

Белгілі ақын әрі сазгер Елена Әбдіхалықованың «Сыр елім» әні де туған жерге деген сүйіспеншілікті тереңнен толғайды. Адамның өз тамырын тануы, өскен ортасының қадірін білуі, сол рухани негізден күш алып, болашаққа сеніммен қарауы – ән өзегіндегі мәңгілік тақырып. Қаракөздің орындауында бұл шығарма туған өлкенің адам жүрегінде қалдырған ізін де ойға оралтты.





Талантты композитор Әділбек Нысанбаевтың «Тырналар тізбегі» әні тыңдаушы көңілін алабөтен сезім әлеміне жетеледі. Көк жүзінде тізбектеле ұшқан тырналар бейнесі алыста қалған күндерді, сағынышқа айналған сәттерді, қайта оралмас уақытты еске түсіргендей. Адам кейде белгілі бір мекенде бастан кешкен бақытты шағын, көңіліне ұялаған аяулы сезімдерді аңсайды. Әннің сыршыл табиғаты да осындай нәзік көңіл күйлерін қозғап, әр тыңдаушының өз естелігімен тілдескендей әсер қалдырды.

Әнші репертуарындағы жаңа әндер де шырқалды. Талғат Атшыбаевтың «Шалқыма» және Толқын Ақанұлының «Угай, угай» әндері де концерттің музыкалық аясын кеңейте түсті. Әр шығарманың өзіне тән мінезі мен әуездік өрнегі тыңдаушының көңіл күйіне әсер етіп, бағдарламаның бірсарынды сипат алуына жол бермеді.

Ал «Қашпаңдар қара бояудан» әнінің атауының өзі ойлануға жетелейді. Өмірді тек жарқын сәттерден тұратын құбылыс неді. Осы тұрғыдан алғанда, Қаракөз Сүлейменованың орындаушылық болмысы кештің көркемдік өзегіне айналды. Әншінің дауыс тембріндегі жұмсақтық, дыбыстың ашықтығы, әуендік иірімдерді табиғи жеткізуі мен сөз мағынасына мән беруі орындалған шығармалардың мазмұнын аша түсті. Ол бірде сыршыл лирикаға бойлап, сағыныштың мұңлы сарынын жеткізсе, енді бірде әннің жігерлі тынысын сезіндіре білді. Әр шығарманың өзіндік мінезін сақтай отырып, оның көркемдік болмысын дауыс арқылы танытуды терең меңгерген Қаракөз музыкалық мәдениетпен қатар терең сезімталдық қасиетін де аңғартты. Дау жоқ, Қаракөз Асқарқызының ән айту мәнерінен вокалдық мәдениетке деген жауапкершілікті де сезуге болады. Музыкалық фразалардың өзара сабақтастығы мен әуеннің ішкі динамикасын сезіну оның орындаушылық нанымы мен тұтастығын байқатты. Қаракөздің сахналық болмысында әнді ішкі жан дүниесімен сабақтастыруға деген ұмтылыс байқалды. Тыңдарманның ыстық ықыласы мен үздіксіз қол соғуы да шығармашылық байланыстың орнағанын тайға таңба басқандай білдіріп тұрды.



«Қаракөз-айым» кешінің тағы бір әсерлі қыры сахнадағы өнердің отбасы жылуымен астасуы болды. Концертті әншінің жұбайы, Қазақстанның Халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Досхан Жолжақсынов жүргізді. Қазақ өнерінің көрнекті өкілінің осындай маңызды сәтте өмірлік серігінің жанынан табылуы кешке ерекше жылылық ұялатты. Өнер жолында өзіндік орны бар тұлғаның сүйікті жарының көптен күткен арманына ортақтасуы – терең мағынаға ие көрініс. Өйткені адамның жетістікке жетуі – бір басқа да, сол қуанышты жақындарымен бірге сезіну – бір басқа. Өмірлік серігіңнің қуанышын бөлісу, оның талпынысына қуә болу, көптен күткен сәтінде жанынан табылу – адамдық қарым-қатынастың қадірін арттыратын асыл қасиет.

Ал қыздары Ділдәнің сахнаға шығып, екі ән орындауы кештің тағы бір есте қаларлық сәтіне ұласты. Басқаша кестелесек, бір сахнада ата-ана мен баланың өнер арқылы тоғысуы – ұрпақтар сабақтастығының әдемі фишкасы. Өнерге деген құрмет, рухани құндылықтарды бағалау, өмірлік ұстанымға адалдық ұрпаққа күнделікті іс-әрекетпен де беріледі. Шынында да, Ділдәнің сахнаға шығуы концерттің мазмұнын отбасылық жарасым мен рухани жалғастықтың мәнімен толықтырды. Айтары жоқ, «Қаракөз-айым» авторлық кеші жеке әншінің шығармашылық жетістігі аясынан шығып, өнерге деген ортақ құрметті, отбасы бірлігін және рухани мұраның ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуын танытқан тағылымды оқиғаға айналды.

Талас жоқ, адам өмірінде арманның орны ерекше. Арман алға жетелейді, бағыт береді, кейде қиындыққа мойымауға күш сыйлайды. Алайда арманның орындалуы үшін үміттің өзі жеткіліксіз. Оған табандылық, еңбек, сенім және уақыт қажет. Кейде тіршіліктің қамы мен күнделікті міндеттер жүрекке жақын тілектердің орындалуын кейінге ысырады. Бірақ, шын мәнінде, асыл арман адамның жан дүниесінде өмір сүруін тоқтатпайды. Ол жүректің түкпірінде сақталып, өз сәтін күтеді. Қаракөз Асқарқызының Республика сарайындағы жеке концерті осы ойды терең сезіндірді. Бұл – көптен күткен тілектің орындалуы ғана емес, өнерге деген сүйіспеншіліктің, өз жолына адалдықтың және жүрек қалауын жүзеге асыруға деген сенімнің нышаны. Арман орындалған сәтте адам өзінің қаншама жыл бойы сақтап келген үмітіне қайта үңіліп, жүріп өткен жолының мәнін тереңірек сезінетіндей. Өнердің құдіреті де осындай сәттерде айқын көрінеді. Әнші сахнаға шығып, өз жүрегінен туған сезімдерді ән арқылы жеткізді. Ал тыңдаушы сол әуеннен өзінің өмірін, сағынышын, қуанышы мен арманын тапты. Сөйтіп, жеке адамның шығармашылық толғанысы көпшіліктің ортақ сезіміне жалғасты. Қысқасы, «Қаракөз-айым» концерті осындай үндестіктің жарқын үлгісі болды. Жүрекке жақын әуендерден бастап, дәстүрлі ән өнерінің асыл мұраларына, туған жер туралы туындылардан сағыныш пен үмітті толғаған шығармаларға дейінгі музыкалық вояж көрерменді қазақ әнінің бай әлемімен қауыштырды. Әр әннің өзіндік көркемдік болмысы болғанымен, олардың басын біріктірген ортақ арқау – адам жүрегіндегі сұлулыққа құштарлық, өмірге деген сүйіспеншілік және рухани тамырға деген құрмет. Ән кешінен кейін біз осыны түсіндік.

Концерт аяқталды. Сахна шамдары сөнді. Көрермендер үйлеріне тарады. Бірақ шынайы өнердің ғұмыры сахна шымылдығымен бірге тоқтамайды. Әуен жүректе қалады, ән естелікте жаңғырады. Уақыт талай сәтті алыстатып, талай көріністі көмескілендіруі мүмкін. Алайда жүректі селт еткізген әннің әсерін, көптен күткен арманның қуанышын, өнер арқылы жалғасқан рухани энергетиканың мәнін ешқашан өшіре алмайды.

БЕРЕКЕЛІ КӘСІП ИЕСІ



Салтанат АЙБЕРГЕНОВА

Ата-анасының қалауымен Бесқаладан атажұртына – Қазақстанға көшіп келіп, өмірдің талай өткелін өткере жүріп, қазіргі кезде төрт дүркін мәслихаттың депутаты болған, еңбегімен елін ғана емес, әлем жұртшылығын қайран қалдырған Сыдық Дәулетовтің өмір жолы шынында да әр адамға үлкен ой салады. Мақала кейіпкерінің ғажап ақын, сөз шебері Бауыржан Бабажанұлының көмегімен шығарған «Нар жолы» кітабын оқып отырып, біз де ерекше күйге бөлендік. Кітапта автордың өмірге келген кезі, алғаш рет қызға ғашық болған балалық шағы, ата-анасының мейірімі мен қамқорлығы, еңбекке баулуы туралы өте қызық әрі тартымды баяндалады. Әкесі қызметте жүріп түйе баптап, анасы түйенің сүтінен шұбат әзірлеп, оны базарға апарып сатып, отбасын ештеңеден кем қылмай өсірген екен. Ол кезеңді автор кітапта үлкен махаббатпен, сағынышпен еске алады.

Осындай берекесі кіріп отырған жерінен әкесі атажұртына, Қазақстанға қоныс аударуға бел буады. Мұндай ұйғарымға келулеріне елге деген сағынышпен қатар тағы бір себеп – Арал мәселесі еді. Қарақалпақстанның жағдайы мүшкіл болды. Улы тұз бен құм аралас боран борағаннан кейін, Қарақалпақ жерінің топырағынан улы химикаттың иісі шығып тұрады. Бір күні Сыдықтың жары Шарипа қатты ауырып, ауруханаға түседі. Өзі таңдап әперген келінінің жағдайы жанына батқан әке бірден шешім қабылдайды. Баласы Сыдықты шақырып алып: *«Балам, келінімнің мына жағдайы маған ұнап тұрған жоқ. Соның бәрі – судан, экологияның нашарлығынан... Ертең Алматыға жүреміз»,* – дейді оқыстан. Бұл әңгіме кіндік қаны тамған туған жері, өскен ортасы бар Сыдыққа ұнай қоймайды. Әкесінің 86 жасқа шығып отырғанын да ой елегінен өткізеді. Бірақ әке сөзіне қарсы шығуға болмайды, көрген тәрбие сондай. Содан Сыдық жигулиін ретке келтіріп, көліктің артына әкесіне жайлы болсын деп көрпеше, жастық салып, жолға шығады.

Ай бойы екеуі әбден сабылып үй іздейді. Қарақалпақстанда жинаған ақшасы Алматы қаласынан үй алуға жетпейді. Сондықтан қала сыртынан қарастыра бастайды. Әйтсе де көңілдеріне қонымды үй табыла қоймайды. Бұл шекара асып көшіп келген көптеген отбасының басындағы жағдай болатын. Қоя салайын десе, намыс жібермейді. Содан Алланың көмегімен бір баспана кезігеді. Балалары өсіп, өз орындарын тапқан, күйеуі өмірден өткен, өзі Қазақстанды қимаса да Владивостокқа қызына кетуге бел буған орыс кейуананың шағын да болса, іші де, ауласы да мұнтаздай таза үйі көңілдерінен шығып, әкесі: *«Аламыз!»* – дейді.

Бұлардың көшіп бара жатқанына ел таңданыспен қарайды. Сонымен, бір отбасы аласапыран жылдары қазаққа пана болған қасиетті Бесқалаға қош десіп, қазақ даласына, ару Алматыға бет бұрады. Алматыға табан тіреген соң, Сыдық аудандық автомобиль жолдары мекемесінде, әуелгіде дәнекерлеуші, кейін диспетчер болып 130 рубль айлықпен жұмысқа тұрады. Қарақалпақстанда бар малдарын, үйін сатып келіп, енді өз-өздеріне келе бастағанда, 1993 жылы мекеме жабылып, отағасы жұмыссыз қалады. Бүкіл ел іші хаосқа айналған шақ. Не істеу керек? Қолтығынан демейтін ешкім жоқ. Сонымен, жары Шарипамен ақылдаса келіп базар жағалағанды дұрыс деп табады. Бұрыннан тағам түрлерін дәмді әзірлейтін Шарипа екеуі манты әзірлеп, сатуға шығады. Мұндағы алдарына қойған мақсат – адал еңбек ету. Манты таза еттен әрі дәмді дайындалғандықтан алушы да көбейеді. Кеш қарая базар жабылған кезде, екеуі жигулилеріне отырып алып, вокзалға барып манты сатады. Біраз қаржы жинай бастайды. Әкесі мен анасына ақ ішіп отырсын деп сиыр алып береді. Бірақ қарт кісілердің сиырға қарауға мұршалары бола қоймады. Содан, мал аман қалу үшін сиырды көршісіне сыйлайды. Олар сиырды әупірімге келтіріп, әрдайым Сыдыққа рақметін жаудырып жүреді.

Анасы бірде: *«Алматы жақсы ғой, бірақ түйесі жоғы жаман екен»,* – деп әкесі екеуінің түйе бағып, шұбат ішуді аңсап жүргендерін жеткізеді. Бұл сөз құлағына тие салысымен Сыдық ата-анасына түйе әпереді. Бұрын қораға кіргісі келмейтін қариялар енді қорадан шықпайтын болады.

Өмір бір орнында тұра берсін бе?! Отбасының тірегі болған әке, біраз уақыттан кейін анасы келместің кемесіне міне барды. Ары қарай тіршіліктің қамын реттеуге талпынған Сыдық екінші түйені сатып алып, жары Шарипа екеуі түйелерін жетектеп, шалғайға орнығады. Осылайша, екі түйеге қора тұрғызып, жазда киіз үй тігіп, қысқа қарай жертөле қазып, шұбат дайындап, сатып, қос малдың басын бірнеше бас түйеге айналдырады. Тіпті Түркменстаннан төрт түлік малдың ішінде ең жерсінуі қиын деген түйелерді сатып алып, Алматы облысына әкеліп жерсіндіреді. Бұл – қиындығы мол үлкен шаруа. Оны қалай жөнге салғаны кітапта жан-жақты баяндалған.

Осы ретте қандай кәсіп болмасын, бәрі ғылымға барып тірелетінін білген Сыдық, енді кандидаттық диссертация жазуға кіріседі. Ал ғылымды қорғау үшін оның тәжірибесі, жаңалығы болуы шарт. Ол түйені көбейту жолдарын, қайткенде сүті сапалы болып, өнімі қанша пайызға көтерілетінін, өркешінің өсуінің өзі қандай процеспен жүретінін зерттей бастайды. Бір қызығы, бір өркешті түйенің сүті көп, құнарлығы аздау, ал қос өркешті түйенің сүті аз, құнарлығы жоғары, еті көп болады екен. Ғылымға бет бұрған Сыдық, міне, осындай көрсеткіштерді күнбе-күн жазып отырады. Өсімі қиын, екі жылда бір төлдейтін түйе малын ғылыми тұрғыда зерделейді. Бұл бағыт табандылық пен ыждақаттылықты қажет ететіні сөзсіз. Жұмысын бір арнаға келтіріп, қорғаймын деп отырғанда, ғылыми жетекшісі өмірден өтіп, біраз қиыншылыққа тап болғаны бар. Алайда ізденімпаздығын орта жолда қалдырмай, бірнеше жылдан кейін ғылым кандидаты атағына да ие болады. Кітаптың өн бойында кәсіпкердің пайда табудан бұрын, барлық ісінде адалдықты басты орынға қойғаны сезіліп тұрады. 200 бас түйесін ұрлатып алғанда жаудың қайдан келгенін біле тұра, дәлелі болмаған соң әкесінің «өзіңе ие бол, кісіні ұры тұтпа» деген тәрбиесін қаперінде ұстайды. Жары Шарипаның болмысы арқылы өмірлік серігі парасатты, пайымды болып жолығуы да ер азаматтың бақыты екенін көреміз.

Автор кітаптың әр тұсында кімдердің қаморлығын көргенін тілге тиек етіп, оларға өз ризашылығын білдіріп отырады. Түйе шаруашылығын өркендету үшін Н.Н.Логутовтың, С.Ә.Үмбетовтің жер бергенін, алғаш жұмысқа алған Қ.Шарафутдиновтың, қиналып жүргенде көлік сыйлаған Есенғали ағаларының, «Банк ЦентрКредит» АҚ акционері В.Лидің, тағы да басқа жандардың жақсылығын жасырмай айтады. Бір сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың да



үлкен сенім артып, көмегін аямағанын баян еткен. Адамның жақсылығын ұмытпау да – адамдық қасиеттің ең үлкен кредоларының бірі.

Кәсіпкердің кейбір тұста асығы алшысынан түсті, кей жерде есе жіберсе де мойыған жоқ. Өтірік айтпады, істемегенді істедім демеді.

Бірнеше мемлекетте басылып шығатын, 7.008 миллион оқырманы бар «360 – geo – Reportage» жобасының журналисі Вольфанг Мартиннің кәсіпкерді іздеп келуінің өзі – айрықша оқиға. Көктем кезінде келген журналист пен түсірілім тобы Сарықұмға түйемен үш күн бірге жүріп барғаны да таңдандырмай қоймайды. Өйткені жайлауға көшу шынайы түрде өткен екен.

Өмірде қайғы мен қуаныш қатар жүреді емес пе?! Ойламаған жерден баласы Талғатты жер қойнына тапсыру Сыдық пен Шарипаға қатты соққы болып тиеді. Қазақ: «Атамдатсаң да, ботамдатпа» деп бекер айтпаған ғой. Кітапты оқып отырып, көзімізге жас келді. Сыдық бұл қайғыны да басты тік көтеріп еңсеруге тиіс екенін, Талғатының ізінен қалған Әмірхан үшін еңбек ету керегін ұғады. Содан бастап Алматы қаласында заманауи «Sudyk» мейрамханасын ашуға кіріседі. Бұл мейрамхананың безендірілуі, интерьері, логотипі, мәзірі – бәрі-бәрі түйеге деген құрметті айшықтайды. Қазіргі кезде өзіміз де сол мейрамханадан талай дәм татып жүрміз. Мейрамхананың әр бұрышы қазақы нақыштармен, түйе төліне тән белгілермен безендірілген. Әсіресе анасының жасауымен келген жүз жылдық тарихы бар алаша мен бір қабырғаны толықтай алып тұрған түйенің жасына қарай аталатын атаулары маған ерекше ұнады.

Әл-Фараби университетінде өткен IV Халықаралық конференцияда Сыдық Дәулетов бір өркешті түйе мен қос өркешті түйелер туралы айтып, шетелден келген айтулы ғалымдарға жарты сағатта үй тігіп алуға болатынын көрсетіп, киіз үйдің әрбір деталіне тоқталып, қалың көрерменді таңғалдырған екен. Елена Чиани айтқандай, «Сыдық мырза мейлінше ұлттық дәстүрді насихаттап, қазақтың даладай дархан мінезін көрсетіп» келеді.

Кәсіпкер өз шаруашылығын дамытып қана қоймай, халқынан да көмегін аяған емес. Ақши ауылында балабақша, дүкен, құрғақ сүт жасайтын зауыт ашып, он екі отбасына үй салып берді. Балаларға арналған бал шұбат, жеміс шырыны қосылған коктейль, спортшыларға пайдалы, адам ағзасына зияны жоқ «Батыр» деген байытылған шұбат өнімін шығарады. Сондай-ақ кәсіпкер тұрғызған «Аруана шипажайының» орны ерекше. Мұнда түрлі науқастар ем қабылдап, дертіне шипа тауып жүр, тіпті аутизммен ауырған бала да емделгені бар.

Ұлттық кәсіпті өрге шығарып, түйе төлінен береке тауып жүрген Сыдық Дәулетов тарихы терең мекен Күрті өңірінде туризм саласын қолға алып, түйенің терісін өңдейтін фабрика салуды жоспарлап отыр. Тақыр жерден басталған кәсіп үлкен межеге жетектеп келе жатыр. Елін сүйген азаматтың мына әңгімесі шын мәнінде адалдықты танытса керек. Шетелден кәсіпкер жапондар келіп, Сыдық Дәулетовтен қомақты қаржыға бірнеше бас түйесін сатып алмақшы болады. Бәрі келісіліп, енді малды жіберер кезде, олардың түйе етін ит пен мысыққа қорек ретінде пайдаланайын деп жатқанын естігенде ол күрт өзгеріп, ақысын көтеріп төлейміз десе де, түйені сатуда бас тартады.

2025 жылы 20 қыркүйекте кәсіпкердің бастауымен көз сүйсіндірген түйе керуенінің куәгері болдық. Бұл шараны өткізу оңайға соқпағаны, жетекке көнбейтін түйелерді бір ізбен жүруге үйрету, ұлттық киім тігу, бәрі де үлкен еңбекті қажет еткені мәлім. Осы мерекеде Гиннесс рекордтар жобасының өкілі Ричард Стэнинг те мұндай үлкен түйе керуенін тұңғыш рет көріп тұрғанын жеткізді. 2025 жылдың 29 қазан күні қазақтың түйе керуені Гиннесс рекордтар жинағына еніп, тарихымыз тағы бір айрықша оқиғамен толықты.

Ірі кәсіпті шыр көбелек айналдырып, өнімдері Қытай, Германия, Франция, т.б. оннан астам мемлекетте сатылып жатқан, аудандық мәслихаттың төрт мерзім депутаты болған Сыдық Дәулетовтің ұлт дамуына қосып жатқан үлесі орасан. Нардың жүгін арқалап, ел мерейін үстем етіп келе жатқан кәсіп иесіне табыс пен береке тілейміз!

№44 жұма 6 қараша, 2026 жыл

СУЫҚЖАЛДЫҢ



Сайлаубай ЖҰБАТЫРҰЛЫ

– ...Балам, көтер басыңды! – деді алып қоңырау күмбіріндей бір үн. – Сен мұншама әлсіз емес едің ғой?!.

Елестей толықсыған бір тұлға. Ол алып қария. Ақ сақалды, ақ шапанды. Ертегіден әлде кинодан сияқты. Заңғар шың басынан, өзі де биік жартас секілденіп, еңсеріле төніп, бұған сынай көз салып, басын шайқап тұр.

Ал мұның әлденеге демі бітіп барады.

Дүниені түгел қымтап алған тұман, кенет біртіндеп тарай бастағандай болды. Демі де ашыла бастаған сияқты... Мөлтілдеген, мойыл-қара моншақтар... Әдемі көздер... Олар өзіне қадала қарайды. Әлгі бір зіл-тұманды таратып әкеткен, өзінің де демін ашқан осыбір мөлдір көздер нұры сияқты.

Бағанағы, үсті-басы алба-жұлба, қорқынышты біреу емес, кәдімгі адам өзіне таңданып қарап, жүзіне төніп отыр. Адам болғанда да... Жанары жып-жылы... Жүзі жарқын... Өзі сүйкімді... Үстінде желбей сияқты ақшаңқан костюм. Көк күлте, жасыл жапырақтар бедерінде аппақ гүл сияқты тым айқын, тым әсем ол. «Ақ гүл!..»

– Мен сенің әніңді есіттім, сосын, өзіңді тауып алдым, – деді нәзік, бірақ тау суы шуылынан анығырақ сыңғырлап жеткен үн.

Сол-ақ екен, күлдір-күлдір етіп, бұлқына жөңкілген тау өзені көз алдына тағы келді. Өзен жағасында екеуі ғана. Аяғы суға малына сұлап жатқан өзі және басын сүйеп, жүзіне үңілген осынау бір жанашыр жан...

–...Сендердің мұнда келгендеріңді әуелі сауысқан айтып берді. Сосын бір ән есіттім. Сол жақсы болды, әйтпегенде өзіңді біражола тентек су алып кетуі мүмкін еді...

Ол соны айтқанда байқады, қыздың көк жапырақтар бедеріндегі ақ күмістей спорт костюмі малмандай су. Ақ күлпара астынан ретсіз төгілген шаштарынан да су тамшылайды. Көгістеу еріндері дірілдейтін сияқты. Ол мұның өзін мына тентек судан алып шыққан ба?!.

Төңірекке көз салуға тырысты. Не болып, не қойғанын әлі де түсіне алар емес. Қастарында бір жолқапшық томпияды. Оған сүйеулі жатқан дарарауыз мылтықтың ұңғысы сораяды. Қыздың белінде қынапты пышақ салбырайды. Есіне кенет әлдене түсіп, шошына жан-жағына қарады.

– Рамазан! Рамазан қайда?

Ол сондай бір бала... Ойнаймын деп жүріп, сені жоғалтып алды... Ол енді өзі де адасып кеткен сияқты... Көзге түсер емес...

– Оны шайтан алып кеткен жоқ па?

– Қайдағы шайтан?

Бұл бойындағы дірілді басуға тырысты және ойына түскен соңғы жайттарды өзі де жүйелеп есіне түсіргісі келгендей дауыстап айта бастады:

– Біз залым қасқырлар адамды аңдыған бір жерден өттік... Шайтансайда бізге ешкім тиіскен жоқ... Түнде ескі үйдің есігін бір мүйізді апай келіп қақпады... Ал Аюапанда мені аю... жоқ-жоқ, қар адамы ұстап алғысы келді...

Әдемі қыз сықылықтап, көңілді күлді. Беті қызарып, ернінің дірілі де басылғандай болды.

– Сендер мұның бәрін қайдан алып жүрсіңдер? Қандай қызық атаулар тауып алғансыңдар?!. Бірақ ол залым қасқырлар адам аңдитын жер емес – Қайыңды бел; Шайтансай емес – Самалды сай: Аюапан емес – Аюбұлақ... Жабайы адам деген Алқамтөрде жоқ... Бәрін солай деп жүрген анау Рамазан деген бала ма?

– Рамазан өтірік айтпайды...

Қыз бұған қарап, біраз үнсіз қалды.

– Сен анау, «Сол Босаға» басынан ән айтатын баласың ба? – деді нәзік үн кенет.

Бұл селк еткендей болып, ақ желбейлі қызға қадала қарады.

– Ал сен... «Оң Босағадағы»... «Ақ гүлсің» бе?

– Ақ гүл?!.

Қара көз қыз үнсіз жымиып, тағы да әдемі күлді.

Бұл да күлді және қайтадан ұйықтап кеткен сияқты бір тұманға бата берді.

«Оң Босаға» үстінде ән тыңдайтын «Ақ гүл»!..

– ...Ол сені іздеп, өзеннің төменгі жағына қарай кеткен. Мен су жағалап келе жатып, сені анау жерден, екі шоңғал тастың арасынан көріп қалдым. Сосын, Рамазанды айқайлап шақырып едім, ол естімеді. Мылтық атуға болар еді, бірақ бұл аумақта ол болмайды... Сосын, суға өзім түстім, енді болмағанда ағыс сені тереңге тартып немесе иірімге алып кетуі мүмкін еді... Жаңбырдан кейін Алқамтөрдің сулары адуын тартады...

Сонан кейін, «Рауан» атты бұл жұмбақ қыз өзін сүйемелдей демеп, әлдебір күркеге жеткізген еді. Арқасындағы жолқапшығын шешіп, онан заттар шығарды. Мұның шоқ қарығандай болып тұрған шекесін йодпен сүртті. Кәдімгідей қан ағып тұр екен. Бұл ауырсына қиналса да, үн шығармауға тырысты. Рауан сосын жұп-жұмсақ, жып-жылы алақанымен мұның шекесіне бір сықпа дәрі жағып, басын жұп-жұмсақ жып-жылы дәкемен орап, жеп-жеңіл етіп таңып тастады.

Басы айналып, құсқысы келетін сияқты. Оң жақ тобығы да зырқ-зырқ етіп ауыратынын енді байқады. Рауан мұның жағдайын жаймен сұрағыштап отырып, ауырған аяғына да сондай жып-жылы, жұп-жұмсақ ем жасады. «Тобығының сіңірі созылған болуы керек, сүйегі, буыны аман сияқты». Сосын, жолқапшығынан шығарған термос қақпағына ыстық шай құйып, өзіне ұсынды. Кішкентай дастарқанда тәбетті тамақтар пайда болды.

Рауанның бар істері дәл бір үлкен адамның байыпты, сенімді қамқорлығы секілді. Өзі мұнан шамалы үлкен, Рамазанмен қатар сияқты ма?..

– Кордонға шейін өзің жүріп жете аласың ба? – деп сұрады ол. Бұл үнсіз иығын көтерді. – Тоғыз шақырымдай бар. Екі ара таулы-тасты...

– Егер мен кордонға кетсем, сен жалғыз қалудан қорықпайсың ба? – деп ойлана отырып тағы сұрады ол сәлден соң.

– Қорықпаймын.

Рауан сәл ойланып, беліндегі қынапты пышақты шешіп, мұның жанына қойды. Ыстық шайлы термосты, ішінде тамағы бар бірнеше қалтаны, бір қорап шырпы мен кішкентай қолшамды да қалдырды. Желбейінің күлпарасын көтеріп, қостан үнсіз шығып кетті.

Суықжал деген таудың баурайына қараңғылық тез үйірілетін сияқты. Тек Араншыңның жалаңаш кеудесі ғана әлі бата қоймаған күн шұғыласымен біраз жарық шашып тұрды. Алысырақта тау өзені күркірейді. Салқындықтан ба, әлде басқа бір әсер ме, бүкіл денесі ерік бермей қалтырай бастады. Рауан кеткен соң денесінің ауырғаны тым қатты сезіле бастағандай еді. Түн қараңғылығы төңірекке анық төніп келді. Бір ұйықтап, бір оянып жатқандай. Кенет қостың алдындағы ашық алаңқайда ағарған әлдене көзіне шалынды. Айдың жүзінде бұлт бар ма, төңірек мұнартып, анық көрінбейді. Бұл қындағы пышақты суырып, әлденені тынысын тарта күтті.

– Ақниет, бұл мен ғой, – деді нәзік үн.

Рауан!

– Сені жалғыз қалдыруға қорықтым. Қимадым...

Жанына кеп, тізе бүкті. Мұның маңдайына жып-жылы алақанын басты. Қалтырап жатқан денесіне ақ желбейін жапты. Өзі сәл шегініп, қос қабырғасына арқасын сүйей, жеңіл күрсінді.

– Әнші бала нәзік... жо-жоқ, сезімтал болар деп ойладым...

– Мен... сезімтал емеспін, – деп күбірледі бұл.

– ...Таудың ішінде тосын жағдайлар көп. Сен тағы да жоғалып кетуің мүмкін ғой...

– Рақмет!.. Мен жоғалмаймын...

– Жарайды... Ұйықта енді... Әкем мен анам уайымдайтын болды. Бірақ әкем менің аман екенімді сезеді. Ол маған сенеді...

***

Көзін ашқанында айнала жап-жарық екен.

– ...Ех, Рауан, сен бәрін бүлдірдің! – деп жатты Рамазанның кейісті үні. – Бұл бала тау қызықтарын көремін деп сондай армандап келген еді. Сондықтан да мен оған сондай бір қызықтар көрсетсем бе деп едім...

Рауан мен Рамазан лашықтың ашық есігі алдында тұр. Рамазан әбден шаршаған. Үсті-басы үрпе-түрпе. Бірақ өзінің сонша әбіржігенін сездіргісі келмейтін сияқты.

– Ал мен сені адамға шапқан аю әлде бір жабайы біреу екен деп атып ала жаздадым. Түрің сондай қорқынышты көрінді, – деді Рауан.

– Рас па?.. Ол солай болуы керек еді!.. Тек, бұл өзі таутеке сияқты сондай секіргіш деп кім ойлаған?

– Өйтіп ойнауға болмайды ғой.

– Ничего. Адам деген тек ән айта беруіне болмайды. Ол әр нәрсені көруі керек. Ол болашақ сарбаз...

– Сенің кейбір ойындарың... Оны сонша қорқытып нең бар еді? Бұл бала сол өзеннен шыға алмай немесе тастан құлап кетіп, әлде шынымен тау ішінде жоғалып кетсе қайтесің?

– Өй... ол өлмейді!.. Оны әнімен тауып аласың!..

Енді бір сәт ну орманның қалыңында, әлденелерді күбірлеп, біреудің өзін арқалап келе жатқанын байқады бұл. Арқалап келе жатқан Рамазан. Есін жиған бұған алая бір қарап қойды.

– ...Ей, сен өзі қорқу дегенді білмейтін немесің бе, немене?!. – деді бір кезде мұны жерге сылқ тастай салғандай етіп.

– Байқасаңшы! – деді Рауанның үні.

– Неден қорқу керек еді? – деді бұл тұруға талпынып жатып.

– Ну... Қасқыр... шайтан... аю...

– Мен түсіндім, оның бәрі де – фантазия...

– Иә, менің фәнтәзияларым... Бірақ таудың іші абайламасаң, сенің нағыз фәнтәзияңды шығарып жібереді, бала! Соны айтқым келген еді менің...

– Жүрейік! – деді Рауан.

Енді бір шамада орман арасында қарсы кездескен үлкен екі адамның бірі Рауанды құшақтай кеудесіне басып, қатты айқайлап сөйледі:

– Балам-ау, амансың ба? Мылтық атып, белгі бермедің бе?

– Атпадым.

– Мына Алқамтөр мақұлқаттарының жүрегі түгел жарылып кетсе де мылтық атып, белгі бергенің жөн еді!.. Алдыңды қараңғы қылып, түнемелік жолға шықпағаның дұрыс болған, балам... «Босаға» жақтан хабар келді: екі бала тауға шығандап кеткен. Соларды кездестіргеніңді сездім. Сол екеу – мына жүгермектер ғой?!.

Екі «жүгермекті» орманшы Бақтығұл ағай «Босағаның» арғы жағына мотоциклімен жеткізіп салды. Бұл жерде пішеншілер де абыр-сабыр болып, жоғалған балаларды іздеуге кіріскен екен.

– Балаларға абай болыңыз, ағасы! – деді орманшы Қайыржұмаға екі саяхатшыны тапсырып тұрып. – Білесіз ғой, тыйымды аймақтың жөні бір басқа, тау дегеніңіз ойын баласы қыдырыстап жүре беретін жер емес.

– Алғабас кентінің доқтыры өзін әрі-бері қарағыштап, «Қатерлі еш нәрсе жоқ, – деп шешті. – Басынан шамалы соққы алған. Тобық сіңірі созылған. Салқын тиген...»

Рамазан өзіне қызыл талдан добалдай етіп, таяқ кесіп берді. Бұл соған сүйеніп, олай-бұлай жүруді де үйренді.

– Ей, саған таяқ ұстап, шойнаңдап жүрген жарасады екен. Оллаһи шыным, сен тура соғыстан қайтқан солдат сияқтысың!..

Әйтсе де, Рамазан біраз уақыт өзіне тура қарамай, жүзі төменшіктеп жүргені рас еді.

– ...Саған жаман болсын деген ешкім жоқ. Бірақ бәрі осылай шығады деп кім ойлаған?.. Сен мені, былай... кешір! – деді ол бірде. – Сенің әкең... Әділетжан көке өзіңе «нағыз еркектің өнерін үйрет» деп еді әнеукүні. Оны басқа ешкімге емес, қоштасарда маған ғана айтты. Оллаһи шыным!.. Грек деген елде сондай мықты тәрбие болған деді...

– Білем. Спартан мектебі.

– Иә, сондай бірдеңеге ұқсайды... Тек, тәуекелге ақыл керек!.. Жә, жәр-райды... Сен қашан ән айтасың? Әнің үзіліп қалды. Бәрі сұрап жүр. Бәрі... Тіпті таудың арғы жағынан Рауан да... Мен сені «Сол Босағаның» басына апарамын! – деді бір кезде шешімді Рамазан.

– Қалай?

– Сен шойнаңдап, жүре алмайсың...

– Мен... шойнаңдасам да, өзім жүре аламын!

Бірақ Ақниет «шойнаңдаса» да өзі жүре алмады.

Енді, міне, сол Рамазан «Қия жол, ирек соқпақпен» Ақниетті босаға биіктің басына қарай емпеңдей арқалап келеді. Әр қадамын санап келеді: – Біреу, екеу, үшеу, төрт, бес қадам...

– ...Мені бұған ешкім жұмсаған жоқ. Мен өзім осылай шештім: сен тау басында ән айтуың керек!

– Рамазан, қоя бер! – деді біраз шыдаған Ақниет.

– Қоя беруге болмайды!

– Сахнаға адамды арқалап шықпайды...

– Керек болады екен, арқалап шығады!

– Олай ән айтылмайды!

– Айтылады! Әйтпесес пішеншілер маған «мат қояды». Сен олардың кейістігін есітсең ғой... Общым, бәріне кінәлі мен болдым...

Бұл күні, расымен де, ән айтылмады. Ән дегенді ешкім биікке арқалап шығара алмайды ғой. Ол өз қанат қағысымен, еркін құстай ғана қалықтап ұша алады.

Сол – нағыз ән. Көкке шырқап көтеріле алатын ән. Адамды өзімен бірге алып ұшатын ән... Рамазанның мұны түсінбегені өкінішті... Ол бәрін түсінетін бала сияқты еді... Ал ол айтса, бұл төңіректе бәрі-бәрі ән күтіп жүр.

«Оң Босағада» «Ақ гүл» таңғы самалымен тербеле бой көтеретіндей.

Бәрібір, бір ән-құс қанат қаға алмады...

Кейінгі кездері ұйқысынан әлденеге кеуде тұсы шымылдап оянатын болды. Сонау көңілді де сүйікті қаласын, ондағы достарды сағынды бұл. Тек оларға енді тұнық таңда бозторғай әнін тыңдаған,

– Олар солай барады онда!

– ...Біздің соңғы дидарласуымыздан кейін қатынасымыз үзіліп қалды. Мұнда сенің де, менің де кінәміз жоқ. Жағдайлардың жалпы аты – «тағдыр» дегенге келеді. Тек оған ерік бере бермеу керек, жас достым!


– Ол ерікті мен түсінбедім...

– Тауға тәуекел етіп, талай хикаятты бастан кешкендеріңді білемін. Оның еш әбестігі жоқ. Жігіт дегенің хикаяттар қалыңында жүруі керек! Қызықты ұлағатты хикаяттар... Бәріне ақыл дос болса жақсы...

– Қайыржұма көке де солай деген...

САЛҚЫН СЫРЫ

«ЖҰЛДЫЗЫҢ ЖОҒАРЫ» ХИКАЯТЫНАН ҮЗІНДІ



жаңа орылған шөп иісін иіскеген, кең даланың ауасымен кеуде кере дем алған, Алқамтөр деген ғажайып тауларды аралаған, жұмбақ «Ақ гүлді» көрген, Рамазан сияқты қиялшыл баламен достасқан Ақниет болып оралады бұл! Бұның бәрі олар үшін де қызықты болуы керек!

Алқамтөр мен кең даланың фантазиясы. Керемет!..

Сонау Үлкен қалада, баяғы, абдыраған ақ жаулықты әже есіне түседі.

– ...Шырақтарым-ау, мен қай ауылда жүрмін?!. Бұл кімнің ауылы?!. – деп аңтарылып еді сол үлкен әже балалар алаңына қарап тұрып.

Мұның өзінің алаңсыз ойнайтын сүйікті алаңы еді сол... Сондай көңілді алаңда «өзге жұрттың «шүлдірі» өте көп екен», «сол «шүлдірден» аман біреуі де жоқ екен. Тек ілеуде бір ғана «өз сөздері» естіліп қалады екен. Өз сөздері... Өте сирек... Қарадомалақ, қаракөздер арасында... Ол әже сонан аңтарылған...

«Босаға» биік басында тұрды бұл.

«Қалаға ескен ақ самал» деген бір сөздер ойына келе береді. Осы сөздер дала күніндей жарқын, өріс самалындай жұпар иісті сияқты. Осындай бір ән барса онда! Мына, дала құстары көңілді сайраған, қиырынан ғажайып самал ескен, адамдары көңілді сөйлеп, жарқын күлген өлкенің суреті үлкен қалаға «ақ самал» болып, өзімен бірге жетсе! Керемет болар еді-ау!..

– Ақниет жанында жатқан добардай тал таяқты бір сипап қойды.

– Ау, Рамазан досың бүгін көрінбейді ғой? Қайда жүр?

– Ол соңғы кезде ұялшақ па... сондай болды.

«Абыз ата» әлденені түсінгендей үнсіз күліп қойды.

– Жақсы да, жаман да үнемі қасымызан қалмай жүре беретіндей сезім болады пенде-де. Бірақ бәрі өткінші. Өткінші бәрі. Тек, сол өткіншіні өкінбестей етіп өткізу, сондағы өз орның мен міндетіңді түстеп, тани білу, абыройда атқару – адамның адами қасиетіне сын...

Ақниет бұл сөздерден бір нәрсе түсіне қоймады.

– Адам мен қарлығаш деген құстың арақатынасы... Сен ол хикаятты естіген боларсың? – деді қария келесі сәт.

– Есіттім...

– Адам мен қарлығаш – ежелден достар. Бұл туралы әдемі аңыздар бар, солардан өрбіген неше түрлі көркем хикаяттар да жетеді. Сен оларды білуің керек... Бәрі жақсы, бәрі ғажап... Ал енді, көңіл көзімен қараған адамға адам мен қарлығаштың сол достығы жай табиғат қалыптастырған тіршіліктер қатынасынан тереңірек екенін аңдамау мүмкін емес. Сол достықта тілмен айтып жеткізуге келмейтіндей бір адалдық, қасиетті сенім, тіпті ұлы махаббат бар, жас достым.

Қарт адам бір нәрселерді есіне түсіре алмағандай, қинала ойланып қалды. Ары қарай не айтарын білмегендей ме?

– Бұны енді бір қызықшыл сөз деп қабылдамау керек... – деді сәлден соң. – Оның беті аулақ, қарлығаш ұя салған үйді бірде өрт алуы мүмкін. Сонда, қол басындай ғана сол құс әлгі алапат өртті сөндіру үшін тұмсығымен су тасиды. Сұрапыл отқа қарсы бір тамшы су не болады? Онан не қайран?.. Біз өзімізге мәлім қисынмен солай деп ойлаймыз. Бірақ байқай білген ойға осында бір керемет хикмет бар: Қарлығаштың тұмсығындағы сол бір тамшы су сол алапат өрттің бетін қайтаруы мүмкін!

– Қалай?!. – деді Ақниет таңданысын жасыра алмай.

– Ол солай! Сол тамшы судан сол ғаламат от жасқанады!

«Абыз ата» алауға көбірек шөпшек салып, отты лаулата жағып жіберді.

– ...Иә, жас достым, ізгі ниеттердің кей амалдары алапат өртке тұмсығымен су тасыған сол қарлығаш әрекетіне ұқсас келеді. Тамшы су болса да, қарлығаш-тілектің өрт алдындағы күші қайтарымсыз деседі даналық сөз... Сол қарлығаш-тілекте сұрапыл өрттің бетін қайтара алатын ұлы күш бар...

– Ертегі сияқты...

– Ертегі деген – аталар естелігі ғой, жас достым. Оларды тыңдап, ішінен асыл дәнін танып ала білсең, сол – ақыл ісі... Қарлығаш туралы хикаятта тамаша ғақлия бар: Әз басыңа қандай іс кезіксе де, мен әлсіз едім деуші болма! Менің қолымнан келмейді деген дәрменсіздік пен үмітсіздік көңіліңе жақын болмасын! Қай істе де сенім, талпыныс, тәуекел жаныңды тастап кетпесін! Сол жеңіске жеткізеді. Сол абырой әкеледі. Не деген сұрапыл қиындықтардың беті сонан қайтады!

Қарт лаулаған от жарығында, қалың қабағы астынан көмескі жанарлары жылтырай, өзіне қадала қарап отырды.

– Ұлық істер – кішкентай талпыныс кірпіштерінен қаланған, балам.

«Босағаның» базары да тарқайтын кез келді...»

Шөпшілердің арасында осындай сөз жиірек естілетін болды. Ал Рамазан айтса, «көк бейнеттің де көтегі көріне бастаған кез бұл!..»

Алқамтөрдің бер жағындағы кешегі шалғыны теңіздей толықсыған алап енді шашын қырғызған баланың тықыр төбесі сияқты. Бірақ ол сонда да қарай бергін келетіндей тартымды, тіпті көркем. Қаражал бет даланың сағымды кең көкжиегі мен салқын самалы сол баяғысынша. Кең алқапта моншақтай тізілген тай-тай шөп қатарлары бұл жерде «ала жаздай бейнет кешкен» адамдардың өзінше бір жеңіс салтанаты секілді. Көңілде бір мақтаныш сезімі бар. Ол шамасы, бұл далада еткен еңбектің, біткен істің сондай бір жақсы сезімі болар?

«Босаға» басындағы әндер сиреді...

Суықжалдың салқын түні мен жыпжылы бір алақандар ойына жиі оралады енді...

«Алқамтөрдің ақ гүлі».

Сондай бір ән болуға тиіс сияқты. Сондай, әдемі ән ол. Адамды таңғы мөлдір көкке қалықтатып алып ұшатын керемет ән ол. Түсінде келеді. Қиялында айтылады. Оянып кетсе, ол да жымжылас жоғалады. Сосын есіне түспейді. Келмейді. Алыстағы жұмбақ сол бір ақ гүлдей, жақындамай беймәлім алыстарда көлбең қағып тұрып алады.

Бұл енді ән жаза ма?!. Ол қалай жазылады?.. Қалай жазады?..

Бір үзік-үзік әуендер. Ызыңдайды, ұстатпайды.

Жұма күнінің кеші еді. Ақниет Сарыбел деп аталатын қостан әудем жердегі жатаған жонға қарай таяғына сүйеніп, елеусіз жылжып шыққан. Жолшыбай бір жерге жиып қойған шөпшектерін де қолтығына қысып ала кетті. Кешкі алау сол маңдарда жағылатын еді.

От жанатын «шартты орында» ешкім көзіне түсе қоймады. Жан-жағына елегізи қарап, біраз тұрды. Рамазанның да осындайда бір жақтарға жоғалып кететіні бар. Қараңғылықта бозаңдаған бір тұлға біраздан кейін көзіне шалынды. Енді қайтып кетсем бе деп те тұр еді.

– Кел, балам! – деген қарияның көтеріңкі дауысы естілді. Лып етіп шырпы тұтанды да, алау от лаулай көтерілді. – Рамазан досың қайда?

– Білмеймін.

– Ол өзі сендей емес, бір беймаза ғой. Бір нәрселерді бүлдіріп те жүреді, бір нәрселерді тындырып та жүреді... Сөйтпесе, мына Қаражалдың «бөлтірігі» атанар ма ол?!.

– Рамазанның мұндай да «аты» бар екен-ау?!.

Қарияның оң жақ қапталындағы домбыраны жаңа байқады.

– Домбыра тарта аласың ба? – деді ол.

– Тарта алмаймын. Әзірге... тарта алмаймын...

– Жігіттің жан серігі, сынды сәттердегі үні мен тілі ғой бұл!.. Қызыл тілден де жүйріктеу домбыра сөйлейді бүгін. Қазақтың алқау сөзінен кем түсе қоймас айтары!

Сөйдеп, бауырына бүгіле басқан домбыраны «сөйлете» жөнелді қария. Ақниет ол тартқан күйлерді таныды. Аңдап басқан ауыр қадамдардай, әлде сабырмен, түнере жылжыған қалың қолдай тымырсықтана тынып келіп, кенет ғаламат бір күштің жарылуындай әсер беретін қуатты сарын. «Кішкентай». Құрманғазы... Тағы бір күй. Ол енді мына даланың сағымнан есіп жеткен самалындай. «Сарыжайлау». Тәттімбет... Тағы... Тағы... Көп күй...

Арасына сөз қосуды қажет етпейтіндей, ұзақ дүмпіген домбыра күмбірі бір сәт тым-тырыс тынды.

– Аңыздар таусылады, – деді қария домбыраны жанына күрсіне жантайтып жатып. – Жоқ, менің бұлай деуім қате. Біздің мына пенде-көзе орта тартуы мүмкін, бірақ ол – дүние асылдары таусылды деген сөз емес... Аталар қазынасы таусылуы мүмкін емес! Аңыздар таусылмайды! Олар таусылмаса екен! – деді үні бәсең Ақниет. Ал шындық қында тұрған өткір пышақ сияқты, ол бір күні жарқ етіп, жалаңаштануы керек! Шындық ұзақ үнсіз қала алмайды!..

Сөйдеп, от жарығында тау самалымен желбіреген мол күміс сақалын баптай сипап отырып, кенет сол ақ күміс шумақты иегінен жұлып алды қария. Ақниет тосын жайттан селк етті.

– Сен ақылды баласың, – деді қарсы алдында, от жарығындағы енді мүлде басқа адам. – Ал ақылды балаларды көп ертегімен алдандыра берудің қажеті шамалы. Міне, біздің аңыздың біткен жері осы!

Ақниет кенет өзгеріп кеткен «Абыз атаға» аңтарыла қарады. – Ертегілер дегенің әдемі ғой. Ал шындық бізге ертегілерден мәндірек, қажетірек, достым!

– Бұл не, сонда?!. – деді Ақниет үні тіпті бәсең. – Біз бір ойын ойнадық. Енді, мұнан әрі шындықпен өмір сүру керек болады, жас достым. Басқаша жол – бекер іс болмақ; ал жалған ойын жас көңілді, тілекті талпынысқа жауап бере алмайды. Бір нәрсеге сенімің кәміл болсын: сақалым өтірік болғанымен, айтқандарым шын. Олардың ішінде бір де өтірік ниет жоқ!

Арықша келген қараторы адам біраз үнсіз отырды. – Еш нәрсеге таңғалудың қажеті жоқ. Мұның бәрі де өзіңе деген игі тілектің амалдары болатын... Өзіңе деген жақсы ниеттен бәрі...

Солай деп орнынан тұрып, ақ шапанының шалғайын қаққыштап, ендігі сәт қараңғылыққа сіңіп ұзай берді.

№44 жұма 6 қараша, 2026 жыл



Сламхат СЕЙІТХАМЗАҰЛЫ,
халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері:

РУХАНИ ТӘРБИЕ БЕРЕТІН ӘДЕБИЕТТІ ҚАЛАЙМЫН

Сламхат Сейітхамзаұлы 1951 жылы 15 қарашада ҚХР Алтай аймағы, Қаба ауданының Алқабек ауылында туған. Атамекені – Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданының Теректі ауылы. Ол – «Дала дабылы», «Алтай аясында», «Бәйшешек», «Ақжайқын», «Ақ бүрлен», «Ақнайза», «Намыс толғауы», «Ақтүбек айрықтары» жыр кітаптарының, «Алынбаған құн немесе қайтпаған кек», «Байтайлақ, байтайлақ» поэмаларының авторы.

Сондай ақ ҚХР-дағы 16 қазақ ақындарының «Топқарағай» деген атпен таңдамалы өлеңдер жинағын және ғұлама ғалым, әйгілі аудармашы Әзімхан Тышанұлының «Әдебиет сыр шертеді» кітабын құрастырып шығарған.

Қазақстанның Құрметті жазушысы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ақын Сламхат Сейітхамзаұлының мерейтойы қарсаңында берген сұқбатын оқырман назарына ұсынып отырмыз.

– Сламхат аға, биыл жетпістің бел ортасына келіпсіз, мерей жасыңыз құтты болсын!

– Рақмет, інім! Өзің айтқандай, жетпіс бестің жалына қолымыз тиіп тұр ғой. Жетпіс бес деген аз ғұмыр емес. Денсаулық болса үлкен де, жас та емес екен ғой, шіркінің.

– Сіз – қазақ әдебиетінің қоржынына біраз олжа салған ақынсыз. Оқырманға түсінікті болу үшін әңгімені туған жеріңізден бастасаңыз?

– Артыма қарасам, мен де біраз дәуірлерді бастан өткеріп қойыппын. Көп өзгерістер болды басымызда. Ата-бабамыз 1930 жылдары Шығыс Қазақстанның Марқакөл деген жерінен арғы бетке ауып барған екен. Менің аталарыма біраз мал біткен ғой, байларды көмпескелеген кезде жан сауғалап қашқанда шекарада біразы оққа ұшады. Сонда әкемнің әжесі «бір ұрпағым болса да аман қалсын деп» әкемнің қолынан жетектеп ары өткен екен. Алғашында өр Алтайдың Көктоғай алтын кенінде бір мезгіл аялдап, кейін еңістеп Қаба ауданының Алқабек деген жеріне табан тірейді. Мен осы Алқабек ауылында туылып, сонда оқыдым, сонда өстім.

– Қанша жасыңыздан бастап өлең жаза бастадыңыз?

– Мен мектеп табалдырығын аттағаннан бастап өлең жаза бастадым. Менің өлең жазуыма ұстаздарым Сейтқан Қалиұлы, Көкенбай Нұрғалиұлы, Шәмен Исаұлы сияқты ақындардың ықпалы болды. «Отан» деген өлеңім жоғарыда аттары аталған ақын ұстаздарымның қолдауымен 1963 жылы Құлжада шығатын «Іле өрендері» газетінде жарияланды.

Менде ел махаббаты ерте оянған,
Он бір жаста «Отан» деп өлең жазғам.
Отаншылдық қастерлі ұлы сезім,
Басталады алдымен өз қорағынан, – дегенім бар еді.

Кейін Алтай орта мектебіне барғанда көп нәрсе үйрендік. Ол кезде Алтай қаласында кітапханалар болды, олардың ішінде орта мектептің кітапханасы едәуір үлкен еді. Осы кітапханалардан Қазақстаннан келген әдеби кітаптарды көп оқыдық. М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Ғ.Мұстафин секілді классиктердің шығармаларымен сол кезде таныстық. Арасында Сәбден Елубай, Жәрдем Тілеков сияқты жазушылардың кітабын және Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» романын оқыдық. Кейін біз Алаш арыстарымен танысу мүмкіндігін алдық. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың: «Қараңғы қазақ көгінде өрмелеп шығып күн болам» деген секілді өлеңдерін және қазақ халқының XIX ғасырдағы ең көрнекті ақындары Махамбет Өтемісұлы мен Абай Құнанбайұлының өлеңдерін оқып, көбін жаттап өстік.

– Құлжа қаласындағы Іле педагогикалық институтында оқыған сәттеріңіз есіңізде шығар?

– 1973 жылдан кейін саясат кішкене оңалып, мектептерде оқу басталғанда мұғалім керек болды. Сонда бізді аудандық оқу-ағарту мекемесі Алтай қаласындағы педагогикалық техникумға оқуға (тоғыз айлық қысқа мерзімді курсқа) жіберді. Осы тоғыз айлық курсты оқып бітіргеннен кейін ауыл орталығы – Сарыбұлаққа келіп мұғалім болдым.

1976 жылдан кейін елде жылымық орнап, саясат оңалып, оқу-ағартуға реформа жүргізіліп, жүйелі білім беру қолға алынды. Осыдан бастап мектеп бітірген оқушылардан мемлекет бойынша біртұтас емтихан алып, жоғары мектептерге оқушы қабылдау орнады. Мен мұғалімдер арасында алынатын емтиханға қатысып, одан өтіп Іле педагогикалық институтының қазақ тіл-әдебиеті факультетіне оқуға қабылданып, екі жыл білімімді толықтырып шықтым.

– Оқу бітіргеннен кейін ауылыңыз Қабаға қайттыңыз ба?

– Оқу бітіргенен кейін Іле облыстық оқу-ағарту мекемесі *(Білім департаменті)* жұмысқа шақырды. Сонда барып кеңсе меңгерушісі, одан кейін саяси кадрлар басқармасы деген басқарма құрылып, соның басшысы болып істедім.

Құлжада саяси басқарманы басқарып жүргенде шығармашылықпен айналысып жүрдім, өлеңдерім мерзімді баспасөзде жарияланып тұрды. Мәселен, «Шыңжаң газеті», «Іле газеті», «Шұғыла», «Іле айдыны», «Алтай аясы» секілді газет-журналдарда жарияланып жүрді. Жеке авторлық кітабым шыққан жоқ. Ол жақта кітап шығару өте қиын ғой, бірақ ұжымдық жинақтарда өлеңдерім басылды.

Сөйтіп жүргенде, 1991 жылы 16-желтоқсанда Қазақстан тәуелсіздік жариялады, елге, атажұртқа қайтқымыз келді. Жетудің жолын қарастырдық, алғашқы жылдардан бастап осында келдік қой. Құдайға шүкір, келгенімізге отыз жылдан асты. Бұл жерге келгеннен кейін Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аспирантурасына оқуға түсіп, онда екі жыл оқыдым. Сөйтіп жүріп, отбасымызды көшіріп келдік. Бала-шағамыз тәуелсіз елдің құшағында оқыды, білім алды, өсіп-өнді.

Алматыға келгеннен кейін «Ақжайқын» деген көлемді өлеңдер жинағым шықты. Одан кейін де 4-5 кітап шығардым. Мәселен, «Ақ найза», «Ақ бүрлен», «Ақтүбек айрықтары», «Намыс толғауы» деген біраз жинақтарым жарық көрді. Сонымен бірге менің ол жақтағы ұстаздарым болған, жақсы араласқан, тәлімін алған, бұл жақта өлеңдері жарияланбаған, ерте қайтыс болып кеткен он алты ақынның өлеңін топтастырып «Топ қарағай» деген атпен баспадан шығардым. Мұны мен мойнымдағы қарызым, азаматтық парызым деп білемін.

– Ол он алты ақын кім болды екен?

– Сейтқан Қалиұлы, Сәден Әнуәрұлы, Шәмен Исаұлы, Мұратқан Жапабаев, Тілеухан Затбай, Задақан Мыңбай, Ғарыпқан Сейфулин, Қабыл Ыбырай, Ақытқан Сейтқамыза және басқа танымал ақындар...

Әзімхан Тышан дейтін үлкен әдебиеттанушы ғалым, ғажап аудармашы адам болды. Ол кісінің ұзақ жылы түрмеде өткен, 1978 жылдан кейін ақталған, Үрімжіде шығатын «Көкжиек» деген *(шетел классиктерінің шығармаларын аударып басатын)* журналдың бас редакторы болған, Қытайдың ерте заман классик ақындарының өлеңін қазақша сөйлеткен аудармашы. Осы ағамның «Әдебиет сыр шертеді» деген кітабын құрастырып шығардым. Құдай қаласа, енді «Топ қарағай – 2» деген жинақ шығарайын деп отырмын. Мұны. негізінен, Іленің ақындарына арнаймын.

– Сізге бұл идея қайдан келді?

– Бұл бұрыннан бар ой болатын, сол ойымды енді жүзеге асырып, иығымнан жүк түскендей болып, қуанып отырмын. Олардың алды ұлтшыл, оңшыл болып сотталып, кейбіреуі «Тарым» деген еңбекпен өзгерту алаңында болған, көбі «Мәдениет төңкерісі» кезінде төменге айдалып, ұрылған-соғылған танымал тұлғалар ғой.

– Қандастар мәселесі жөнінде не ойлайсыз?

– Шетелден келген қандастардан қазақ тілінен емтихан алу деген мүлде дұрыс емес нәрсе. Шетелдегі қазақтар бір ауыз орысша білмейді. Оларды оқуға қабылдап немесе мемлекеттік қызметке тартып жатқан жоқ қой, олардан қазақ тілінен емтихан алудың не керегі бар?! Олар онсыз да қазақ тілін біліп тұр. Дүниежүзіне тарыдай шашылған қазақтың бір шаңырақка жиналуына, көк тудың астында бас қосуына кедері жасайтын бір күш бар секілді. Солардың жасап отырған пәлесі ме деп ойлаймын.

Бір отбасы көшіп келсе, әке-шешесі, ата-әжесі, бала-шағасы келеді. Әжесі 80 жаста, атасы 85 жаста болуы мүмкін, осылардан қазақ тілінде емтихан алып қандай қызметке қоймақшы. Шетелден келген қандастар қазақша сөйлеп тұрып емтиханнан өте алмайды, қандас мәртебесін ала алмайды. Осындай теңсіздік пен әділетсіздіктер көп.

Ұлтты көркейтемін десе, қазақтың тілін дамыту керек. Тіл дамымай ештеңе де өзгермейді, дамымайды. Тілден айырылған соң бәрінен айырылып қалады.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбатты жүргізген
Әлімжан ӘШІМҰЛЫ

АҚ ҚАБАНЫҢ АЗАТТЫҚ АҢСАҒАН АҚЫНЫ

Қазақ елінің дербес ел, тәуелсіз мемлекет болуын Құдайға қараған қазақтың арман етпегені жоқ шығар. Бірақ соны арман етіп, аңсау бар да, соған қолынан келгенше, жан-тәнімен қызмет ету және бар.

Бұл жерде мен өзіміздің Шыңжаң қазақтары туралы ғана сөз қозғап отырмын. Осы ұғымға орайластыра айтар болсақ, өзінің жалпы саналы ғұмырын қазақтың тәуелсіздігіне бағыштап, барлық рухани өмірін, қалами қызметін сол жолға сарп еткен, тіптен сол жолда басын бәйгеге тігіп, жанын құрбан етуге пейіл болған жанкешті, жампоздар да болмай қалған жоқ, болды.

Сламхат Сейітхамзаұлы Алтайдың ұлы тауларынан бастау алатын Аққаба, Алқабек өзендерінің Ертіске құяр сағасында дүниеге келді. Бұл – бергі етегі Марқакөл, Қатон қарағай, Қом, Қанас сынды айна көл, ағынды өзендермен өрнектеліп жатқан, кеудесінде көл-дария толқытқан құт қонған, құйқалы өлке. Бүкіл қазақ даласының жат қолында қалғаны бар, өзімізге бұйырып, өз еліміздің ілкінде қалғаны бар қазақ жерінің барлық өңіріне көз жіберіп салыстыра қарасаңыз, Алтайдың жүйрік басынан бастау алатын Қом, Сом, Қанас сынды мөлдір өзендері мен Марқадай күміс сулы көлді екінші бір жерден таба алмайсың! Өйткені бұл өлкенің суына да, нуына да, тауына да, тасына да мін тағуың мүмкін емес, әсемдікті әлдилеп жатқан ару өлке деп осыны айтады!

Сламхат 1960 жылдардың соңына қарай Алтай орта мектебінде оқыды. Ол бұл оқу орнын толық бітіре қойды деуге де келмейді. Өйткені аты шулы «Мәдениет төңкерісі» тап осы кезде басталып кетті.

Міне, осынау қилы заман, қиын күндердің қасіретін өз көзімен көріп, соның барлығын жүрегінің сүзгісінен өткізген ақын Сламхаттың жас жанына жаңағы өлшеусіз қасіреттер жара салмай қалған жоқ. Салды, әрине.

Ақынның жыр жинағына басы біріктірілген өлеңдеріне қарап отырсақ, ол сонау бодандықтың бұғауында жатқан әрі қыл үстінде, қылыш жүзінде тұрған алмағайып заманның өзінде ұлттық мүддені ішкі ұраны етіп ұстанған екен. Осыған қарап отырып, ақынның ішкі рухани жан дүниесі азаттық пен тәуелсіздікке ерте, сонау 70 жылдардың өзінде-ақ қол жеткізген екен-ау деуге болады. Ұзын аққан Ертістің, Алтай менен Сауырдың саясында жүріп-ақ ақынның жүйрік көңілі алыс-алыс көкжиектерге көз жіберіп отырғанын көреміз. Ой көздері артта қалған алысты да, алда келер күндерді де көре білген. Өлеңдеріне қазақ жерінің азаттығы мен тәуелсіздігін аңсаған, есе, теңдік, әділет, шындық іздеп шарқ ұрған ең ізгі армандары арқау болып отырған.

Ақын қазақ өмірінің мұң-мұқтажын қозғайтын барлық соқталы тақырыптарға қалам тербеген екен. Ұлттың жоғын жоқтап, тілеуін тілейтін өлеңдері көп-ақ. Әсіресе оның бодандық заманда бостандықты ту етіп жазған өлеңдері – айрықша талдап-таратуды қажет ететін шетін тақырып.

Сламхат өлеңдерінің басты ерекшелігі – ойшылдық. Адам жанын аспанға көтеріп әкететін алау сезімдермен көмкеріліп келген ойлы поэзия. Жыр жинағында жан сарайыңды жылы сәулелерге бөлейтін шуақты шумақтар өте көп. Осыларды оқып отырып, көңіліңізді ыстық, қайырлы сезімдер билеп, мөлдірден су ішкендей мейірің қанады.

Жалпы, жинақтағы өлеңдерін көктей өтіп көз жібергенде Сламхат ешкімге еліктеп, солықтамай-ақ, өзегіндегі өз сөзін айтып өткен ақын екен-ау деген қорытындыға келдік. Ұлан-ғайыр шығарманың өз тереңдігіне орайлас келетін жан-жақтылы зерттеулер алдағы күндерде болашақ зерттеушілерде болады ғой деп ойлаймыз. Өйткені, ақынның өлеңдері жоқтаусыз, ескерусіз, елеусіз қалатын құнарсыз дүниелер емес екеніне де көз жеткізіп отырдық. «Ұнамаса тастай сал күресінге!» деп өзі керексіздеу қылғанымен, күресінге тастай салатын керексіз көп ештеңесін көре алған жоқпыз.

Сламхат Қытайда жүргенде ел билігінің шетінде, саяси, әлеуметтік жұмыстармен шұғылданды.

Ақын шығармаларында мерзімдік, науқандық, ұрандық, гуманды, тұманды тақырыптарға жазған өлеңдер жоқ екен. Оның жазған тақырыптарының барлығы да саяси, әлеуметтік түс алатын күрделі де кесек тақырыптар

Ақынның ендігі бір пара өлеңдері туған өлкенің тамаша табиғатына арналып отырады. Туған өлке жерінде жыр жалауын желбіреткен жүйрік ақын аспанын ақ ұлпа бұлт жуған, таулары торғын тұман жамылған, кербез жатқан керім өлкені ынтызар жүрекпен жырлап өткен екен.

Сезілесің құшағындай анамның,
Пәк арыңнан адам болып
жаралдым.
Құдіретте күші жетіп бөле
алмас,
Жер-бесікке бөленсем де
балаңмын, –

Жоғардағы жыр жолдарынан ақынның туған жерге деген бала махабатын анық танып білесің. Осындай жырлар туған жердің жазғы тұманды күні секілді жантәнінді жылы құшағына алып, жан сарайыңды сұлу сәулеге бөлеп, көкірегіңді шалық сезімдерге толтырып әкетіп отырады.

Сламхат – жаны нұрға, жүрегі жырға толы көпшіл, бауырмал, қормал адам. Басы артық қызыл сөзден де, сыбырлақ, сырғытпа сөздерден де аулақ жүретін, абызға айланып кеткен берекенің адамы. Бірақ сөзге жүйрік, тапқыр, ұтқыр. Ел арасында «Сламхат айтты» дейтін мысқыл, кекесін, күлкімен көзге шұқып, келекелеп кететін сөздері де аз емес. Құрыққа сырық жалғап, аңызы мен ақиқатын араластыра өріп айтатын, сезікті секіртпе сөздері қаншама.

Алдарыңызда даналықтың, азаттықтың, азаматтықтың жыр дариясы жөңкіле ағып жатыр, тұныққа бас қойып, мөлдірден шөл қандыра сусындауларыңызға болады.

Әрмиябек САҒЫНДЫҚҰЛЫ,
сыншы, халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының
лауреаты

ДАРАЛЫҒЫҢ, ДАНАЛЫҒЫҢ – ТІЛ ДЕГЕН


Асқар Татанай, Мағаз Разданұлымен бірге

Сламхат СЕЙІТХАМЗАҰЛЫ

МАЛТА ТАСҚА ҚЫНА БОЛЫП КӨКТЕДІМ

Көргенім де, кешкенім де көп менің,
Жаутаңкөз боп, жасқау көріп өскенмін.
Жауларымды жалыныммен қарыдым,
Мұхитыңа батырса да өшпедім.

Айта берсек, таусылмайды өткен күн,
Сұлтан едім, ұлтан болсам деп келдім.
Жаутаңдадық қабағына біреудің,
Бірі деп біл мені азап шеккеннің.

Ой-хой, қазақ! Елім менің, Отаным,
Отан үшін жанымды оққа тосамын.
Жайшылықта діңі қатты көңілім,
Бүгін неге соншалықты босадың?!

Еріксізден ерік бердім сезімге,
Білмей тұрмын түсім бе, әлде өңім бе.
Бақыт кейде жалғыз тамшы жас екен,
Іркіліп тұр кірпігімде, көзімде.

Өшіремін десе-дағы өшпедім,
Малта тасқа қына болып көктедім.
Қапастағы шер-көкірек бұлбұл ем,
Еркіндікті сайрасам деп көкседім.

Сол арманым орындалды дәл қазір,
Ал, ендеше, өрт тигендей мазда бір!..

АУЫР КҮНӘ АНА ТІЛІН БІЛМЕГЕН

Даралығың, даналығың – тіл деген,
Тұтас өмір өзгереді тілменен.
Өзге тілге судай ағып тұрсаң да,
Ауыр күнә ана тілін білмеген.

Сырты бүтін сықылданып тұрғанмен,
Тіл бұзылса бұзыласың тұлғаңмен.
Әкеңе әкеп аудармашы салғанша,
Арманыңды ана тілмен жырлау жөн.

Ана тілің – ар-намысың бойдағы,
Тілден азсаң – теңдігіңді жойғаны.
Дүниенің шығамын бір шетінен,
Ана тілім аман болса болғаны.

Бар ағайын, бар туысқан, жұрағат,
Ана тілің – бойтұмарың, мінәжат.
Өмір бойы өгейлікпен өтеді,
Ана тілден ала алмаған ләззат.

Тіл дегенің – мірдің оғы, тапанша,
Бірақ та мен айта алмаймын атамша.
Құдай тілден сүріндіре көрмесін,
Тіземізден сүріндірсін оданша.

АБЫЛАЙ ХАН МЕН ҚАБАНБАЙ КЕРЕК БҮГІН!

Түтіні тік ұшса екен мәңгіліктің,
Кім үшін отыр дейсің қайғырып кім.
Жеткенде орта жасқа еліме кеп,
Азат елдің кәусарын, балын жұттым.

Жүрсем де өмірімді нөлден бастап,
Кейбіреу жекірсе де жерлеп, жасқап.
Қырық жыл жинап-терген беделімді,
Садақа! Азаттыққа кеттім тастап!..

Келгем жоқ туыс ізден, отар ізден,
Көкседім атажұртты Отаным деп!
Ұрқымын қуғындалған ақсүйектің,
Өзімді ойламаймын осалмын деп.

Кегім бар Кеңес деген үкіметтен,
Өйткені ол ұлтымды отын еткен.
Ынжық, мәңгүрт жігіттер не деген көп,
Қазақтың батырлары қайда кеткен?!

Өнеге етер еліне зеректігін,
Халық еді-ау, қазағым, бөлек сының.
Ақылына сай келген айбары бар,
Абылай хан мен Қабанбай керек бүгін!

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ – ҰЛЫ АҚЫН

Жырға арнаған барлық зейін, қуатын,
Жырмен тербеп желпісем деп жұратын.
Жырмен зерлеп тастап кеткен мұратын,
Бүтін өмір бір дастан деп ұғатын
Мұқағали Мақатаев – ұлы ақын!

Жырмен жапқан ар-намысын, ұятын,
Жырмен шағып зұлымдықты тыятын.
Оқығанның мұңы шығып тұратын,
Дүниеге ілуде бір туатын
Мұқағали Мақатаев – ұлы ақын!

Бала күннен пісіп алған азапқа,
Бой ұрмаған атаққа да, мадаққа.
Шыдай білген мазаққа да, боспаға,
Жырмен жанын алып барған жәннатқа.
Алтын діңгек, жеңімпаз жыр сардары –
Мұқағали біреу ғана қазақта.

ТӘУЕЛСІЗБІН, ДЕРБЕСПІН!

Сенбеймін мен «изміне» елестің,
Ешбір топқа мүше болған емеспін.
Кең даладай мынау кеудем тұрғанда,
Кішірмедім, кімде-кіммен теңестім.
Басқамен де, қасқамен де тең өстім,
Жау дегенді, дау дегенді желкелеп,
Ешқашанда басындырған емеспін.
Өр мінезім өрге сүйреп келеді,
Белдескенмен белдестім,
Шені бармен шендестім.
Мақтан етер қасиетім қашанда
Жағымпаз деп айта алмайды мені ешкім.
Алдауға да, зорлауға да көнбеспін,
Жалақорлар жабылса да өлмеспін.
Өйткені мен үміткермін, дербеспін.
Өнегелі өнер қуған елде өстім,
Тынысы кең, түрі көркем жерде өстім.
Бадырайып басқан ізім қалса екен,
Көрінбесін кейінгіге боп өшкін.
Табаныңнан туған жердің сызы өтсін,
Маңдайыңнан туған жердің нұры өпсін.
Айдарыңнан сар даланың желі ессін,
Өзіңді-өзің құрсаулама, жас інім,
Бұл жалғанда еркіндікке не жетсін!
Идеямды ешкім жаулай алмайды,
Қай топқа да бағынышты емеспін.
Тәуелсізбін, мен ежелден дербеспін!

ТІЛІҢ ТИІП КЕТПЕСІН, ТҮКІР ЖЕРГЕ

Жақсылық та, жаннат та біздің жерде,
Тілің тиіп кетпесін, түкір жерге.
Осы жердің ұрпағы болу бақыт,
Қақылымыз, туысқан, шүкір деуге.
Астау-астау алтынды күредіңдер,
Кепиеті атпай ма киелі жер.
Бабаң берген байлықты берік күзет,
Таңың атар сенің де, үзбе күдер.
Не іздейсің, бәрі бар біздің елде,
Күпір қылма, таза бол, шіркін кеуде.
Баспанасы бұзылып ауған құстар,
Сабылысып жатады біздің елде.
Сайран салып жатады біздің көлге.
Адам түгіл киік те паналаған,
Қандайсың деп түріңе қарамаған.
Киесіне қалады қаралық қып,
Қазағымның көңілін жаралаған.

БАЛАЛЫ ҮЙ БӘЙТЕРЕКТЕЙ КӨКТЕЙДІ

Біздің бастық: «Балаң өте көп», – дейді.
Мен айтамын: «Саған көп пе,
Өзіме әлі төртеу-ақ.
Бала – бақыт,
Бала көптік етпейді».
«Бала – пәле» деген мүлде өтірік,
Балалы үй бәйтеректей көктейді.
Балалы үйге қайғы-мұң да жетпейді,
Баланы Алла тек пейілге береді,
Көңілі тарды бұл бақыттан шектейді.

Отың өшсе – тіршіліктің өшкені,
Балалы үйдің оты мәңгі өшпейді.
Балалы үйден базар мәңгі кетпейді,
Балалы үй жалғыздықты шекпейді,
Балалы үйден күлкі мәңгі өшпейді.
Жалғыз бала тамырланып өспейді,
Екі-үш бала әрең-пәрең көктейді.
Сол үшін де біздің қазақ ырымдап,
Жалқы ағашты –
Қос бұтақты кеспейді.
Жер-әлемге қаптаса да топан су,
Өскен халық су түбіне шөкпейді.
Іргелі ел ерегіске шыдайды,
Іргелі елдің орны мәңгі өшпейді.
Өсер халық көп баланы көксейді.

ШІРКІН ЖАРЫҚ, ДҮНИЕ-АЙ!

Шіркін, жарық дүние-ай, ыстықсың-ау,
Жатса-дағы құ өмір бықсып мынау.
Аймалап қасиетті сәулесімен,
Пендесін жабырқаған жылытып тұр-ау.

Шіркін, жарық дүние-ай, қандай едің,
Не деген қорқынышты, Алла-ай, өлім!
Бақталассам біреумен сенің арқаң,
Қолыңда ғұмырымды жалғау менің.

Шіркін, жарық дүние-ай, мейірімді,
Дархан қылып өсірдің пейілімді.
Сеніменен нығайтқам сенімімді,
Сеніменен суарғам сезімімді.

Шіркін, жарық дүние-ай, кетпе менен,
Құлпырамын басыма төксең өлең.
Әндетіп сен сыйлаған махаббатты,
Халқымның қажетіне текке берем.

ҚАҚЫЛЫМЫН ЛАПЫЛДАУҒА, СӨНБЕУГЕ

Тамырыма сыймай сыздап кернеуде,
Жүрек қысып, қан басыма өрлеуде.
Жанға батқан тікенді алып тастауға,
Дәрігерлер жанын сала емдеуде.
Ақ халатты тіршіліктің сақшысы,
Рақмет, нұр жауса екен сендерге!
Өстім рас, жастайымнан өр кеуде,
Құқылымын көп жасауға, өлмеуге.
Күресемін, науқасымды жығамын,
Қақысы жоқ ешкімнің де «өл» деуге,
Қақылымын лапылдауға, сөнбеуге.

ОСЫ АСУДА ЖАУЛАРЫ ӘКЕМДІ АТҚАН

Ел жазылмай жатқанда жарақаттан,
Осы асуда жаулары әкемді атқан.
Әке атымен аталып содан бері,
Әкемді атқан жер болып келе жатқан.

Осы асудан асқанда күрсінемін,
Аза бойым қаза боп туршігемін.
Әке, менің бар тағы мақтанышым –
Ұлытауда ту болып тұрсың өзің.

Өшірмекші ед әкемнің атын бірақ,
Жоғалтпады иесі – халық ұлы-ақ.
Ол кезде мен толмаппын бір жасқа да,
Елім, жұртым жеткізді болып қуат.

Тарихта адамдар талай көрген,
Қаңылтыр боп таттанды талай орден.
Халық қойған әкеме осы ескерткіш,
Мәңгі бірге кетеді қара жермен.

МАҚТАСАҢДАР ҚУАНАДЫ ЖҮРЕГІМ

Досым менің, есім менің, мақтаңдар,
Мақтасаңдар жаным түлеп аспандар.
Зеку менен жасқағанды көп көрдім,
Мақта мені, мақта мені, жақтаңдар.

Мақтасаңдар қасаң жаным желпінер,
Тыжырынсаң байғұс жаным тентірер.
Қолдау көрмей сойыл жеген бейшара,
Арман-құсын тұншықтырып өлтірер.

Мақтасаңдар жүрек шіркін, қуанар,
Сенім болса, құз-қияға шыға алар.
Нағыз мақтау, нағыз қолдау деген сол –
Дүниеге атағыңды шығарар.

Мақтауда да түрлі-түрлі мақтау бар,
Кей мақтауда құрып қойған қақпан бар.
Нағыз мақтау азаматқа күш болып,
Бір мақтаумен өз бақытын тапқан бар.

Мақтады деп жер, әлемнен аспаңдар,
Батырға тән, сабазға тән мақтаулар.
Азаматтар, қызғанбаңдар, қолдаңдар,
Бір-біріңді жылан болып шақпаңдар!

САҒЫНЫШТАН БОТАДАЙ БОЗДАП КЕЛЕМ

Өкпем де жоқ, ойым жоқ алабөтен,
Қақылымын жоқтауға, балаң екем.
Сағыныштан ботадай боздап келем,
Бабамның басы қалған қара мекен.
Өзіңе арнайтұғын айта берсең,
Өлең сөз таусылмайды, байтақ өлкем.
Алтынтау – асыл ана, құтты мекен,
Үйлдеп сағыныштан ән сап келем.
Шашайын өлеңімді оңды-солды,
Көрімдік сұрағанға қарсы ап менен.
Далам, тауым, өзіңдей көңілім бар,
Сыйыса алмас ешқашан пейілі тар.
Дарқанмын туған елдей, туған жердей,
Ойым – өзен, жаным – жаз, сезімім – бал.
Аңқылдап-ақ кетейін дүниеден,
Туған Отан, өзіңді сүйіп ерен.
Сенен өзге жоқ әсте жұбанышым,
Өлсем-дағы өзіңді сүйіп өлем...

ТАУДАЙ ҮЛКЕН, УДАЙ АШЫ ЖҮРЕГІҢ

Сенің дертің менен-дағы күштірек,
Мен атаймын, досым, сені мықты деп.
Мұңсыз ақын жаза алмайды жақсы жыр,
Айта аламын сен осыны ұқты деп.

Жазылмаған әдебиет заңында,
Ойлап тұрсаң осы да бір қағида.
Еркіндікке, елшілдікке бастайтын,
Қазақ деген қасиет бар қаныңда.

Таудай үлкен, удай ашы жүрегің,
Досым, сенің осыныңды сүйемін.
Аппақ нұр боп себелесін аспаннан,
Елге деген, жерге деген тілеуің.

КӨКТЕМ КЕЛДІ ҒОЙ

Көктем келді ғой, жұпар аңқиды,
Самал еседі, көңіл шалқиды.
Дала шадыман бақыт тапқандай,
Құстар сайрайды тілмен сан қилы.

Бүрлеп тал-терек, сулар тасыды,
Құлпырды ой мен қыр, гүлдер ашылды.
Күркіреді бұлт, тазарды жер мен көк,
Тостым алғашқы жаңбырға басымды.

Түрмын шаттанып өзен бойында,
Өлең шумағы өркештеп ойымда.
Жаныма найзағай жалын бергендей,
Тасып күшті ағын жатты бойымда.

№44 жұма 6 қараша, 2026 жыл



Серік СЕЙІТМАН

1982 жылғы 6 қаңтарда Түркістан облысы, Отырар ауданында туған. 1999 жылы Отырар ауданы, Шытты ауылындағы А.Дәрібаев атындағы орта мектепті, 2003 жылы Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент бөлімінің филология факультетін, 2008 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистратурасын, 2021 жылы Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің докторантурасын бітірген.
2006-2018 жылдар аралығында Қазақ радиосында редактор-жүргізуші, шолушы, «Руханият» бас редакциясы Бас редакторының орынбасары, Шалқар ұлттық радиосының Бас редакторы, Қазақ радиосының директоры, «Қазақ радиолары» ЖШС Бас директорының орынбасары қызметтерін атқарды. Басшылық қызметте жүріп, өзі де хабарлар дайындап жүргізді. Олар бүгінде «Алтын қордың» қазынасына айналды.
2024 жылдан Астана қаласы әкімдігінің жанынандағы «ALQA» радиосының негізін қалаушы – Бас редакторы. «Қырсық қызға қолтаңба», «Қазақтың қаны», «Қара шаңырақ», «Домбыра», «Қамшының сабы» атты жыр жинақтары жарық көрген.

САҒЫНЫШТЫҢ САРЫ САУМАЛЫН ІШКЕНДЕ

АДАМ МЕН АҚБӨКЕН

Қойдың құны төмен екен өгізден,
Ойдың түбі терең екен теңізден.
Қиялымда ақбөкендер жөңкиді,
Бір-бірінің төлін теліп емізген.

Мүйізі алтын, өз бағасы тиын-ды,
Талай тағдыр жебе ұшында қиылды.
Жануар-ай, жаны сұлу жезкиік
Балажан ғой, бөкен қандай мейірлі!

Төбесінен төнсе-дағы зеңбірек,
Төлдеріне тұратұғын елжіреп.
Ақбөкенде неткен адамгершілік!
Жезкиікте, о не деген, кең жүрек!

Адамдардай олар бала сатпайды,
Ешбір лақты өгейсітіп жатпайды.
Құралайдың қай-қайсы да сондықтан
Жетімдіктің кермек дәмін татпайды.

Шарасызды шарпытатын жалынға,
Пенделігім сорым ба, әлде бағым ба?
Қаладағы адам қандай қатыгез
Даладағы ақбөкеннің жанында.

АНАМНЫҢ ТІЛЕГІ

Менің Анам сабырлы еді қайда да,
Ажарлы еді қарамай-ақ айнаға.
Басымыздан сөз асырмас біздерге,
Басу айтып отыратын жай ғана.

Аузымызға салып қойып құртынан,
Бұралқы сөз шығармайтын ұртынан.
«Тыныш, тыныш!» дейтін ылғи
Адамды,
Айыптауға кіріссек-ақ сыртынан.

Ұлы Өзеннің ұлағатын ұғыстық,
Тұнып ағып, тереңдеуге тырыстық.
Түбімізге не жетерін білгендей,
Тілің тісте, керек дейтін тыныштық.

Ағайынға тілегені – тыныштық,
Айтатұғын бір өлеңі – тыныштық.
Жат жүректі жанның өзін дос көрген,
Ақ тілекті анам елге тым ыстық.

Дәуірінде туғандықтан дүлейдің,
Сезген болар ұшқындарын үрейдің.
Діліменен дұға ететін
Күллі әлем,
Күн кешсін деп баласындай бір үйдің.

Біраз болды, жайсаң жүрек тоқтаған,
Қара басып, күйгелектеу боп барам.
Төңіректе соғыс өрті лап етті,
Соның өзі анам жоқтан деп бағам...

ЕСЕКТЕН ҚҰЛАУ

Ес білгендер өмір сүрер есеппен,
Ессіз дәурен еркетайдан кеш өткен.
Құлдыраңдап құлын мінер кезімде
Қолым сынды құладым да есектен.

Балғын жастың жолы осылай кесілді,
Тұяқтыдан таба алмады еш үлгі.
Көзге момын көрінетін хайуанның,
Мал екенін қайдан білсін кесірлі?!

Қара жерде қанға бөкті ақ шекем,
Қателестің мұндай күйді бақ десең.
Тұяғының тепкісі ауыр тайқардан,
Жалын төсер төл жабағым жақсы екен.

Дүбірлетіп қосылам деп дүрмекке,
Алған сыйым ұятым боп тұр бетте.
Кесапатын біле тұра,
Қай қазақ
Бұралқы есек жақсы депті мінбекке?

Әрбір істің болады екен қыр-сыры,
Ақырғыштың азаптады қырсығы,
Әудем жерге жетіп қалған әкемнің
Жанарынан бір тамшы жас ыршыды.

Көрдім сонда көп шындықты қапелім,
Кімдердің кім, ал нелердің не екенін:
Момын деген машақатын әңгінің,
Қатал деген мейірімін әкенің.

Сағыныштың сары саумалын ішкенде,
Күйім келмей, көзім алды іскенде.
Жанарыма жас келеді менің де
Жанашырым – әкем еске түскенде.

КІТАП ЖАЙЛЫ ХИКАЯ

Асыл әкем мәңгілікке тынықты,
Кімде қандай ойдың барын кім ұқты?
Жан бергенде жастығының астынан,
Баласының жыр кітабы шығыпты.

Жалған емес, солай болған расында,
Тағзым еттік төсек тартқан асылға.
Астанада арман қуып жүрген ұл,
Қарт әкенің бола алмады қасында.

Қойған кезде тағдыр қилы сұрағын,
Қамқоршымның ақылы еді шырағым.
Естігенде кітап жайын ел-жұрттан,
Естен танып, егіл-тегіл жыладым.

Сезім кешпей өткен адам адам ба?
Пәк сезіммен арта түсер бағаң да.
Маған деген махаббатын әкемнің,
Көзін бұлап мойындады анам да.

Оянғанда әр таңымда қас қағып,
Ойлай берем жанарымнан жас тамып.
Қанша ақынның жыр кітабын қанша әке
Жұрттан тығып жатыр екен жастанып?..

КІТАПХАНА

Кітапхана!
Оқу залы!
Тыныштық!
Тыныштықтың өзі-дағы тым ыстық.
Тұлғалар тұр бір-бір томға айналып,
Ұлылармен үнсіз ғана ұғыстық.

Кітапхана!
Күбірі жоқ – үнсіздік,
Үнсіздіктің теңізінен сыр сүздік.
Ойынхана, сырахана – ханалар,
Ер қадірін ішіп-жеді құнсыз ғып.

Кітапхана!
Жан дүниемді жұтатпа,
Атам айтқан: «Артық білім – кітапта».
Адамзатқа алтын тұғыр – білім бұл,
Бұлбұлдар да бақыттырақ бұтақта.

Кітапхана!
Табанымда кілем көк,
Көк кілемді даққа басып жүрем тек.
Ұлылық-ай!
Ұлылығың сол болар:
Біле тұра мақтанбайсың «Білем!» деп.

Кітапхана!
Ұлылықтың аралы,
Жырақтаған кісі жаны жаралы.
Көз суарған көзәйнекті бір жігіт
Көз ұшында тұлғаланып барады.

МӘҺР

Адам болып туғандағы хақым не?
Абайламай, айналмайын кәпірге.
Келіншегім,
Қиылғанда некеміз,
Қиын нәрсе талап етті мәһрге...

Туған жерге келін түссе ибалы,
Тақуаның аппақ неке қиғаны.
Салт бойынша сұрау салды бізге де,
Арыстан баб мешітінің имамы:

«Жойылмасын көне дәстүр құрметі,
Ол да, сен де – пайғамбардың үмбеті.
Ал келінжан, қалауыңды айт, қанеки,
Қар жандыру ер жігіттің міндеті»...

Несібеммен несиемді төлеймін,
Ауылы да алыс еді кең үйдің.
Рухани қысым болды
Молданың,
Мына сөзі баласына кедейдің.

Парасатсыз сезім оты алаулап,
Парықсызға қалмады ма арандап?
Жаяу Мұса секілденген жігіттің,
Жағдай-халі «жип» сұраса не болмақ?!.

Асыл жарым адам екен байсалды,
Өтініші өмір бақи ой салды:
Өзгелердей дүниеге құныққпай,
«Сезім менен сенім керек!» дей салды...

Содан бері өтті жылдар сабылып,
Ақталғандай асыл арман, ақ үміт.
Жұбайымның жанарында шат күлкі,
Жүрмесе де інжу-маржан тағынып.

Жанды уайымға салмайтұғын серіңнің
Тал бойында болады екен төзім мың.
Ұл-қызымыз гүл-қызғалдақ секілді,
Жайнап өскен бақшасында сезімнің.

Шын шаттықтың табылғандай дерегі,
Егіз жүрек ертеңіне сенеді.
Болашаққа біздің үйдің бақытын,
Сезім менен сенім бастап келеді.

ҚАРЛЫҒАШТЫҢ ҰЯСЫ

Сүйіншілеп оралғандай даладан,
Таңдайынан бір тамаша тамады ән.
Біздің үйдің биігіне ұшып кеп,
Қос қарлығаш ұя салды жаңадан.

Саудыраған сабан қосып лайға,
Үй тұрғызды жеткізбей-ақ бір айға.
Байыз таппай бұлай бейнет кешуге,
Айтыңдаршы, кім көрінген шыдай ма?!

Аталығы – аналықтың ғашығы,
Аналығы – талықтың асылы.
Аз күннен соң құрылысшы қос тұмсық,
Шөжелерге шыбын-шіркей тасыды.

Азық іздеп кезіп жүрген Аспанды,
Құсқа қарап жанарымнан жас тамды.
Әрбіріміз осылардан үлгі алсақ,
Ешбір сәби болмас еді-ау тастанды.

Емінгенде балапандар сарыауыз,
Еске түсті балапандай баламыз.
Біздер-дағы жем тасыған әкеміз,
Біздер-дағы ұя басқан анамыз.

Көзге әкелген көңілімнің дүрбісін,
Әр жыл сайын оралса екен жыл құсым.
Адамзатқа алып-ұшқан кейпімен
Адамдықтың көрсеткендей үлгісін.

ҚҰБАС АТТЫҢ ӨЛІМІ

Көз салып шартарапқа, шолсам қырды,
Қиялым қияларға жол салдырды.
Тағдырын Тарбағатай таңбалаған,
Тағылымы Құбас аттың тамсандырды.

Құбас ат жан серігі Қабанбайдың,
Тарихтан мұндай тұлпар таба алмаймын.
Жігітті қырық жылдай жауға салған,
Түлікті хас батыр деп бағамдаймын.

Тау сынды тірек болған шалқайғанда,
Қабанбай Құбас атсыз марқайған ба?
Жануар жер бауырлап жатып қапты,
Қалжырап қартайғанда, әл тайғанда.

Сертіне сәйгүліктің сый болардай,
Ерлерге кеңес берді би Боранбай:
«Айдаңдар «Қабанбайлап» үйір жылқы,
Болмаңдар қылқұйрықты қинағандай!»

Үйренген аламаннан жеке келіп,
Текті екен тәні-рухы өте берік.
Жарықтық Жаратқанға жан тапсырды,
Шатқалды шың басына жете беріп.

Қайратсыз айғыр көрсем үйірінде,
Келмейді көңілімнің күйі мүлде.
Өңірде шыққандар көп шың басына,
Өмірде қалғандар аз биігінде.

Асудан қамшы салмай асқан дара,
Құбас ат арқау болар дастанға да.
Тасынан асқар таудың жастық тапқан,
Басынан биік оның Аспан ғана.

Тұлпарлар тұла бойын терге малсын,
Сұңқарлар самғап ұшып, өрге барсын.
Жалғанда қай биікке кім шықпайды?
Жігіттер, әз басыңыз төрде қалсын.

ОТАРБАДАҒЫ ОЙ

Терезеге телміртіп қайран уақыт,
Тағы бір таң маңайға қойған атып.
Қиылады көрші қыз – көркем ару,
Отарбада мен келем ойға батып.

Үш күнменен ілесіп үш түн өтті,
Бұрымдыдан басқасы түсті, кетті.
Бір күпеде қамалып біз келеміз,
Аядай қыз аязды ыстық етті.

Өзен аттап, көл кешіп, таудан астық,
Артта қалып вокзалдар, алға бастық.
Жүрісіміз өнсін деп, уақыт созып,
Сағыз сатқан апаймен саудаластық.

Рельске жабысып дөңгелегі,
Пойыз-дағы ерініп ол келеді.
Жылжымалы түрмедей отарбада,
Төзім, сабыр адамға ең керегі.

Көрген жанның жібіген тоң жүрегі,
Төнген жаудың шіріген көн білегі,
Таңдандырған керімнің келбеті емес,
Таң қалдырған жерімнің кеңдігі еді.

Көсілесің керіліп, далам, қалай?
Адам қалай өзгерген, заман қалай?
Жол бастауға қаймығам кеңдігіңнен,
Қол бастаған деймін-ау бабам қалай?!

ДОМБЫРА

Нағыз қазақ – қазақ емес,
Нағыз қазақ – домбыра.
Қадыр ақын

Нағыз қазақ арғы атамның баяғы,
Арғы өмірге аттап кетті аяғы.
Арғы атамның көзін көрген қауымнан,
Көзі тірі домбыра ғой аялы.

Тақымыңа тайғақ-кешу жолда сын,
Мықты болсаң, сонда рухың солмасын.
Қоңыр даусын жоғалтқан жоқ домбыра,
Қақ төбесін ойғанда да қорғасын.

Сол домбыра – қасиеттім, киелім,
Одан артық кімді қалай сүйемін?
Төрімдегі бас қонақ қып сүйегін,
Мойнымдағы тұмар еттім тиегін.

Домбыраның пернесінде ән ғажап,
Домбыраның шанағында зарлы азап.
Қазақ болып қалды мәңгі домбыра,
Домбыра боп қалса екен-ау әр қазақ.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚӘЗІРГІ ЕМЛЕСІ – БҰҒАУ: ҚАҒЫЙДА ЕМЕС, ҚАҚПАЙЛАУ

(Басы 8-9-бетте)



Әлде «а+*йыу*»; ба+*йыу*, кей+*йіу*, қо+*йыу,* т.с.с. жазбай, бұуынға бөлмей, «аю», «баю», «кею», «қою», т.с.с. жазылыуы әрі оңай, әрі орыс әрібін пайдаланыуға қолайлы ма?

Орыс тілінің емлесін қазақ тіліне қолданыу орыс халқын, мемлекетін жақсы көріуге де, жек көріуге де жатпайды, тек *тілге қыйанатқа жатады.* Орыс тілін орыс тілінің заңымен, қазақ тілін қазақ тілінің заңымен жазып, сөйлеу керек. Ғылымның талабы – сол.

Салыстырып қараңызшы, Анар. «Бу+аз» дегендегі «бу» бұуыны мен «бу+ра» дегендегі «бу» бұуыны бірдей айтыла ма? Әрійне, жоқ. Біріншісі «бұ+уаз» деп айтылса, екіншісі «бұу+ра» деп айтылады.

Ендеше екі басқа айтылатын бұуынды «бу» деп, неге бір-ақ түрін жазыуға тійспіз? Мұндайға ұшыраған бұуынды сөз де тілімізде толып жатыр: *қу*+лық *(құу*+лық), *қу*+ыр+дақ (*құ*+уыр+дақ), *шу*+ыл+дақ (*шұ*+уыл+дақ), *шу*+лау *(шұу*+лау), *гу*+леу (*гүу*+леу), *гу*+іл (*гү*+уіл), *су*+ыр (*сұ*+уар), *су*+лық *(сұу*+лық). Өзіңіз ойланызшы, «құу»-ды да, «құ»-ны да «қу» деп жазыу арқылы тіліміздің табыйғатын қай бійікке көтердік?

Жазылыуы бірдей, бірақ айтылыуы әр басқа мұндай бұуындарды бірдей етіп жазыу қазақ тіліне не үшін қәжет болды? Істәліннің қазақ тілін құртыу жоспарын жүзеге асырыу үшін бе? Қазақ тілі, Істәлін айтқандай, шынында да, жабайы, төмен деңгейдегі тіл екенін дәлелдеу үшін бе? Тіл табыйғатын бұзатын емлені сақтап, қорғап отырғаныңыздың әлде басқа да қәжеттілігі бар ма?

Орыстар, мысалы, «Кремль» деп жазады. Сөздің басы қатар келген екі дауыссыздан басталады және соңында жіңішке белгі бар. Екеуі де қазақ тілінің табыйғаты мен қағыйдасына қайшы. Алты таңбадан тұратын сөз – бір-ақ бұуын.

Қазақ бұл сөзді «Кіреміл» деп айтады. Ал солай жазсақ, одан Кіреміл Кіреміл болмай қалмайды, тек қазақ тілі өзінің қазақы табыйғатын сақтайды. Емле де тіл табыйғатын сақтау үшін керек.

Хәлел ағамыздың: *«Мектеп пен баспаның тілі дұрыс болса, елдің тілін көркейтіп, байытып, гүлдендіреді; мектеп пен баспада қолданған тіл шатасқан тіл болса, ол ел – сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды»* дегенін, әрійне, сіз оқыған боларсыз?

Біздің емлемізде параграф 18-де *«Орыс тілінен енген атау сөздердің тұлғасы негізінен орыс орфографыйасы бойынша өзгертілмей жазылады»* делінген. Шатасқан тіл деген – осы.

Кійрілде қырық екі әріп бар. Көбі – қазақ тіліне керегі жоқ әріптер. Сол артық әріптерден 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін-ақ іле-шала арылыуымыз керек еді. Алайда Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚР Тіл білімі іністійтұтының басшылары мемлекет басшысының алдына жаңа емле мәселесін қоймағандығынан, кесірі көп емлені әлі қолданып келеміз. Халық құрый ма, тіл құрый ма, ода біздің не жұмысымыз бар, жалақымызды алып, күнімізді көріп, ескі емленің зардабын сезбегенсіп, осылай жүре береміз бе? Тіл де, халық та оншақты жылда құрый қоймайды, тіл бір сөзден, бірер әріптен бұуыны босай-босай, бір немесе бірнеше ғасырдан соң ғана бірте-бірте божырап барып құрыйды. Ал оған дейін кім бар, кім жоқ?! Тілді құртқандар тілден бұрын құрыйды.

«Алай жаз! Бұлай жаз!» деген бұйрықтар емлеге жата ма, Анар? «Мсқ» деп жазып, «мысық» деп оқысақ, сол да емле ме? Табыйғатына жат қағыйдалардан тіліміз жылап тұр. Міндетіңіз ғой, неге ана тіліңіздің көз жасын сүртпейсіз?!

Латын әліпбійінде 26 таңба бар. Қазақ тіліндегі дыбыстарды жеке-жеке әріппен таңбалауға олар жетпейді, сондықтан бір әріптің төбесін түртіп, оны тағы басқа әріпке айналдырып әуре боламыз. Қазақ «Ортақ өгізден оңаша бұзауым» дейді. Әр дыбысты жеке әріппен белгілеу – жетістік.

Латынға көшсек, кійрілде жеке-жеке әріпке ійе болып келген тоғыз ұлттық дыбысымыз өзіндік жеке таңбаға ійе бола алмай қалады екен, олар: *ә, ғ, қ, ң, ө, ұ, ү, і, һ.* Барлығы – 9. Бұлар – бағалай білген адамға ана тіліміздің алтын қазығы, аталарымыз бен ағаларымыздың қыйын кезде әліпбійімізге енгізіп сақтаған қазынасы. *Осы тоғыз дыбыс тіліміздегі сөздің тоқсан пайызына қатысады,* олар тоқсан пайыз сөзімізде де жазылыуы тійіс. Өйткені бұлар – тіліміздің ұлттық әуезін, әуенін сақтап келген беломыртқалар. Олар жеке әріпке ійе болмаған емле ұлттық емле бола алмайды. Ұлттық ерекшелігімізді білдіретін ұлттық дыбыстар жеке таңбаға ійе бола алмаған емле қалайша ұлттық бола алады? әлде қазаққа ұлт болыудың қәжеті жоқ па?

Оны ескермеу, елемеу – ұлттық тіліміздің табыйғатын елемеу. Елемеу орын алған жерде қыйанат қылаң береді. Тілге жасалған қыйанат – халыққа жасалған қыйанат.

Біз ең бастысы 1940 – жылдан бері жазылған, басылған қырыуар тарыйхымыздан айырылап қалмауымыз керек. Өйткені тарыйхты өлтіріу – халықтың өткен өмірін өлтіріу. Ол – қыйанат, халқының қамын жеген мемлекеттің қылығы емес.

Өзіңіз ойлап қараңызшы, үндестік заңының табыйғаты бойынша, қазақ тіліндегі қосымшалардың бәрі дерлік қосарлы болып келеді: бірі – жұуан, екіншісі – жіңішке: тар – тер, лар – лер, дар – дер, тық – тік, лық – лік, шы – ші, ты – ті, т.с.с.

Ал мына сөзге қараңыз: жазылыуы – *ғылыми,* айтылыуы – ғылым*ый;* жазылыуы – *тарихи,* айтылыуы – тарыйх*ый*; жазылыуы – *кәсіби,* айтылыуы – кәсіб*ій*; *ресіми,* айтылыуы – ресім*ій*, т.с.с. Мұнда – ый, – ій деген қосымшалар бір-бірінен екшеленбей, екеуі де – *и* түрінде ғана жазылып тұр. Сол арқылы жалғамалы тілге жататын тіліміздің ең басты ерекшелігі – жұуан түбірге жұуан, жіңішке түбірге жіңішке қосымша жалғасатыны – *зорлықпен* бұзылып тұр.

Тіліміздің негізгі ерекшелігін сақтамаған емле қалайша ғылымый емле бола алды? Сіз бұған қандай түсінік бересіз?

Біздің ұлттық ерекшелігіміздің бірі – сөйлеу ерекшелігіміз. Қәзіргі емленің кесірінен бұл ерекшелігіміз қәзір бұзылды. Жүздеген, мыңдаған сөздерде «ы», «і» дыбыстары жазылмағандықтан, дауыс екпіні, Ахаң айтқандай, не соңғы немесе соған жақын бұуынға түспейтін болды. Себебі жазылмай тұрған дыбысқа дауыс екпінін түсіріу мүмкін емес қой. Мысалы, «қою», «аю», «тию», «жөнелу», «кету», «бару», «келу» деп жаза отырып, оны қалайша «қо+йы – ыу», «а+йы – ыу», «ті+йі – іу», «жөнелі – іу», «кенелі – іу», «бары – ыу», «келі – іу» деп, өзі жазылмай тұрған дыбысты қалайша созып, қалайша оған дауыс екпінін түсіріп айтыуға болады? Сондай-ақ «аяқ», «таяқ» деп жаза отырып, оны қалайша а + йа – ақ, та + йа – ақ» деп созып айтыуға болады? Әлде мен жала жауып отырмын ба, Анар? Онда радыйоны, теледыйдарды тыңдап көріңіз. Дыйкторы да, дыйктор емесі де дауыс екпінін не бірінші, не екінші бұуынға түсіріп, бәрі орыс тілінің ырғағымен сөйлейді. Нәтійже деген – осы. Істәліннің жоспары сәл – сәл ғана жүзеге аспай тұр.

Сондықтан менің ұсынысым: *латын әліпбійіне көшеміз деген науқанды әрекетті тоқтатыу керек.* Ал сонда не істеуіміз керек? Осы кійріл әліпбійі негізінде қазақ жазыуының жаңа емлесін жасауымыз керек. Ал ол үшін не істеуіміз керек? Ол үшін жаңа емленің негізі етіп Ахмет Байтұрсынұлы мен Хәлел Досмұхаметұлының қағыйдаларын басшылыққа алыуымыз – міндет.

Табыйғатын сақтайтын, қорғайтын емлесі жоқ тіл бақташысы жоқ мал сыйақты: қайда барарын, қайда жайыларын біле алмай, ақырында аштан қырылады. Сіз, Анар, қазақ тілінің сондай хәлге ұшырағанын қалайсыз ба? Біз орысша оқыйтындарға да, қазақ болғысы келмейтін қазаққа да «Қазақша сөйле!» деп жалынбай-ақ қойайық, тек қазақ болғысы келген қазаққа қазақ тілін дұрыс жазып, дұрыс сөйлеуді үйретейік! Сол үшін кійріл әрібімен-ақ қазақ тілін гүлдетейік! Не латынға көшпей, не кійрілде қалмай, бір айағымыз анда, бір айағымыз мұнда, мәңгі тапталып тұра беріуге болмайды. Қолымыздан бұл келмесе, онда қазақ болыу да келмейді.

«Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» депті Абай. Біздің жағдай – әлі сол жағдай: ақшаға достың ақшадан басқа, мансапқа достың мансаптан басқа, жемқордың жеуден басқа мұңы жоқ.

Тәуелсіз мемлекетімізді шын мәнінде тәуелсіз еткілері келсе, неге мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттің қамынан басқа мұңы жоқ болмайды? Ескі емленің тілімізге тійгізіп отырған зыйанын неге пірезійденттен жасырасыздар?

Қазақ «Жатқанға жан жұуымайды» деген. Ал Ахаң «Тек жүрсең, тоқ жүрмекті, Қыйын дей ме білмекті...» «Мен бұқтым – жаттым. Сен бұқтың – жаттың. Кім істемек қызымет?!» депті. Біз үшін біреу істеп бермейтіні анық қой. «Мен салар да, сен салар, Атқа жемді кім салар?» деп жүре береміз бе?

Біз – қәзір тәуелсіз мемлекеттің адамымыз, ал Ахаң тәуелді заманның өзінде ашынып, өкініп:

«Қыйнамайды абақтыға жапқаны,
Қыйын емес дарға асқаны, атқаны.
Маған ауыр осылардың бәрінен,
Өз аулымның ійттері үріп қапқаны»,

– деген екен.

Әлде біз де әлі өз аулымыздан қорқамыз ба?

Абай да «Қайран елім қазағым, қайран жұртым» деген өлеңінде:

«Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың»,

– деп бодан болған қазақтан біржола түңілген ғой. Біз енді тәуелсіз ел болсақ та, түзеле алмаймыз ба?

Менің бұл жазғаным сізге ұнай ма, ұнамай ма, мәселе онда емес. Мәселе – тәуелсіз мемлекеттің әлі толық тәуелсіз бола алмай тұрған тілінде. Сондықтан тәуелсіз мемлекеттің тәуелсіз ғалымы болып сөйлеңіз. Себебі «Қазақ тілінің негізгі емле ережесін» қазақ халқына мемлекет басшысы да, үкімет басшысы да, парламент пен оның басшысы да, міністірлер мен жоғары оқыу орындарының мамандары да жазып бермейді, сіз басқарып отырған Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі іністійтұты ғана жасап беріуге тійіс. Бұл мекеме сол үшін құрылған.

Ахаң мен Хәлекеңнің емлесіне көше қойыудың оңай емесі белгілі. Соноу 1940 жылдан бері он жыл мектепте, тағы бес жыл жоғары оқыу орында қәзіргі емлемен жазып, оқып дағдыланған ұрпақ өзі үйренген әдеттен оп-оңай бас тарта қоймауы да мүмкін. Бірақ білімді ұрпақ елінің қамы үшін, ұлттық тілінің табыйғатын сақтау үшін, ондай қыйындықты жеңіуге тійіс.

Әрбір сөз, әрбір бұуын, әрбір сөз тіркесі, әрбір тұрақты тіркес – аталарымыз бен бабаларымыздың ғасырлар бойы сұрыптап, баптап қалыптастырған асыл қазынасы. Соның бәрін бодан емлемен быт-шыт қылыу – қылмыс. Сөзі құрыған халықтың өзі де құрыйтынын Ахаң айтпап па еді? Сіз, Анар, жаңа емле жасаңыз! Сізге халқыңыз көмектеседі. Ашып айтыңызшы, халқыңыздың, ұлтыңыздың сөзін, мемлекетіңіздің тілін қалай қарай жетелейсіз: молаға ма, мәңгіге ме?

Сәлеммен ағаң
Бексұлтан НҰРЖЕКЕ

(Мақалада автордың емлесі сақталды)

ҚАЗАҚТЫҢ АЙБАРЫ – СЕҢКІБАЙ БАТЫР

Қазақ тарихында есімі белгілі болғанымен, ғылыми тұрғыда толық зерттелмеген, рөлі жан-жақты бағаланбаған тұлғалар бар. Мұның басты себебі – дереккөздердің аздығы. Кеңестік кезеңде архив құжаттарына қолжетімсіздік пен идеологиялық шектеулер тарихи зерттеулердің дамуына елеулі кедергі келтірді.

Нәтижесінде, біз қазақ тарихындағы кейбір тұлғаларды ауызша тарих немесе шежірелерде сақталған материалдар арқылы танимыз. Бұл деректер халық жадын сақтағанымен, академиялық деңгейде жүйелі талдау жасалмағанын көрсетеді.

Сондықтан бүгінгі тарих ғылымының міндеті – осы тұлғалардың өмір жолын, қоғамдық қызметін және тарихи рөлін жаңа деректер мен әдістемелер арқылы қайта қарастыру.

Қазақ халқы өзінің дамуы барысында кез келген басқа елдер сияқты басынан неше түрлі жағдайды кешірді. Маңайындағы көршілес елдермен бейбіт өмір сүру үшін дипломатиялық қарым-қатынас орнатты, тәуелсіздігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әртүрлі соғыстарды басынан өткізді. Бүгінгі күнде жүргізілген зерттеулердің арқасында бұл жайында көптеген тарихи мәліметтер ашылуда. Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттік қызметтің аса қажетті бағыттарының бірі болып табылатын Барлау қызметінің де тарихын зерттеуге қажеттілік туындады.

Осыған орай, «ҚР Сыртқы Барлау ардагерлер ұйымы» тарихтың ақтаңдақ болып тұрған осы тұсын зерттеу мақсатында өз алдына жеке-дара және Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтымен бірлесіп ғылыми ізденістер жүргізді. Бұл жұмыстардың нәтижесінде жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте ерекше ерлігімен танылған батыр әрі би Абылай ханның барлаушылар мыңдығын басқарған Сеңкібай батыр Оразғұлұлы (1709–1786) туралы тың мәліметтер анықталды. Ол Шұбартеңіз бен Бұланты өзендерінің бойындағы ойраттармен шайқастарда ерен ерлік көрсеткені белгілі болды. Сонымен қатар батырдың Қарағанды облысы, Шет ауданы, Талды ауылы маңында жерленгені анықталды.

Осы деректерді тексеру және толықтыру мақсатында ардагерлер ұйымының бір топ мүшелері Сеңкібай батырдың мазарына арнайы барып қайтты. Астанадан барған делегацияны Талды ауылы әкімінің міндетін атқарушы Динара Рзаханова және ауылдың ақсақалдары Рахметолла Сарбасов пен Асылбек Мусин қарсы алып, тарихи орындарға апарды. Батырдың басына зиярат еткен кезде Қарағанды қаласының тұрғыны, оның алтыншы ұрпағы әрі мазардың шырақшысы Жұмажан Нұртайұлы Әлиманов делегациямен сұхбаттасып, Сеңкібай батырдың өмірі мен ерліктеріне қатысты қосымша деректер мен кітаптарды ұсынды. Бұл сапар нәтижесінде батырдың Абылай хан дәуіріндегі әскери-барлау қызметіндегі рөлі туралы жаңа мәліметтер мыңдығын басқарғаны туралы қосымша деректер алынды.

Бүгінгі күнге дейін Сеңкібай батыр Оразғұлұлының тақиясы, сауыты, кісені және қанжары сақталған. Әсіресе батырдың қасиетті сауытын алтыншы ұрпағы – Алматы облысы, Есік қаласында тұратын Ерлан Хәкімұлы Закишев өз қолында ұстап отыр.

Ерланның айтуынша, бұл жәдігер – әкесі Хәкімнен қалған мұра. Сауыт ақ матаға ораулы күйінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа аман жеткен. Көлемі шамамен 56-58 өлшемді кеудешеге сәйкес келеді: алды тұйық, жағасы кең, жеңі шынтақтан жасалған, ұзындығы тізеге жуық. Атқа мінгеде екі қапталды толық жауып тұратындай етіп ойластырылған. Ең ғажабы, екі ғасырдан астам уақыт өтсе де, диаметрі бір сантиметрге жуық мыңдаған темір шығыршықтан құралған сауытты тот шалмаған. Шығыршықтар бір-біріне кигізіліп, пісіріліп тұйықталған, ал кейбірі дәнекерсіз ұсталғаны. Бұл шеберліктің ерекше үлгісі. Хакім Зәкішұлының айтуынша, сауыт құғын-сүргін жылдарында ұрпақтары арасында сақталып, ақыры анасы Мәшімнің қолына түскен. Бүгінде немересі Ерланның қолында сақтаулы тұр.

Белгілі қарутанушы, академик Қалиолла Саматұлы Сеңкібай батырдың сақталған сауытын зерделеп, оның XIX ғасырға дейінгі кезеңде жасалғанын атап өтті. Ғалымның айтуынша, сауыттың шығыршықтары «шөже көз» деп аталатын үлгіде жасалған. Бұл атау шығыршықтардың ұсақ әрі тығыз байланысын білдіреді және қазақ қарутану дәстүрінде ерекше мәнге ие. Осы ғылыми тұжырым жәдігердің тарихи құндылығын арттырып, оның жасалу техникасы мен дәуірін нақтылауға мүмкіндік береді.

Сеңкібай Оразғұлұлы (1709–1786) – XVIII ғасырда қазақ жерін жоңғар шапқыншылығынан қорғаған атақты батырлардың бірі. Ол өмірінің қырық жылға жуығын ел тәуелсіздігі үшін күреске арнаған. Қиын кезеңдерде көрегендігімен, батырлығымен танылып, бейбіт уақытта әділдігі мен парасаттылығы үшін халқы оны «Би ата» деп атаған. Абылай хан Сеңкібайды «Ақиық сұңқарым» деп атаған екен. Ал Көкдауыл атты тұлпарын тізгіндеген батыр 1726 жылы небәрі 17 жасында Бөгенбай батырдың 10 мың қолына қосылып, Алакөл шайқасына аттанды. Кейін ол Нұрадан Алтайға дейінгі аралықта, Созақ, Сайрам, Ташкент және Түркістан жерлерін азат етуге қатысып, қазақ халқының бірлігі мен жер тұтастығын қорғауға үлес қосты.

Сеңкібай батыр атақты Бұқар жырау «Қазақтың қамал-қорғаны» деп атаған Қанжығалы Бөгенбай батырдың сенімді сардары болды. Алакөл, Бұланты, Аңырақай шайқастарында әскери өнерімен көзге түскен. Жарылғап, Жидебай, Байғозы сияқты батырлармен үзеңгілес жүрді. Бұқар жыраудың ықпасына бөленіп, ел бірлігін сақтауға еңбек етті.

Сеңкібай батыр туралы Бұқар жырау мен басқа ақындардың шығарған өлеңдері әлі күнге дейін сақталған. Сол кезде ел аузында айтылатын жыр жолдары оның барлаушыларды бастап, қараңғыда жол көрсетіп, жауға ойран салған ерлігін бейнелейді:

«Барлаушыларды жинап ап,
Қол бастаған Сеңкібай.
Пірлеріне сыйынып,
Қараңғыда жол бастаған Сеңкібай,
Шуылдаған көп қалмаққа,
Ойран салған Сеңкібай...»



Бұл сөздер үш ғасырға жуық уақыт бойы халық жадында сақталып келеді.

Сеңкібай батырдың тарихи тұлғасы мен қоғамдық қызметіне қатысты әр кезеңде бірқатар зерттеушілер мен қаламгерлер, сондай-ақ батырдың ұрпақтары қалам тербеген. Олардың қатарында Б.Мұстафин, Б.Тобаяқов, Қ.Мәкенбайұлы, Н.Төреқұлұлы, С. М.Сыздықов, К.Жүністегі және М.Ақыш сияқты авторлар бар. Бұл еңбектерде батырдың өмірі, шежіресі, әскери ерлігі, билік қызметі және тарихи мұрасы әртүрлі қырынан қарастырылған. Мәселен, тарихшы С.М.Сыздықовтың «Қарқаралы – Ұлы дала тарихында» атты жинағында Сарыарқа төрінде орналасқан Қарқаралы өңірінен шыққан тарихи тұлғалар қатарында Сеңкібай би туралы ел аузындағы аңыз-әңгімелер келтіріліп, оның ұрпақтары жайында мәлімет берілген. Халық арасында «Жақсы қара» атанған Қожас батырдың ұрпағы Бектастан Мойнақ, Бергөз, Оразғұл есімді балалар туғаны айтылады. Мойнақ жасынан ел арасындағы дау-шарларды шешуге араласып, би атанған. Ал Бергөз жас күнінен қару ұстап, қалмақтарға қарсы талай рет шайқастарға қатысқан.

Сеңкібайдың әкесі Оразғұл ел ішінде адамгершілігі мен қайырымдылығы мол, парасатты дәулет иесі болған. Халық оны «Ожан» деп атап кеткен. Қазіргі ұрпақтары да «Ожан балалары» деп аталады. Оразғұл – ұзақ жасаған адам. Қазірге дейін ел арасында Ожаңның қайырымдылығы жайлы әңгімелер бүгінге дейін сақталған. Бұл деректер Б.Мұстафин, Б.Тобаяқовтың «Қарашор Сеңкібай батыр» атты мақаласында *(«Халық кеңесі» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің газеті // №126 (742) – 3 қыркүйек 1994 жыл)* көрініс тапқан.

Батыр туралы бүгінге жеткен жырлардың бірінде:

Сеңкең – Оразғұлдың бел баласы,
Ожаң деп атақ алған ер данасы.
Атасы Қожас батыр ел сыйлаған,

Бұлдағы шежіренің ең жаңасы (Б. Тобаяқов Сеңкібай батыр – би ата // «Орталық Қазақстан» Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті. №133-134 (20718) – 3 қыркүйек 2009 жыл) деп жырласа, Қаракесектің Қараш ордасынан, Қожас батырдың шөбересі Оразғұлұлы Сеңкібай батыр туралы төмендегі халық аузындағы ауызша тарих үлгілерінде:

Қарашорда Сеңкібай,
Әлтекеде Жидебай,
Тобықтыда Қараменде,
Кернейде Жарылған, – деген жыр жолдары қалған *(Жүністегі К. Шырағдан. – Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚК, 2007. – 121-б. 312 бет).*

Нұра даласында жоңғарларға қарсы жойқын шайқаста жиырма жасар Сеңкібай Қонтажының немересі Әмірсананың қалың қолының бір мыңдығын басқарған ноян Қоренмен жекпе-жекке шығады. Қара атандай ірі денелі жау батырына қарсы шыққан Сеңкібай Көкдауыл тұлпарына қамшы басып, сол қолында найза, оң қолында бата алған батыр атасы Қожастың алып бүктемелі ақ семсерін жарқылдатып, құйғытқан беті жауға шүйіледі. Сеңкібай атын жұлдыздай ағызып, емен сапты найзасын ноян Қоренге ұсына беріп, оң қолындағы ақ семсерімен жаудың желке тұсынан жарқ еткен найзағайдай осып өтеді. Тегеуріндің күшпен сілтенген семсер жау батырының басын жерге домалатып түсіреді *(Б. Мұстафин, Б. Тобаяқов Қарашор Сеңкібай батыр. «Халық кеңесі» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің газеті // №126 (742) – 3 қыркүйек 1994 жыл).*

Батыр әрі би Сеңкібай әділдігі мен данышпандық қасиеттерімен ел арасында шиеленіскен дауларды шешіп, халықтың алғысына бөленген. Сеңкібай батыр шешендігі мен данышпандық қасиеттерімен ел арасындағы шиеленіскен дауларды шешіп, халықтың алғысына бөленген. Оның біріне тоқталып өтсек. «Бір жолы Сеңкібай би жолдастарымен күн-түн жоғалған жылқыларды іздеп жүріп, қалың жұрт жиналып жатқан бір ауылға атбасын тірейді. Жолаушылар жолыққан бір адамнан сұрастырып көрсе, бұл екі ел арасындағы ұзаққа созылған егеске бітім айтылатын жиын екен және де арнайы тігілген сегіз қанат үйде Бөгенбай батыр да бар екенін естиді. Аттарынан түсіп, үсті-басын қағынған жолдастарына Сеңкібай қарт батырға сәлем беріп шығайын деп үйге кіреді. Бөгенбай есіктен кіріп келе жатқан Сеңкібайды көре сала:

– О, Сеңкібай би келді, сапарың ақжолтай болғай. Жоғары шық, – деп қолын алып амандасқан соң, оған оң тізесінен орын ұсынады. Үй толы ақсақалдарға біраз бағдарлай көз жіберіп алған Бөгенбай оларға көтеріңкі үнмен:

– Мына келген кісі – Қара-Шордың Сеңкібай деген биі. Бүгінгі жер даудың барлық шешіміне, бітіміне түгелдей сол иелік етсін, – дейді *(Төреқұлұлы Н. Қазақтың 100 би-шешені / «Атамұра» сериясы / Алматы: Қазақстан, 1995. 385 бет 144-б.)*.

Кәсіби тұрғыдан алғанда, Сеңкібай батырдың барлаушылық қызметі туралы осы күнге дейін жеткен төмендегі әңгімелер дәлел бола алады. Сеңкібай батыр қатардағы барлаушыдан Абылай ханның барлаушылар мыңдығын басқаруға дейін өседі. Кейіннен ханның 10 қолбасшыларының бірі болады. Мысалы, 1729 жылы Балқаш көлінің оңтүстігіндегі Аңырақай даласында жоңғарлардың қазақ жасақтарынан ойсырай жеңілген ұрыстарға қатысқан Сеңкібай батыр бастаған барлаушылар мыңдығы күндіз-түні майданның қызу ортасында болды. Небір ғажайып ерліктер жасады. Жау әскерінің ішкі-сыртқы сырларын айқын біліп, хан кеңесіне дәлме-дәл жеткізіп отырды. Соның нәтижесінде хан кеңесінде қабылданған шешімдер дұрыс бағыт алып, тарихқа белгілі Аңырақайдағы Ұлы жеңіске қазақ әскері ие болды.

Сеңкібай басқарған барлаушылар тобы Жоңғар қақпасының бергі түбінде қытайдың екі әскерінің қосылып, соғысқа дайындалып жатқаны туралы хабар әкеледі. Ертеңіне ірі қырғын ұрыс басталады. Үш күн бойы толассыз қантөгіс тоқтамайды. Абылай хан Тағанақ кеңесін шақырады. Онда қазақ елі Қытаймен соғыспайтын болып шешіледі. Екі ел арасындағы бітімге Абылай хан өзінің баласы Әділ бастаған елшілер тобын жібереді. Әділ елшілігін қорғау Сеңкібай батыр жасағына тапсырылады. Сонымен қатар Сеңкібай батыр көрші елдерге де барып келіссөздер жүргізуге де қатысқан. Оның ішінде, 1736 жылы Абылай ханның Орынборға патша әкімшілігімен кездесуге барған делегациясының ішінде Сеңкібай батырдың да болғанын Ресейдің дипломаты, генерал К.Тевкелев те өз еңбектерінде көрсеткен екен.

Айта кету керек, барлаушылар мыңдығына Төле би мен Қазыбек би, Бұқар жырау сияқты, басқа да маңызды кеңесші-тарихи тұлғалар орналасқан «Хан ордасын» күзету жұмысы тапсырылған. Кезекті жоңғарлар шабуылында Абылай хан Баян батырмен бірге соғысқа кетіп бара жатып, қоршауда қалған «Ханның ордасын» қауіпсіз жерге алып шығуды Сеңкібай бастаған барлаушылар мыңдығына тапсырады.

Сеңкібай «Хан ордасын» қараңғы түнде әр түрлі айла тәсілдерді қолданып, қоршаудан аман-сау шығарып, бейбіт жерге орналастырып, арнайы күзет қалдырып, Сеңкібай өзінің жасағымен соғысқа кетеді. Бұдан былай Сеңкібай ақиық қыран,

көріпкелі бар киелі батыр атанып, ханның кеңесшісі дәрежесіне көтеріледі. Абылай хан Сеңкібай батырды сенімді серік жасайды. Бұқар жырау осы шайқас жөнінде Қытайдың архивінен табылған, бүгінгі күнге дейін жеткен өзінің жиырма тоғызыншы толғауында басқа батырлармен қатар Сеңкібай туралы да айтады.

Сонымен Сеңкібай батырлық, өжеттігімен ғана даңқы шыққан батыр ғана емес, дау-дамайларға, айтыс-тартыстарға төрелік айтқан, елдің береке-бірлігін қамтамасыз етуде негізгі тірек бола білген айбарлы адам болған.

1957 жылы Сеңкібай бидің әкесі Оразғұлдың бірге туған үлкен ағасы Мойнақтан тарайтын ұрпағы Құдыс қарияның бастамасымен бабасының басына құлпытас қойылды. 1986 жылы Шет ауданының *(бұрынғы атауы – РСХО)* Талды ауылында қоғам қайраткері, жазушы, журналист әрі мәдениет саласының жанашыры Д.Смайылұлының бастауымен және Шет ауданы басшыларының бірі болған М.Абақанов, шырақшы Ж.Әлиманов, батыр ұрпақтарының ұйымдастыруымен батырдың дулығасы кескінінде күмбез орнатылды.

Бүгінгде Сеңкібай батырдың ұрпақтары бабаларының есімін ел есінде сақтау мақсатында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар ұйымдастыру, ас беру рәсімдерін өткізу, батырдың зиратына құрмет көрсету дәстүрін жалғастыруда.

Ұрпақтары Қарағанды, Ұлытау облыстарының Қарқаралы, Шет, Ақтоғай, Егіндібұлақ аудандарында тұрады. Сеңкібай Оразғұлұлының ұрпақтары арасында қазақтың көрнекті тұлғалары өсіп шыққаны белгілі. Батыр бидің тікелей ұрпағы санатына Алаш қозғалысының қайраткері, тұңғыш қазақ профессор-математигі Әлімхан Ермеков пен қазақтың көрнекті ақыны Қасым Аманжолов бар. Бұл дәстүрдің елге қызмет ету, білім мен руханиятқа үлес қосу арқылы жалғасқанын көрсетеді.

Сеңкібай батырдың ерліктері мен қоғамдық қызметін зерттеп, есімін ұлықтауға, тарихи мұрасын насихаттауға елеулі үлес қосқан батырдың бесінші ұрпақтары Хәкім Зәкішевке, Төлеутай Шахарбаевқа, Қалкен Мәкенбайұлына, батырдың алтыншы ұрпақтары ол кісінің өмірін зерттеуші, кесененің шырақшысы Әлиманов Жұмажан Нұртайұлына, батырдың сауытын сақтап, ұстап отырған Зәкішев Хәкімұлы Ерланға, Талды ауылы әкімдігінің басшылары Алтын мен Динараға және ауылдың ақсақалдары Рахметолла Сарбасов пен Мусин Асылбекке, сондай-ақ осы игі іске қолдау көрсетіп жүрген Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас директоры, ҚР ҰҒА академигі, профессор З.Е.Қабылдиновке шынайы алғысымызды білдіреміз.

Сеңкібай Оразғұлұлының ерліктерін ескере отырып, батыр әрі шешен әрі би, халқының қамқоршысы, елінің қорғаны болған Сеңкібай батырды Қазақ барлауының негізін салушы тұлғалардың бірі ретінде танып, Барлау қызметінің тарихы бүгінгі күнде белгілі болған деректерге сәйкес 300 жыл бұрын бастау алған деп тұжырым жасауға болады.

Сондықтан болашақта жастарды отансүйгіштік рухында тәрбиелеу мақсатында Сеңкібай батырды алдыңғы қатарға қойып, даңқын көтеріп, оның өмірі мен мемлекеттік қызметін ғылыми тұрғыдан кешенді зерттеу жұмыстарын жалғастырып жүргізе беру керек деп ойлаймыз. Келешекте жас ғалымдарға батырдың өмір тарихы мен қызметіне арналған ғылыми тақырыптарды бекіту орынды болар еді. Қазақ мемлекеттілігі жолында күрес жүргізген қазақтың ержүрек батыры, Бөгенбай батырдың сенімді сардары әрі кеңесшісі болған Сеңкібай батырдың есімі лайықты тұғырдан орын алуы тиіс деп санаймыз.

Өміртай БІТІМОВ,
ҚР ҰҚК барлау қызметінің бұрынғы директоры, генерал-майор

ЖАСТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛДЫ

Бүгінгі ауқымды өзгерістер кезеңінде еліміз алдында тұрған тарихи міндеттерді табысты іске асыру үшін заңдарды жетілдіру, саяси институттарды нығайту жеткіліксіз. Мемлекет басшысы 28 қазанда жариялаған «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей, ең алдымен, сана жаңғыруға тиіс. Еліміз орнықты дамуы үшін қоғамда жаңа этика орнығуы қажет. «Адал азамат» идеологиясы өміріміздің ажырамас бөлігіне айналуы керек, яғни «Заң мен тәртіп» қағидатына бағына отырып, ел игілігі үшін адал еңбек ету арқылы алға қойған мақсаттарымызға қол жеткіземіз.



Осы тұрғыдан алғанда, күні ертең еңбек нарығына қатысып, еліміз алдында тұрған іргелі міндеттерді жүзеге асыруға кірісетін қыз-жігіттеріміздің бойында отаншылдық, заңды құрметтеу, тәртіпке бағыну сынды таным, түсініктің жастайынан қалыптасуы маңызды. Бұл орайдағы құндылықтар негізі тәрбие бесігі – отбасында қалыптасады десек, сол жеткіншек отбасынан бойына сіңірген негіздер одан әрі әлеуметтік ортада, яғни балабақша, мектеп, оқу орны, еңбек ұжымында көктеп, көріктене түспек. Бұл еліміздің ертеңі – ұрпақ тәрбиесіне деген ортақ жауапкершіліктің жемісі, ұлтқа қызмет етудің өнегесі.

Ұрпақ тәрбиесіне жанашырлықпен басталған істің нәтижесі қашанда жемісті болмақ. Осы орайда жоғары және орта арнаулы білім ордалары көптеп шоғырланған Қарағанды облысында студент-жастар арасында заң талаптары мен тәртіп, жауапкершілік, қоғамдық ортадағы мінез-құлық және бүгінгі таңдағы өзге де өзекті мәселелерге қатысты түсіндіру, тәрбие жұмыстарына баса назар аударылып келеді. Солардың қатарында қаладағы оқу орындарында білім алатын 15 мың студенттің қатысуымен өткен «Жастар – заң мен тәртіптің тірегі» форумын атап өтуге болады. Бұл айтулы жиын жастардың құқықтық мәдениетін арттыруға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және қабылдайтын шешімдеріне жауапкершілікпен қарау дағдысын қалыптастыруға бағытталды.

Форумға қатысушы жастарға есірткі саудасынан, интернет-алаяқтықтан және дропперліктен ақша таппақ болып, алданып қылмыстық жауапкершілікке тартылған өз құрдастарының нақты оқиғалары көрсетілді. Соңғы бес жылда Қазақстанда осындай қылмыстар жасағаны үшін 21 жасқа толмаған 800 адам сотталған. Осыған орай қабылдаған шешімдері үшін әркімнің өзі жауап беретіні, жеке жауапкершілік мәселесі форумда талқыланған басты тақырыптың бірі болды. Сонымен қатар студенттерге құқықтық сауаттылықты арттыру, есірткі қылмыстарының, алаяқтық пен киберқылмыстың алдын алу мәселелері түсіндірілді.

Жиын мінберінен сөз алған Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жастардың құқықтық санасын қалыптастырудың маңыздылығына тоқталды.

– Бүгінде жастардың көзқарасы мен мінез-құлқының қалыптасуына цифрлық орта, әсіресе әлеуметтік желілер барған сайын көбірек ықпал етіп келеді. Бұған жасөспірімдер айрықша бейім. Тез ақша табуға деген ұмтылыс кейде оларды өрескел қателіктерге, тіпті қылмысқа дейін жетелейді. Сондықтан Мемлекет басшысы атап өткендей, біздің міндетіміз – жас ұрпақпен жауапкершілік, адалдық және заңды құрметтеу туралы олар түсінетін тілде әрі заманауи форматта сөйлесу, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.



Соңғы уақытта қылмыстың интернет кеңістігіне барған сайын белсенді түрде ауысып отырғаны туралы облыс прокуроры Мұрат Тілеубердиев те айтты. Құқық қорғау органдарына мұндай қылмыстармен күресудің жаңа тәсілдерін меңгеріп, жұмыс әдістерін жетілдіруге тура келеді. Ал жас мамандар бұл іске тың идеялар мен жаңа көзқарас әкеле алады.

– Қылмыстық орта ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін өз мақсатына пайдаланып отыр. Алаяқтық жасау, есірткі сату сияқты қылмыстар интернет кеңістігіне ауысты. Құқық қорғау органдары өз жұмысын қайта қарап, қылмыстарды ашудың жаңа әдістерін әзірлеп жатыр. Бұл ретте тың көзқарас пен жаңашыл тәсілдің маңызы орасан. Шығармашылық ойлау, зеректік, жаңа шешімдер таба білу – жастарға тән қасиеттер. Сондықтан сіздерге артылар үміт зор, – деді Мұрат Тілеубердиев.

Қарағандыда білім алушы жастардың басын қосқан бұл жиында тек тыйым мен жаза туралы ғана сөз болған жоқ. Форум қатысушыларына жастардың түрлі дағдыларын дамытуға, жұмыс іздеуге және өз бастамаларын жүзеге асыруға көмектесетін «NextUrpaq, Jas Fund» және «Өзіңнен баста» жобалары таныстырылды.

– Мұндай форумдар қажет, өйткені олар жастар мен билік өкілдері арасында тікелей диалог орнатуға мүмкіндік береді. Біз үшін бір-бірімізді тыңдау ғана емес, жастардың пікірі, шын мәнінде, маңызды екенін түсіну де қажет. Біз – еліміздің болашағын қалыптастыратын келесі ұрпақпыз. Сондықтан жауапты шешім қабылдауды бүгіннен бастап үйренуіміз керек. Жастармен заң, тәртіп және жауапкершілік туралы сөйлесу аса маңызды. Заң біз оны өзіміз құрметтеп, сақтаған кезде ғана толыққанды жұмыс істейді, – дейді Қарағанды медицина университетінің студенті Шапағат Құрманғазықызы.

«Жастар – заң мен тәртіптің тірегі» атты форум аясында Қарағанды ұлттық университетінің заң факультетінде болашақ прокурор аудиториясы ашылды. Мұнда «Прокурорлық қадағалау» пәні бойынша сабақтар прокуратураның қазіргі қызметкерлерінің қатысуымен өтеді.

Ашық әрі интерактивті форматта ұйымдастырылған форумда студенттер түрлі ойындарға, ашық пікірталастар мен панельдік кездесулерге қатысып, сарапшыларға сұрақ қойды, нақты жағдайларды талқылап, өз шешімдерін ұсынды.

«Заң және тәртіп» тұжырымдамасын ілгерілету аясында өткізілген форум барысында қоғамдық өмірге белсенді араласқаны, азаматтық ұстанымы, заң мен тәртіп қағидаттарын құрметтегені үшін бірқатар жасқа облыс әкімі мен прокурорының алғыс хаттары табысталды.

Сондай-ақ балаларын лайықты тәрбиелеп, елдің жауапты азаматтарын қалыптастыруға үлес қосқан ата-аналарға да алғыс білдірді.

Өз тілшімізден

№44 жұма 6 қараша, 2026 жыл

АРҚА ТӨСІНДЕГІ ТАРИХЫ

Адамзат баласы сахна өнерін 500 жылдан астам уақыттан бері тамашалап келеді. Ал қазақ театр өнері бастауын алғаннан бері бір ғасырдың шамасы. Тарихқа жүгінсек, қазақтың тұңғыш кәсіпқой өнер ұжымы қазіргі Мұхтар Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театры 1926 жылы сол тұстағы астана – Қызылорда қаласында шаңырақ көтеріпті.



Содан аз уақыт өткенде, 1932 жылдың көктемінде Қарағандыдағы қазақ драма театры өзінің шымылдығын ашты. Бұл ұлт тарихындағы ауыр жылдар болатын. Сол тұста Арқа төсінде енді ашылып жатқан кенді өлкені жаңғыртып, өндірісті өркендетуге жан-жақтан түрлі ұлт өкілдерінің мыңдаған жастары ағылып келе бастаған. Олар жұмыстан бос уақыттарын ойын-сауық, думанға айналдыратын. Солардың ішінде шахта жұмысшылары Зейнел Көшкімбаев, ағайынды Нұрмағамбет, Торжа Жабаевтар, Бүкшебай Шалов пен өнерлі қыздар Рахия Жылқыбаева, Жәмила Шашкиналар да бар еді. Қала халқын рухани қуанышқа бөлеп жүрген өнерге жақын талантты да белсенді жастар өздерінің ұлттық драма театрының іргесін қалағандарын сол кезде сезбеген еді. Сөйтіп, 1932 жылдың қоңыр күзінде шағын үйірме Жұмысшы жастар театры болып құрылды.

Тәжірибесі кем болғанмен талабы таудай ұжым екі жылдан соң қалалық театр болып қайта құрылды. Осы жылдар аралығында театр Сырлыбай Жүнісов, Мүлік Сүртібаев, Әйкен Мұсабекова, Рахия Қойшыбаева сынды тұнып тұрған тума таланттармен толықты. Бұл кісілер жылдар өте келе қазақ театр өнерінде ізі қалған, аты алтын әріппен жазылған, ұлт мақтанышына айналған тұлғалар еді.

1936 жыл Қалалық жастар театры ұжымы үшін өте қуанышты жыл болды. Жас ұжым Қарағанды облысының құрылуына байланысты облыстық қазақ драма театры болып аталды. Осы жылы кеншілер қаласы өздерінің сүйікті өнерпаздарын Мәскеу қаласында өткізілген Қазақстан өнері мен әдебиетінің алғашқы онкүндігіне шығарып салды.

Осыдан былай театрдың шығармашылық коллективі де едәуір қалыптасып, кәсіби театр дәрежесіне қарай бағыт алады. Сол жылдары-ақ көлемді қойылымдарды көрсету игеріле бастайды. «Амангелді», «Еңлік-Кебек», «Ер Тарғын» секілді көптеген спектакльдер көпшіліктің құмарта тамашалайтын шығармаларына айналады. Қазақтың біртуар ұлы, жерлес ақын «Доскей Әлімбаев атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театры» деген атқа ие болған театр ұжымы 1939 жылы ескі қаладағы арнайы салынған, ел арасында Каздрамтеатр аталған жаңа ғимаратқа қоныс аударады. Жаңа театр үйі өнер десе ішкен асын жерге қойған қала қазақтарына жиырма жылға жуық уақыт бойы рухани, мәдени орталық ретінде қызмет етті. Жалпақ жұртты өзіне магниттей тартқан сиқырлы күш –актерлердің жан аямас еңбекпен дамып, өз шеберліктерін шыңдай түсуі, сондай-ақ репертуар кеңейіп, пластикалық шығармалар қойыла бастауы болатын.

Ұлы отан соғысы жылдарында театр өз жұмысын жаңаша жасауға тура келді. Өнер додасында енді таныла бастаған бір топ актер Отан қорғауға аттанса, елде қалғандары халыққа рухани жігер беріп, жеңіске деген сенімдерін арттырды. Патриоттық сезім сыйлайтын, Отан қорғау, тарихи тақырыптағы шығармаларды сахналады. Сондай-ақ майдандық концерт бригадаларының құрамында, екінші беларусь майданының ұрыс даласында жауынгерлер алдында өнер көрсетті. Театр ұжымының Ұлы отан соғысы жылдарындағы еңбегі бағаланып, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының жарлығы бойынша 8 артиске Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі атағы берілді.

1950 – 1960 жылдардың ішінде театрға жаңа толқын, жоғары білімді өнер иелері келіп, театр труппасы толыға түсті. Кейін сахна өнеріне сіңірген еңбектері үшін үкімет тарапынан марапатталған Қайнекен Әлімбаева, Ерғали Жүнісбеков, Шәміл Жүсінісов, Рымкеш Омарханова, Әнуар Молдабеков, Қарғаш Сатаев, Әсия Абылаева, Сердеш Қажымұрұлы, Рамазан Баймағамбетов, Кеңес Жұмабеков және т.б. көптеген артистер өнер ордасының абырой-беделін аспандатты.

1964 жылы қоғам және мемлекет қайраткері, ақын-жазушы Сәкен Сейфуллиннің 70 жасқа толуына орай театрға Сәкен есімі берілді.

Жылдар өте келе театрдың өсу жолы қарқын ала түсті. Актерлер өнер биігіне, өнер шыңына ұмтыла түскен сайын абырой да көтеріле берді. Репертуар да молыға түсті. Күні бүгінге дейін 75 жыл бойында театр сахнасында қазақ-орыс классиктерінің ауызға ілінген пьесалары түгелдей сахналанды десек, артық айтқандық емес. Сонымен бірге Шекспир, Мольер, Еврипидтің әлемдік асыл қазынаға айналған шығармалары да көрерменін сан мәрте қуантты, толғантты, толқытты. Театр қабырғасында қойылмай қалған жанр жоқ. Дегенмен өнер санмен емес, сапасымен құнды. Қойылған шығармалардың барлығы да төрт аяғынан тік тұрған дүние демегенмен, оларда сахна шеберлерінің қанша маңдай тері бар десеңізші. Жалпы өнер адамдары театрды көтерсе, театр актерлер атын шығарып, мәртебесін көтерді. Еліміздегі өнер шаңырақтарының ішінде Сәкен театрының алдыңғы шептен көрінуіне, көпке танымал болуына, актерлердің шеберлігін арттырып, өнерін ұштауға өмірін арнаған талантты, тамаша режиссерлердің еңбегі зор. Әр жылдарда еңбек етіп, көрермен көңілінен кетпестей спектакльдер қойған Мұрат Қосыбаев, Зейнолла Жақыпов, Жақып Омаров, Ерсайын Тәпеновтердің еңбегі де ұшан-теңіз.

1970 – 1980 жылдарда Роза-Сейітжан Тәжібаевтар, Қайрат-Бижамал Кемаловтар мен Күлия Қожахметова, Боранбек Ахметов, Қайрат Құдайкелгенов сынды көптеген жас өнер иелерінің келуі театрға жаңа леп әкелді. Осы жылдарда қойылған қойылымдар театр өнерінің алтын қорына енді.

1962, 1975, 1986 жылдары Алматыда өткен есеп беру сапарларында театр биік тұғырдан көрініп, сахна өнеі білгірлерінен жоғары баға алып қайтты. Қол жеткен табыстар үшін ұжым 1982 жылы «Халықтар достығы» орденімен марапатталды.

Арқадағы қара шаңырақ үнемі өсу-өркендеу үстінде болды десек, шындыққа қиянат болар еді. Талай қиындықтар, аумалы-төкпелі заман ұжым басынан да өтті. Әсіресе еліміз әлеуметтік-экономикалық дағдарысқа түскен 1990-жылдары театрда бір ғана спектакль мен сегіз-ақ артист қалған кез де болған. Осы адамдардың Сәкен театрына деген сүйіспеншілігінің арқасында қара шаңырақ құламай, аман сақталып қалды.

1995 жылы Талдықорған театрының белді актері Әлімбек Оразбековтің бас режиссер болып келуімен театр тасы өрге домалай бастады. Алматы театр көркем өнер институтының бір топ түлектері – Бекмұхамет Киекбаев, Айбек Қырықбаев, Дунай Еспаев, Ботагөз Оспанова, Баян Аукешова сынды талантты, көрермен көзайымы болып үлгерген жастармен толыққан ұжым театр фестивальдерінің алдын бермейтін салиқалы ұжымға айналды. Еліміз бойынша өткізілген 11 фестивальдің тоғызында лауреат атанып, түрлі дәрежедегі жүлделер қарағандылықтардың қанжығасына байланды. Еселі еңбек, шығармашылық табыстар өнер ордасының атақ-даңқын асқақтатып, көрермен қошеметіне бөлеп келе жатыр. Қазіргі Сәкен театры – жазушы Шерхан Мұртаза сөзімен айтқанда, «Бүгінгі таңдағы қазақ театрларының арасындағы аса дарынды ұжымдардың бірі».

2007 жылы театр ұжымы Беларусь мемлекетінің астанасы Минск қаласында, сондай-ақ 2009 жылы Түркияның Трабзон қаласында өткен Халықаралық театрлар фестивалінде Шерхан Мұртазаның «Домалақ ана» спектаклімен бақ сынап, сарапшылардың жоғары бағасын алды.

2008 жыл, желтоқсан айының 8 жұлдызы Сәкен театры үшін тарихи күн болды. Іргесі қаланғанына 76 жыл толғанда барып қазақ театры өз ғимаратына ие болған атаулы күнде 40 жылдан астам уақыт бір ғимаратта, бір сахнаны кезектесіп пайдаланған қоңсылық күйден құтылды. Жеке ғимаратына қол жеткізгеннен-ақ көрерменін қуантуға асыққан Сәкен театры жұртшылық назарына Қазақстанның халық артисі, профессор Есмұхан Обаевтың режиссерлігімен Мұхтар Әуезовтің «Айман-Шолпан» музыкалық комедиясын ұсынды. Артистер жұдырықтай жұмылып, бір деммен жаңа сахнада бар сән-салтанатымен ойнап шықты.

2009 жылы Қарағандыда Біржан сал Қожағұлұлының 175 жылдығына арналған Қазақстан театрларының XVII республикалық фестивалі өтті. Қарағанды қазақ театрының жаңа ғимаратындағы театр мерекесіне қатысуға еліміздің әр түкпірінен 15 өнер ұжымы келді.

2010 жылы театр Египет, Араб республикасы, Каир қаласындағы XXIII халықаралық эксперименталды театрлар фестиваліне Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» шығармасы бойынша қойылған «Мәңгүрттер» спектаклімен додаға түсіп, халықаралық сертификатты еншілеп қайтты.

2011 жылы Украинада өткен «Театр. Чехов. Ялта» фестиваліне қатысып, «За яркое воплощение легенды и мифа» номинациясында үздік атанды. Бұл театрдың тұңғыш халықаралық деңгейдегі өнер жарысында жүлдегер атануы болатын.

2012 жылдың мамыр айында Сәкен театрының құрылғанына 80 жыл толуына арналып эксперименталды спектакльдердің «Ізденіс іздерімен» аймақтық фестивалі өтіп, театрдың мерейтойы тойланды.

2013 жылы Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласында өткен «Монокль» моноспектакльдер фестивалінде Уильям Шекспирдің «Ричард III» моноспектаклімен бақ сынады. Сонымен қатар театр ұжымы Ақтөбе қаласында өткен Тахауи Ахтановтың

ТЕРЕҢ ӨНЕР ОРДАСЫ

90 жылдығына арналған XXI республикалық драма театрлар фестиваліне «Қыз Жібек» спектаклімен қатысты. Осы жылы ЮНЕСКО-ның ұйымдастыруымен Францияның астанасы Парижде және Страсбург қаласында ТҮРКСОЙ-дың 20 жылдығына және Узеир Гаджибековтің «Аршин мал алан» опереттасының 100 жылдығына орай өткен мерекелік шараға Қазақстан Республикасының атынан Сәкен театрының ұжымы өнер көрсетті.

Сербияда өткен «Славия – 2013» халықаралық фестивалінде Сәкен театры фестиваль шымылдығын «Қарагөз» трагедиясымен ашу құрметіне ие болып, «Кіші Дон Кихот» естелік марапатын иеленді.

2014 жылы Тараз қаласындағы «Тұңғышбай әл-Тарази Таразға шақырады» I халықаралық театрлар фестиваліне Уильям Шекспирдің «Король Лир» қойылымын апарып, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Кеңес Жұмабеков «Актер өнеріне қосқан үлесі үшін» номинациясын жеңіп алды.

Сондай-ақ Түркия Республикасының Кония қаласында өктен «Мың тыныс, бір үн» халықаралық театрлар фестивалінде Сәкен театры «Келеміз. Кетеміз. Өлеміз. Өтеміз» қойылымымен қатысып, үздік он театрдың қатарына кірді.

Жүсіпбек Аймауытовтың 125 жылдығына арналған «Алаштың ардақтысы» аймақтық театрлар фестивалінде «Ай тұтылған түн» спектаклімен бақ сынаған театр ұжымы «Эпикалық ауқым» номинациясы бойынша дипломға ие болды.

2015 жылы театр ұжымы Мұхтар Әуезовтің «Қарагөз» трагедиясымен Татарстанда өткен Карим Тенчурин атындағы ұлттық драматургияның VII халықаралық фестивалінде лауреат атанса, Түркияның Трабзон қаласында өткен XVI халықаралық «Қара теңіз жағалауында» фестивлінде арнайы марапатаға ие болды.

2016 жылы бауырлас қалалар «Қарағанды мен Ескишехир арасындағы ынтымақтастық» келісімінің аясында қазақ күйінің құдіреті – Тәттімбеттің 200 жылдық мерейтойына орай Түркияның Ескишехир, Анкара, Амасия және Болу қалаларында ТҮРКСОЙ ұйымының ұйымдастыруымен құрамында алпысқа жуық музыканттар мен театр артистері бар Қазақ делегациясы өз өнерлерін көрсетті.

2017 жылы «Адасқандар» спектаклімен театр ұжымы Жезқазған қаласында өткен Жанат Хаджиев атындағы республика театрларының аймақтық тұңғыш фестиваліне қатысып, «Көрермен көзайымы» марапатын еншіледі.

«Гамлет-тәпі» спектаклімен Бүкілресейлік Поволжье, Урал халықтарының Буйнск драма театрының 100 жылдығына арналған фестивалінде, сонымен қатар Македония мемлекетіндегі V халықаралық Шекспир фестивалінде, Түркияның Кония қаласындағы «Мың тыныс, бір үн» халықаралық театрлар фестивалінде өнер көрсетіп, жүлделі орын алды және 2017 жылдың қарашасында Сәкен театрының 85 жылдық мерейтойы атап өтілді.

2018 жылы Сәкен театры Румыния еліндегі Тырговиште қаласында өткен Badel халықаралық театрлар фестиваліне қатысып, әр елден келген 26 театрдың ішіндегі үздік деген 5 театрдың қатарынан орын алды. Жеті күнге жалғасқан өнер бәйгесінде сәкендіктер Шекспирдің «Гамлетін» көрсетті.

2019 жылы Қазақстан Үкіметінің 25 қазандағы қаулысымен Сәкен Сейфуллин театрына «Академиялық» театр мәртебесі берілді.

2021 жылы алты құрлықты алаңдатқан пандемиядан кейін театр ұжымы алғаш Шахмет Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ музыкалық драма театрының ұйымдастыруымен өткен III аймақтық театрлар фестиваліне «Күйеуіңізді сатыңызшы» комедиясымен қатысып, «Ең үздік сценография» аталымы бойынша жүлдеге ие болды.

2021 жылдың қазанында Сәкен театрының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған көрнекті театр сыншысы, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Әшірбек Сығай атындағы республикалық фестивалі өтті.

2022 жылы аңыз актриса Шолпан Жандарбекованың 100 жылдығына арналған Қазақстан драма театрларының XXVIII республикалық фестиваліне Сәкен театры «Текебұрқақ» қойылымымен қатысып, «Үздік режиссер» аталымында жеңімпаз деп танылды.

Сәкен театры бұдан соң Батыс Қазақстан облысының Орал қаласында өткен Қазақстан театрларының 1-республикалық моноспектакльдер фестиваліне «Қауіпті будан» қойылымымен қатысты.

2023 жылы театрымыз үшін кезекті айтулы жаңалық орын алды. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясын тамамдаған бір топ студенттермен театрымыздың іргесінен Қуыршақ труппасы құрылды.

Талдықорған қаласында өткен Бикен Римованың 100 жылдығына арналған «BIKEN I» халықаралық театрлар фестивалінде, сондай-ақ Петропавл қаласында өткен Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған республикалық театрлар фестивалінде театр ұжымы «Атаукере» драмасымен қатысып, «Үздік режиссер» және «Үздік сценография» номинациясына ие болды.

2023 жылы қазан айының 20 – 25 күндері аралығында Алматы қаласында өткен «Almaty Puppet Festival» I халықаралық театрлар фестиваліне Қуыршақ труппасы «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісімен қатысып, «Үздік сахналық костюм» жүлдесіне ие болды.

2024 жылы Башқұртстанның астанасы Уфа қаласында өткен «Туғанлық» ұлттық театрлардың VIII халықаралық фестиваліне «Қарагөз» трагедиясымен қатысып, театр қоржыны екі бірдей марапатпен толықты.

Сондай-ақ Көкшетау қаласында өткен Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы-драматург Сәкен сері Жүнісовтің 90 жылдық меретойына орай өткізілген «Сәлем» II халықаралық комедиялық қойылымдар фестиваліне «Үйлену» комедиясымен қатысып, «Үздік актерлік ансамбль» номинациясына ие болды.

2024 жылы Жүсіпбек Аймауытов атындағы Павлодар облыстық қазақ музыка-драма театрында өткен «Ертіс-Баян» I республикалық театрлар фестивалінде «Қарагөз» спектаклімен қатысып, «Үздік сценографиялық шешім» номинациясына ие болды.

Сербия Республикасының, Крагуевац қаласында өткен «Joakimfest» XIX халықаралық театрлар фестивалінде О.Бөкейдің «Атаукере» спектаклімен өнер көрсетіп, «Үздік актерлік ансамбль» номинациясына ие болды.

2024 жылдың 20 – 25 қазан күндері аралығында Алматы қаласында өткен «Almaty Puppet Festival» I халықаралық театрлар фестивалінде Қуыршақ труппасы шығыс халық ертегісі «Али Баба және 40 қарақшы» ертегісімен өнер көрсетті.

Театр ұжымы Түркияның Адана қаласында өткен 2025 жылғы «24 Адана» халықаралық театрлар фестивалінде «Текебұрқақ» қойылымымен өнер көрсетті.

Арқа төсіндегі өнер ордасының жарқын жетістіктері жалғасып келеді. Ұжымдық өнердің өрісін кеңейтіп, өркендете отырып, ғасырлық ғұмырына қарай нық қадам басқан Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театры ұлттық сахнаны мазмұнды да мағыналы шығармаларымен көркейте береріне кәміл сенеміз!

Қарағанды

ДҮНИЕ-ҒАЙЫП

Гүлзада НИЕТҚАЛИЕВА



Белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Гүлзада Ниетқалиева 61 жасқа қарағаң шағында дүниеден озды.

1966 жылы 1 маусымда Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Көптоғай ауылында туған. Гурьев педагогика институты тарих факультетінің түлегі. Филология ғылымдарының кандидаты. 1987–2000 жылдары Атырау облысы Құрманғазы аудандық оқу бөліміне қарасты аудан мектептерінде ұстаздық қызмет жасады. 2000–2005 жылдар аралығында Атырау облыстық телевизиясында аға редактор, 2005–2007 жылдары «Ақ Жайық» апталық газетінде аға редактор, облыстық «Қайсар» құқық қорғау органдарының газетінде бас редактор қызметін атқарды. Атырау облыстық «Атырау» қоғамдық-саяси газетінде мәдениет, білім, денсаулық бөлімі меңгерушісі болып қызмет етті. «Ақбота күнді аңсаумен», «Айдың сүттей сәулесі», «Қарлығашы Қиаштың», «Ардақтым», «Жүректегі жанартау», «Хазар қасидалары», «Аллажар» жыр-жинақтарының, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты ақын Есенғали Раушановтың шығармашылығы туралы «Тұма жырдың тұнығы» және жазушы-драматург Рахымжан Отарбаевтың шығармашылығы жайында жазылған «Дара», «Жалғыз атты жолаушы» монографиялық кітаптарының авторы. «Жүректегі иман гүлі» атты Жаратқанға мінәжат дастаны 2017 жылы Ұлыбританияда жарық көрген.

2003 жылы ЮНЕСКО көлемінде тойланған Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығы аясында Атырау облыстық телерадио компаниясында тележурналист болып қызмет ете жүріп, «Махамбет-200» телехабарлар сериясын жүргізді және «Қарой қасіреті» дастанын жазды. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері.

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы белгілі жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Талғат Айтбайұлына ағасы

Қуанышбек АЙТБАЙҰЛЫНЫҢ

дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ ҚАПЕРДЕ ЖҮРСІН

Елордалық құтқарушылар жылыту маусымында қала тұрғындарына көміртегі тотығы мен табиғи газ датчиктерін, сондай-ақ түтін хабарлағыштарын орнатудың және оларды дұрыс пайдаланудың маңызын еске салады. Бұл құрылғылар газдың таралуын, көміртегі тотығының қауіпті деңгейге жеткенін және өрт кезінде түтіннің пайда болғанын дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді.



Мамандар құрылғылардың жұмысын жүйелі түрде тексеріп, батареяларының жарамдылығын бақылауды және қажет болған жағдайда уақтылы ауыстыру керек екенін айтты. Сонымен қатар өрт және газ қауіпсіздігі талаптарын сақтап, желдету жүйесі мен газ жабдықтарының дұрыс жұмыс істеуін қадағалау қажет.

Газ датчигі іске қосылған жағдайда үй-жайдан дереу шығып, электр құрылғыларын қосуға және ашық отты пайдалануға тыйым салынады. Оқиға туралы қауіпсіз жерге шыққаннан кейін 104 немесе 112 нөміріне, өрт шыққан жағдайда ғимараттан тез арада эвакуацияланып, 101 немесе 112 нөміріне қоңырау шалған жөн.

Құтқарушылардың айтуынша, жарамды газ датчиктері мен түтін хабарлағыштары тұрғындардың өмірі мен денсаулығын қорғауға, сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алуға көмектеседі.

ЖАСТАРҒА КЕҢЕС БЕРІЛДІ



Елордадағы «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы NEET санатындағы жастарға арналған кеңес беру бойынша кездесу өткізді. Іс-шара оқу оқымайтын және жұмыс істемейтін жастарды қоғамға бейімдеуге бағытталған «Астана Жас Жігер» жобасы аясында ұйымдастырылды.

Кездесудің мақсаты – жастарға жұмыс табу, білім алу және кәсіби дағдыларын дамыту жолдарын түсіндіру. Сондай-ақ оларға болашақ мамандығы мен карьера бағытын таңдауға көмектесу.

«Осыған дейін мұндай кездесулерді колледждер мен училищелерде өткізген едік. Бұл жолы «Астаналық базар» сауда орталығында ұйымдастырдық. Мұнда NEET санатындағы жастар көп. Олардың арасында базардағы сатушылар, курьерлер мен такси жүргізушілері бар. Кездесуге келгендер заңгерден, психологтан және «Joltap» өкілінен жеке кеңес ала алады. Сонымен қатар сұранысқа ие мамандықтарды меңгеру үшін қосымша білім алу және жұмыс іздеу жолдары туралы ақпарат беріледі», – дейді «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы бөлімінің басшысы Дәуіржан Жұмахан.



30 қазанда Астана қаласындағы Достық үйінде «Бірлік көпірі» мәдени-ағартушылық жобасы аясында Менеджмент, бизнес және білім беру колледжінің маркетинг мамандығы бойынша білім алатын студенттеріне таныстыру экскурсиясы ұйымдастырылды.

«БІРЛІК КӨПІРІ»: ДОСТЫҚ ҮЙІМЕН ТАНЫСТЫРУ ЭКСКУРСИЯСЫ



Іс-шараны Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Этносаралық қатынастарды дамыту комитетіне қарасты «Қоғамдық келісім» РММ және Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ ұйымдастырды.

Экскурсияда студенттер елордалық Достық үйінің қызметімен танысып, этно-мәдени бірлестіктердің жұмысы туралы ақпарат алды және олардың өкілдерімен пікір алмасты. Кездесу барысында «Қазақстан қырғыздарының этно-мәдени бірлестігі» ЗТБ төрағасы Шавкат Исмаилов, «ВАН» армян этномәдени бірлестігінің төрағасы Саак Салумян және Астана қаласының «Пойтахт» өзбек этно-мәдени бірлестігі ҚБ мүшесі Ихтиера Ходжаева



өз халықтарының ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігінің ерекшеліктері туралы әңгімеледі. Студенттер көкейіндегі сұрақтарын қойып, Қазақстанның мәдени әралуандығы туралы кеңірек мағлұмат алды. Достық үйі – этно-мәдени бірлестіктердің, қоғамдық құрылымдар мен Елорда тұрғындарының өзара байланысы мен ынтымақтастығын нығайтуға арналған маңызды алаң. Осындай кездесулер жастардың таным көкжиегін кеңейтіп, түрлі мәдениеттерге құрметпен қарауға, өзара түсіністік пен қоғамдық келісім құндылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ – ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

Индекс 65353

Редакторлар кеңесінің төрағасы
Мереке ҚҰЛКЕНОВ

Бас редактор
Бауыржан ЖАҚЫП

Бас редактордың орынбасары
Қали СӘРСЕНБАЙ

Редакция алқасының мүшелері:
АЙТҚОЖИНА Марфуға, АЙЫМБЕТОВ Мәди, АСАНОВ Қайырбек, ӘБДІКҰЛЫ Төлен, БАҚТЫГЕРЕЕВА Ақұштап, ЕЛУБАЙ Смағұл, ИРАН-ҒАЙЫП, КӨПІШ Әшірбек, ҚАБЫШҰЛЫ Ғаббас, ҚАНАЗ Молдахмет, ҚОШЫМ-НОҒАЙ Байбота, НҰРЖЕКЕ Бексұлтан, НҰРМАҒАНБЕТОВ Тынымбай, ОРАЗАЛИН Нұрлан, СЕГІЗБАЕВ Кәдірбек, СЕЙСЕНБАЕВ Роллан, СМАТАЕВ Софы, ЫСҚАҚБАЙ Марал

Жауапты хатшы
Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ

Әдебиет бөлімі:
Жүніс ОМАР

Мәдениет және руханият бөлімі:
Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА

Әлеумет, тарих бөлімі:
Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ

Компьютер орталығының жетекшісі
Данияр ҚАБА

Терімші
Рысқұл ЖҰМАБАЕВА

Корректор:
Айнаш ӘЛДИБЕК

Меншікті тілшілер:

Астана қаласы, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Ұлытау облыстары

Айтбай СӘУЛЕБЕК
Алматы облысы
Ержан ТОҚТАРҰЛЫ
Абай облысы
Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ
Ақтөбе облысы
Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ
Атырау облысы
Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА
Батыс Қазақстан облысы
Бауыржан ҒҰБАЙДУЛЛИН
Жамбыл облысы
Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ
Жетісу облысы
Жангелді НЕМЕРЕБАЙ
Қызылорда облысы
Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА
Маңғыстау облысы
Сағындық РЗАХМЕТ
Павлодар облысы
Серік ЕЛІКБАЙ
Түркістан облысы
Айдар СЕЙДӘЗІМ
Шығыс Қазақстан облысы
Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ
Шымкент қаласы
Момбек ӘБДӘКІМҰЛЫ

Кезекші: Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ

РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:
8 (727) 272-88-17
e-mail:
kazakh_adebiety25@mail.ru
Мекенжайымыз:
050009. Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 105-үй. 3-қабат.

Таралымы 15 000. Тапсырыс 895

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер ғаламтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды.
Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г куәлігі берілген.
Газет «Алматы– Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223 «В» . Офсеттік басылым.
Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.